In 985, Shams-ad-din Abu Abdallah Muhammad al-Maqdisi traveled extensively throughout the Muslim countries of the East and created a comprehensive and systematic account of these regions. In his work “Ahsan at-takasim fi ma’rifat al-akalim”, al-Maqdisi describes Jurjaniya as the principal city of the Khorasan region, situated on the banks of the Jeyhun River, with its edges being washed by the water. Efforts were made to block the river with boards and logs, causing the water to

shift eastward. The river's flow reaches the village of Barategin, then turns toward the desert, exiting on one side. Canals were constructed to bring water to the city gates, but they do not enter the city itself due to the abundance and constant rise of the water. Near the gate of al-Hajjaj stands a fortress built by al-Mamun, featuring a remarkable gate unmatched elsewhere in Khorasan. In front of it, al-Mamun's son Ali built another fortress, with a square resembling Bukhara's, where sheep were traded. The city had four gates, and the area of Urgench was known for its bustling trade in imported livestock [11, 187-188].

Al-Maqdisi's precise topographical information and detailed architectural descriptions provide invaluable material for the archaeological study of the city Konurgenishin. In the "Story of Events in Khorezm" section of his work "Tarikh-i-Jehangusha", Juveyni notes that the original name of the region was Jurjaniya, while its rulers referred to it as Urgench. He highlights that Khorezm was once the capital of world sultans and renowned leaders of humanity [11, 486], underscoring Urgench's status as a center of science and education at the time. It is also important to mention that the "Academy of Mamun" was established in Gurganj, led by world-renowned scholars such as Ibn Sina and al-Beruni [15, 117]. Professor Sh.S. Kamolladinov's book discusses al-Beruni's relocation to Jurjan, his production of unparalleled works there, and the community of scholars surrounding him [9, 26].

On the eve of the Mongol destruction of Ancient Urgench, Yakut al-Hamawi wrote in his work "Kitae mu'jam al-buldan" that Jurjan was a beautiful and famous city situated on a large river, at the intersection of plains, mountains, and both continental and maritime regions. Located between Tabaristan and Khorasan, its founder is believed to be Yazid ibn al-Muhallab ibn Abu Sufra. The city produced many writers, scholars, jurists and storytellers, and its history was documented by Hamza ibn Yazid al-Sahmi. Jurjan was known for its olives, palm trees, nuts, pomegranates, sugar cane and lemons. It also produced high-quality silk suitable for dyeing and was rich in large stones. Among its remarkable features were snakes that appeared frightening but were harmless.

The capital of the Khorezm region, Jurjaniya, on the banks of the Jeyhun, was called Gurganj by the Khorezm people in their own language. In Arabic, it was Jurjaniya. In ancient times, the main city of Khorezm was called Fil, and later it began to be called Mansur. He was on the eastern bank of the Jeyhun, captured it and destroyed it. To the west of Gurganj (on the coast) was a small town opposite Mansur. The Khorezm people moved there, built houses and settled there, and Mansur was completely destroyed, so that no trace of it remained. The scholar saw it on the eve of the Mongol invasion and the destruction of the city, and he had not seen a larger, more populous, richer or more beautiful city in terms of location than Gurganj [11, 415].

In chapter 18 "On the Province of Mazanderan" of his work "Nuzhat al-kulub", The medieval Persian historian Hamdallah Qazvini mentions that the province consisted of seven administrative divisions, and the first of them is Jurjan. Jurjan belonged to the fourth region. It was built by the Sultan's grandson Melikshah. The circumference of the fortress was 8000 steps. The inhabitants of the city were mostly skilled craftsmen, blacksmiths, carpenters, etc. Carvers were famous for their ivory and ebony products. There were workshops for the production of natural silk in the city. It was a large, densely populated city on the banks of the Jeyhun. Based on Arabic sources, the 19th century researcher of the history of Khorezm K.E. Zahau concludes that Urva in the Avesta is the later city of Urgench.

Having analyzed Eastern sources, we found that major centers are mentioned in almost all works of this period. For example, among Muslim historians, Ibn al-Athir, al-Juzjani, and an-Nasavi wrote about the Mongol invasion of Khorezm [7, 85-86]. In addition, At-Tabari's "Ta'rih ar-rusul wa-muluk" [11, 86-91], Ibn-Ruste's "Kitae al-a'lak an-nafisa" [11, 150], Ibn Ja'far's "Kitab al-kharaj" [11, 165], al-Mas'udi's "Kitab at-tanbih wa-l-ishraf" [11, 166], Ibn Haukal's "Kitab al-masalik wa-l-mamalik" [11, 181], al-'Utbi's "al-Kitab al-Yamini" [11, 224], Beyhaqi's "Tarikh-i-Beyhaqi" [11, 234], Mirkhonda's "Rauzat al-Safa" [11, 353], al-Sa'alibi's "Yatimat ad-dahr fi mahasin ahl al-'asr" [9, 26], etc. The social, political, and cultural history of Khorezm's cities, including Koneurgenish (Durjani), has been extensively covered, addressing the various battles fought there, the detrimental

effects of uprisings on the region's development, periods of economic decline and recovery, as well as the architecture of caravanserais and fortresses.

To summarize, Turkmen toponyms have a number of variants in Eastern sources that provide a detailed historical description of the origin and evolution of these toponyms as well as Turkmen toponymy in general. Turkmen toponyms, documented in Eastern historical sources, reflect the rich historical evolution and unique characteristics of Turkmen history and culture. They also illustrate how Turkmen heritage forms an integral part of the broader Turkic history and culture, as evidenced by the diverse versions of these place names in different languages.

CONCLUSION

This study examined toponyms relating to the ethnoterritory of the Turkic peoples, which are connected to Turkmenistan and were documented by Eastern scholars. Being limited by the article size, this paper presents only a minor part of the findings that could be included in a single publication. As shown by the example of the Turkmen toponym “Koneurgenish”, the thorough analysis of the historical etymology of ancient toponyms found in Eastern sources helps define the ethnoterritory of the Turkmen people and provides valuable insights into the ancient history and culture of the Turkic peoples, highlighting both unique and shared aspects of the local environment, way of life and historical events. Moreover, our research shows that, in addition to their proven Turkic origin, some place names were influenced by Eastern cultures and languages. The outcomes of this study illustrate the significant level of interaction and interconnectedness between different onomastic systems. From a theoretical perspective, the research is important for its scientific synthesis of the etymology and distinctive features of Turkmen toponymy. From a practical perspective, this study helps compile comprehensive materials on Turkic place names based on Eastern sources, which will be beneficial for future studies in linguistics, etymology, ethnography and language contact. Finally, this investigation is highly valuable as it seeks to document and preserve the historical and cultural significance of ancient Turkic place names that may have been forgotten or changed over time.

INFORMATION ON FINANCING

The article was prepared under the target program project for 2024-2026 ‘BR24993043 Ancient Turkic toponyms in the sources of China and other Eastern countries - one of the foundations of modern Turkic integration: historical-etymological, linguistic vision’, implemented under the grant funding of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

REFERENCES

- 1 Turdibekov, M.T. (2021), “Toponyms as a Cultural Value Heritage”, *International Journal on Integrated Education*, vol. 4, is. 6, pp. 22-24.
- 2 Seidl, N.P. (2019), “Engraved in the Landscape: The Study of Spatial and Temporal Characteristics of Field Names in the Changing Landscape”, *Names*, vol. 67, is. 1, pp. 16-29.
- 3 Hedquist, S.L., Koyiyumpewa, S.B., Whiteley, P.M., Kuwanwisiwma, L.J., Hill, K.C., Ferguson, T.J. (2014), “Recording Toponyms to Document the Endangered Hopi Language”, *American Anthropologist*, vol. 116, is. 2, pp. 324-331.
- 4 Hakala, U., Sjöblom, P., Kantola, S.-P. (2015), “Toponyms as Carriers of Heritage: Implications for Place Branding”, *Journal of Product & Brand Management*, vol. 24, is. 3, pp. 263-275.
- 5 Lanovaya, T.V. (2021), “Units Reflecting the Geographic and Biological Diversity of the Region: Linguoculturological Aspect”, *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences*, vol. 116, pp. 403-411.
- 6 Zamorshchikova, L.S., Khokholova, I.S., Ikonnikova, A.N., Samsonova, M.V., Lebedeva, V.V. (2022), “Toponymic Landscape of Central Yakutia: Etymological Analysis of Geographical Names”, *Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences*, vol. 15, is. 3, pp. 359-370.

- 7 Atanyyazov S. O proishozhdenii nazvaniya Kunja-Urgench [About the origin of the name Kunya-Urgench]. Pamjatniki Turkmenistana [Monuments of Turkmenistan], 2, 1-10, (1980). [in Russian]
- 8 Bartold V.V. Raboty po istoricheskikh geografii [Works on historical geography]. Vol. III. (Moscow, 1965). [in Russian]
- 9 Malyavkin A.G. Tanskіe hroniki o gosudarstvakh Central'noj Azii [Tang Chronicles on the States of Central Asia]. (Moscow, 1989). [in Russian]
- 10 Yakubovsky A.Yu. Razvaliny Urgench [Ruins of Urgench]. GAIMK, YI(II), 73-78, (1930). [in Russian]
- 11 Volin S.L., Romaskevich A.A., Yakubovsky A.Yu. Materialy po istorii turkmen i Turkmenii. T. 1: 7-15 vv.: arabskie i persidskie istochniki [Materials on the history of the Turkmens and Turkmenistan. Vol. 1: 7-15 centuries: Arabic and Persian sources]. (Moscow, 1939). [in Russian]
- 12 Agadzhanov S.G. Ocherki istorii oguzov i turkmen Srednej Azii IX-XIII vv. [Essays on the history of the Oghuz and Turkmens of Central Asia in the 9th-13th centuries]. (Ashkhabad, 1969). [in Russian]
- 13 Kamollidinov Sh.S., Ilkhamov Z.A. Istochniki po srednevekovoj istorii Srednej Azii [Sources on the medieval history of Central Asia]. (Ashkhabad, 2018). [in Russian]
- 14 Vinogradov A.V. Tysjacheletija, pogrebyonnye pustynej [Millennia Buried in the Desert]. (Leningrad, 1966). [in Russian]
- 15 Aydogdyev M. Srednevekovye pis'mennye istochniki o drevnem Urgenche [Medieval written sources about ancient Urgench]. (Ashkhabad, 2000). [in Russian]

Received: 01.07.2025

Ежелгі топонимдердің этимологиясы: шығыстық тарихи дереккөздер негізіндегі зерттеу

Ш.С. Абишева¹, А.А. Демисинова², А. З. Кенбаева³, А.Н. Отарова⁴

¹Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, 130000, Қазақстан

²Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

³М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, 090000, Қазақстан

⁴Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, 130000, Қазақстан

Соңғы жылдары топонимдерді елдің тарихи-мәдени мұрасы ретінде қарастырып, олардың мән-маңызын ғылыми тұрғыда зерделеуге қызығушылық артып келеді. Жер-су атауларының тарихи этимологиясын зерттеу олардың ұлт жадындағы орны мен мәдени болмысын ашып, келешек ұрпаққа жеткізу тұрғысынан аса маңызды, себебі олар халықтың тарихымен біте қайнасқан рухани-мәдени код ретінде танылып отыр. Зерттеудің басты мақсаты – Түрікменстан аумағындағы жер-су атауларының тарихи төркінін зерделеп, оларды көне шығыс дереккөздеріндегі тарихи-мәдени мәліметтер негізінде жүйелеу. Осы орайда «Көнеүргеніш» атауының мысалында Шығыс Азия мен Таяу Шығыс жазба мұраларында көрініс тапқан түрікмен топонимиясының қалыптасу жолы мен тарихи дамуы жан-жақты талданады. Топонимдердің шығу тегі мен тарихи дамуын зерделеу барысында тарихи-салыстырмалы, аналитикалық-интерпретациялық, тарихи-лингвистикалық, функционалды-жүйелік және этимологиялық әдістер кешенді түрде қолданылады. Зерттеу барысында Түрікменстанға қатысты жер-су атауларына байланысты тарихи мәліметтер жүйеленіп ұсынылады. Бұл өз кезегінде олардың атауындағы түркілік негізді айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеудің өзіндік ғылыми жаңалығы – топонимдердің этимологиясы алғаш рет шығыс дереккөздері, атап айтқанда, қытай және араб тарихи жазбалары негізінде жан-жақты талдануы. Аталған деректер географиялық атаулардың түркі тілдерімен тікелей байланысын айқын көрсетеді. Жұмыс нәтижесінде әртүрлі ономастикалық жүйелер арасындағы өзара ықпалдастық пен тарихи сабақтастық нақты

далелдермен ашылып отыр. Зерттеудің теориялық маңызы – түрікмен топонимиясының шығу тәркіні мен өзіндік сипатына қатысты ғылыми тұжырым жасап, оған жалпылама сипат беруінде. Ал практикалық құндылығы – шығыс дереккөздерінен алынған түркілік атаулар жөніндегі мәліметтерді жүйелеп, болашақтағы лингвистикалық, этимологиялық, этнографиялық және тілаларлық байланыстарды зерттеу жұмыстарына маңызды дереккөз ретінде ұсынуында.

Кілт сөздер: топоним, тарихи этимология, Түрікменстан, Таяу Шығыс, Шығыс Азия.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Turdibekov, M.T. (2021), “Toponyms as a Cultural Value Heritage”, International Journal on Integrated Education, vol. 4, is. 6, pp. 22-24.
- 2 Seidl, N.P. (2019), “Engraved in the Landscape: The Study of Spatial and Temporal Characteristics of Field Names in the Changing Landscape”, Names, vol. 67, is. 1, pp. 16-29.
- 3 Hedquist, S.L., Koyiyumpewa, S.B., Whiteley, P.M., Kuwanwisiwma, L.J., Hill, K.C., Ferguson, T.J. (2014), “Recording Toponyms to Document the Endangered Hopi Language”, American Anthropologist, vol. 116, is. 2, pp. 324-331.
- 4 Hakala, U., Sjöblom, P., Kantola, S.-P. (2015), “Toponyms as Carriers of Heritage: Implications for Place Branding”, Journal of Product & Brand Management, vol. 24, is. 3, pp. 263-275.
- 5 Lanovaya, T.V. (2021), “Units Reflecting the Geographic and Biological Diversity of the Region: Linguoculturological Aspect”, European Proceedings of Social and Behavioural Sciences, vol. 116, pp. 403-411.
- 6 Zamorshchikova, L.S., Khokholova, I.S., Ikonnikova, A.N., Samsonova, M.V., Lebedeva, V.V. (2022), “Toponymic Landscape of Central Yakutia: Etymological Analysis of Geographical Names”, Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, vol. 15, is. 3, pp. 359-370.
- 7 Атаниязов С. Көне-Үргеніш атауының шығу тегі туралы // Түрікменстан ескерткіштері. - 1980. - № 2. - 1-10 б.
- 8 Бартольд В.В. Тарихи география бойынша еңбектер. Т. III. – Мәскеу: Наука, 1965. – 713 б.
- 9 Малявкин А.Г. Орталық Азия мемлекеттерінің Тан шежіресі. – Новосибирск: Наука, 1989. – 432 б.
- 10 Якубовский А.Ю. Үргеніш үйінділері // ГАИМК. – 1930. – Т. VI. – II шығарылым. – 73-78 б.
- 11 Волин С.Л., Ромаскевич А.А., Якубовский А.Ю. Түрікмендер мен Түрікменстан тарихы бойынша материалдар. Т. 1: 7-15 ғасырлар: араб және парсы деректері. – Мәскеу: КСРО ҒА баспасы, 1939. – 612 б.
- 12 Агаджанов С.Г. 9-13 ғасырлардағы Орталық Азиядағы оғыздар мен түрікмендердің тарихының очерктері. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 297 б.
- 13 Камолиддинов Ш.С., Илхамов З.А. Орта Азияның ортағасырлық тарихы туралы дереккөздер. – Ташкент, 2018. – 81 б.
- 14 Виноградов А.В. Шөлде көмілген мыңжылдықтар. – Мәскеу: Просвещение, 1966. – 190 б.
- 15 Айдогдыев М. Ежелгі Үргеніш туралы ортағасырлық жазба деректер. – Ашхабад, 2000. – 52 б.

Материал 01.07.2025 баспаға түсті

Исследование этимологии древних топонимов в восточных исторических источниках

Ш.С. Абишева¹, А.А.Демесинова², А.З. Кенбаева³, А.Н. Отарова⁴

¹Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова, Актау, 130000, Казахстан

³Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

³Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, Уральск, 090000, Казахстан

⁴Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова, Актау, 130000, Казахстан

Изучение топонимов как историко-культурного наследия в последнее время приобрело большой исследовательский интерес. Крайне важно проанализировать историческую этимологию топонимов, чтобы донести культурно-историческое значение мест до будущих поколений и понять роль, которую играют географические названия в истории страны. Целью данного исследования является изучение исторического происхождения географических названий, связанных с территорией Туркменистана, и последующая систематизация этих топонимов с основой на исторических и культурных данных, представленных в древних восточных источниках. На примере топонима «Көнеүргеніш» изучаются особенности происхождения и исторического развития туркменской топонимии, описанные в исторических источниках из Восточной Азии и Ближнего Востока. Изучение истории и развития топонимов проводится с использованием ряда исследовательских методов: историко-сравнительного, аналитико-интерпретационного, историко-лингвистического, функционально-системного и этимологического. Данное исследование имеет важное значение, предлагая подробный исторический отчет о топонимах, связанных с Туркменистаном, что позволяет идентифицировать тюркские корни в их наименовании. Оригинальность исследования заключается в его детальном этимологическом анализе, основанном в первую очередь на восточных, в основном китайских и арабских, исторических документах, которые раскрывают прямые связи с тюркскими языками. Результаты исследования демонстрируют заметный уровень взаимодействия и связи между различными ономастическими системами. Теоретическая ценность работы вытекает из ее научного обобщения этимологии и специфических особенностей туркменской топонимии. Что касается практической ценности, это исследование собирает консолидированные материалы по тюркским топонимам, полученным из восточных источников, предоставляя полезный ресурс для будущих исследований в области лингвистики, этимологии, этнографии и изучения языковых контактов.

Ключевые слова: топоним, историческая этимология, Туркменистан, Ближний Восток, Восточная Азия

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Turdibekov, M.T. (2021), "Toponyms as a Cultural Value Heritage", International Journal on Integrated Education, vol. 4, is. 6, pp. 22-24.
- 2 Seidl, N.P. (2019), "Engraved in the Landscape: The Study of Spatial and Temporal Characteristics of Field Names in the Changing Landscape", Names, vol. 67, is. 1, pp. 16-29.
- 3 Hedquist, S.L., Koyiyumpewa, S.B., Whiteley, P.M., Kuwanwisiwma, L.J., Hill, K.C., Ferguson, T.J. (2014), "Recording Toponyms to Document the Endangered Hopi Language", American Anthropologist, vol. 116, is. 2, pp. 324-331.
- 4 Hakala, U., Sjöblom, P., Kantola, S.-P. (2015), "Toponyms as Carriers of Heritage: Implications for Place Branding", Journal of Product & Brand Management, vol. 24, is. 3, pp. 263-275.
- 5 Lanovaya, T.V. (2021), "Units Reflecting the Geographic and Biological Diversity of the Region: Linguoculturological Aspect", European Proceedings of Social and Behavioural Sciences, vol. 116, pp. 403-411.
- 6 Zamorshchikova, L.S., Khokholova, I.S., Ikonnikova, A.N., Samsonova, M.V., Lebedeva, V.V. (2022), "Toponymic Landscape of Central Yakutia: Etymological Analysis of Geographical Names", Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, vol. 15, is. 3, pp. 359-370.
- 7 Атаниязов С. О происхождении названия Куны-Ургенч // Памятники Туркменистана. – 1980. – № 2. – С. 1-10.
- 8 Бартольд В.В. Работы по исторической географии. Т. III. – Москва: Наука, 1965. – 713 с.

- 9 Малявкин А.Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии. – Новосибирск: Наука, 1989. – 432 с.
- 10 Якубовский А.Ю. Развалины Ургенча // ГАИМК. – 1930. – Т. VI. – Выпуск II. – С. 73-78.
- 11 Волин С.Л., Ромаскевич А.А., Якубовский А.Ю. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. 1: 7-15 вв.: арабские и персидские источники. – Москва: Изд-во Акад. наук СССР, 1939. – 612 с.
- 12 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 297 с.
- 13 Камолиддинов Ш.С., Илхамов З.А. Источники по средневековой истории Средней Азии. – Ташкент, 2018. – 81 с.
- 14 Виноградов А.В. Тысячелетия, погребенные пустыней. – Москва: Просвещение, 1966. – 190 с.
- 15 Айдогдыев М. Средневековые письменные источники о древнем Ургенче. – Ашхабад, 2000. – 52 с.

Материал поступил в редакцию журнала 01.07.2025

XҒТАР 16.21.41

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp23-34](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp23-34)

К.А. Батырбекова¹, С.Р. Боранбаев¹, М.Е. Әлімбаев¹

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, 160011, Қазақстан

«БАЙТАРТУ’Л-ВАЗИХ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШ ТІЛІНДЕГІ ЖАЛПЫТҮРКІЛІК ЛЕКСИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Мақала ортағасырдағы қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткішіндегі жалпытүркілік лексиканы талдауға арналған. Жәдігерлік тілін зерттеу арқылы түркі тілдері арасындағы туыстық байланыстарды анықтауға болады.

Мақаланың негізгі мақсаты – «Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткішіндегі жалпытүркілік лексиканы ажыратып, олардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын тілдік тұрғыдан анықтап, қазіргі қазақ тіліндегі қолданысының мәнін ашу. Зерттеуде жалпытүркілік лексиканың тарихи даму процесін, түркі тілдерімен генетикалық байланысын, анықтау көзделеді. Жазба ескерткіште кездесетін жалпытүркілік лексика түркі тілдерінің ортақ негізін, тілдік құрылымдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу үшін құнды мәліметтер береді. «Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткішіндегі жалпытүркілік лексиканы анықтау және оларың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын ажырату түркология ғылымы үшін өзекті мәселелердің бірі.

Жалпы зерттеу барысында «Байтарту’л-Вазих» ескерткішіндегі жалпытүркілік лексикаға талдау жасай отырып тарихи және мәдени мұраны жаңаша көзқараспен зерделеуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар мақала түркітану саласындағы тілдік зерттеулерді тереңдетуге және ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің тілдік мұрасын толық түсінуге үлес қосады.

«Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткіші тілін зерттеу барысында әртүрлі сипаттағы жалпытүркілік лексикаға лингвистикалық талдау жасалынды. Жазба ескерткіш тілінің қазақ тіліне жақындығы нақты тілдік деректермен дәлелденіп, ортағасырлық қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің лексика-семантикалық ұқсастықтары жан-жақты анықталады.

Кілт сөздер: Байтарту’л-Вазих, түркі тілдері, лексика, семантика, жалпытүркілік лексика, ортағасыр, мәмлүк-қыпшақ тілі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Түркі тілдері әлемдегі ең көне және бай тілдік топтардың бірі болып табылады. Жалпы түркілік лексиканы зерттеу түркі тілдеріндегі сөздердің фоно-лексикалық өзгерістер мен сөз құрылымдарының дамуын түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар мұндай ғылыми мақалалар түркі халықтарының мәдениетін тереңірек тануға, олардың әлемдік мәдениетке қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысанына алынған «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші мәмлүк-қыпшақтарының өмірінен сыр шертетін тарихи жазба ескерткіштің бірі. Ескерткіш тілінен ортағасырдағы түркілердің тұрмыс-тіршілігінен, таным-түсінігінен мәлімет беретін түрлі ақпараттарды байқаймыз. «Бұл жазба ескерткіш сол дәуірдегі мәдени қарым-қатынастарды және түркі тілдерінің дамуын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады.

Мәмлүк-қыпшақ тілі – Мәмлүк мемлекетінде (1250–1517 жж.) қыпшақтардың және басқа түркі тілді халықтардың араласуынан пайда болған тіл. Бұл тіл мәмлүк дәуіріндегі әскери, әкімшілік, әдеби, лексикографиялық және діни шығармаларда қолданылған. Мәмлүк қыпшақ тілі қыпшақ тілдерінің бір тармағына жатады және оның лексикасы мен грамматикалық құрылымы қазіргі қазақ тілдерімен ортақ ерекшеліктерге ие.

«Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші қазақ тіл білімі мен түркология ғылымында зерттеу нысаны ретінде соңғы жылдары ғана назарға алынып, оның ғылыми тұрғыдан кешенді түрде зерделенуі бастау алды. Ескерткіштің тілдік және тарихи маңызы әлі толық ашылмағандықтан, оны жан-жақты зерттеу өзекті болып отыр. Ескерткіштің лингвистикалық және тарихи-мәдени маңыздылығы ғылыми тұрғыдан жаңаша пайымдаулар мен тың зерттеулер жүргізуді талап етеді.

КІРІСПЕ

Қазақ және жалпы түркі тілдері мен мәдениеті үшін «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші тарихи және тілдік маңызға ие ерекше шығармалардың бірі. Бұл ескерткіш ортағасырдағы түркілердің тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі, кәсібі мен мәдениеттінен ақпарат беретін құнды лингвистикалық дереккөз. Жазба ескерткіш атты баптау, күту, оның аураулары мен оны емдеудің әдіс-тәсілдеріне арналған еңбек. Ескерткіш тіліндегі жалпытүркілік лексиканың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын зерттеуге арналған бұл мақала түркология ғылымы үшін ерекше маңызға ие. Зерттеу тарихи-салыстырмалы әдіске сүйеніп, түркі тілдерінің дамуы мен олардың лексика-семантикалық байланыстарын тереңірек ашуға бағытталған.

Жалпытүркілік лексика – бұл барлық түркі тілдерінің сөздік қорында кездесетін, шығу тегі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы. Оны зерттеу арқылы түркі тілдерінің генетикалық байланысын, туыстығын, олардың тамырлас екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені, қазіргі түркі тілдері бір кездері көнетүркілік ататілден тарағандығы белгілі.

«Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткішінде кездесетін лексикалық тілдік бірліктер түркі халықтарының ортақ тарихи негізін және олардың генетикалық байланысты көрсетеді. Ескерткіш тілінде қолданылған бір буынды сөздер жүз – جوز, бір – بیر, екі – یکی, мың – مین, ат – ات, тіс – سن, тіл – تیل, бұл – بول, ол – ول, іш – يش, т.б. жалпы түркі тілдері арасындағы туыстық байланысты анықтауға көмектеседі. Мұндай лексикалық бірліктер түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеу үшін аса құнды ақпарат көзі. Жалпытүркілік лексиканы қарастыру арқылы тілдің даму тарихымен бірге түркі халықтарының рухани, әлеуметтік және экономикалық өмірінің негіздерін де түсінеміз.

Жалпытүркілік лексика түркі тілдерінің даму тарихында тамыры бір ортақ тілдік қабаттан шыққан сөздерден тұрады және түркі тілдерінің бірлескен тарихи дамуының нәтижесі болып табылады. Ортағасырлық жазба ескерткіш тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы байланысты, туыстықты салыстыра зерттегенде, ең алдымен дыбыстық өзгерістерге жүгінетініміз заңды. Уақыт өте келе тілдің әртүрлі өзгерістерге ұшырайтыны

белгілі. Әйтсе де жазба ескерткіш тіліндегі көне түркілік элементтерді бойына сақтаған кейбір сөздер қазіргі түркі тілдерінде кездесіп жатады. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші тілін зерттей келе, мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін, иә болмаса аз кем фонетикалық айырмашылығы бар, бірақ мағынасында ауытқуы жоқ ортақ сөздердің жиі кездесетінін байқадық.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу барысында әртүрлі түркітанушы ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Ортағасырлық қыпшақ тілінің ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарастыру, ортағасырдағы түркі тілі мен қазіргі қазақ тілінің лексика-семантикалық байланысын анықтауға мүмкіндік туғызады. Зерттеу мақсатына жету үшін Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М. Томанов «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» [1], Ә. Құрышжанов «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» [2], Bodroglieți A. The Medical Terminology in the Kitāb baytarat al-vāzih, a Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Medicine. [3], А.Салқынбай «Генетика-семантикалық кодты негіздеуші этимон түбірлер» [4], «Түркі тілдеріндегі генетика-семантикалық код» [5], М.Сабырдың «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтасығы» (XIV жазба ескерткіштері негізінде) [6] мен «Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы» [7], Ағар М. Е. «Baytaratu'l-vazih» [8], Öztörçü K. «Kısa Memlûk Kırşakçası Grameri!» [9] еңбектерін пайдаландық. Зерттеу жұмысының негізгі материалы «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші. Жазба ескерткіште кездесетін жалпытүркілік лексиканы тарихи-салыстырмалы зерттеу мақсатында «Көне түркі сөздігі (ДТС)», М. Қашқаридың «Түрік сөздігі», «Абай тілі сөздігі», «Қазақ тілінің сөздігі», «Фразеологиялық сөздік», «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» қолданылды.

Зерттеу барысында теориялық, тұжырым жасау, семантикалық тілдік талдау, салыстырмалы-тарихи талдау, синхрондық, диахрондық зертеу әдістері қолданылды. Семантикалық тілдік талдау әдісі – «Байтарту'л-Вазих» ескерткішіндегі сөздерді семантикалық тұрғыдан талдау. Бұл әдіс арқылы жалпытүркілік лексиканың негізгі ерекшеліктері мен сөздердің мағынасының өзгеру динамикасы зерттеледі. Салыстырмалы-тарихи әдіс – түркі тілдеріндегі сөздердің тарихи дамуын, олардың өзара байланысын және өзгерістерін зерттеу. «Байтарту'л-Вазих» ескерткішіндегі лексикалық бірліктерді басқа түркі тілдеріндегі сөздермен салыстыру арқылы олардың тарихи және тілдік тамырларын анықтау. Зерттеу барысында диахрондық және синхрондық зерттеулер жүргізілді. «Байтарту'л-Вазих» ескерткіші тіліндегі лексикалық бірліктердің зерттелуі диахрондық және синхрондық тұрғыдан маңызды. Мұндай зерттеулер ескерткіштің тілін, оның лексикасын және әртүрлі тарихи кезеңдердегі тілдік өзгерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Диахрондық зерттеу тілдің тарихи дамуын қарастырады.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу барысында «Байрату'л-Вазих» жазба ескерткішіндегі және қазіргі қазақ тіліндегі жалпытүркілік лексиканың лексика-семантикалық сабақтастығы айқындалды. Зерттеу нәтижелері «Байрату'л-Вазих» жазба ескерткішіндегі жалпытүркілік лексика фонетикалық тұрғыдан кейбір өзгешеліктерге ұшыраса да, олардың мағынасы мен түпкі мәні түркі тілдерінде бірдей сақталған. Әсіресе мұндай жағдай ескерткіш тіліндегі бір буынды сөздерде көбірек байқалады. Мысалы, ат – ات, ата – انا, ана – انا, сөз – سوز, бір – بير, екі – يكي, бұл – بول, тіс – تيس, қыс – قيس, т.б. Ескерткіш тіліндегі мұндай сөздер түркі тілдері мен қазіргі қазақ тілінде көне дәуірден бері күні бүгінге дейін ешқандай өзгерістерге ұшырамай тілдік қолданыстарымызда қолданылып жүргендігі байқалады. Зерттеу нәтижесінде ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінде тұлғалық та, мағыналық та жағынан толық сәйкес келетін сөздер тобы бар екендігі дәлелденді. Сонымен қатар, бұл сөздер қазіргі қазақ

тілімізде қолданылып жүрген мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерге ұйытқы болып, тіліміздің құнарлығын арттырып жүрген бірліктер. Зерттеу нәтижелері «Байрату'л-Вазих» ескерткішіндегі көне түркі сөздерінің қазіргі қазақ тіліндегі сәйкестігін көрсету арқылы түркі тілдерінің генетикалық туыстығын айқындальды.

Түркі тілдерінің туыстығы туралы зерттеулер ғылыми тұрғыда бірнеше ғасырлар бойы жүргізіліп келеді. Түркі тілдерінің туыстығының бастауы, негізінен, осы тілдердің тарихи дамуына, олардың ортақ лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне, сондай-ақ этнолингвистикалық байланыстарына негізделген.

Түркілік қабат түркі тілдерінің барлық тармақтарына тән, яғни барлық түркі тілдерінде кездесетін сөздер мен лексикалық бірліктерді білдіреді. Бұл сөздер түркі тілдерінің ортақ тарихынан, этнолингвистикалық байланыстарынан және мәдени дамуынан туындаған. Ортағасырлық жазба ескерткіштер тілін зерттеу, қазақ тілінің жалпы көне түркілік тарихпен сабақтастығын дәлелдеуге мүмкіндік туғызады. Ғалым М. Сабыр орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығын зерттей келе: «...қазіргі қазақ тілінің байырғы сөздік қоры ұлт тарихымен, жалпытүркілік тарихпен сабақтаса қалыптасты. Қазақ тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, одан әрі жалпы түркі тілдерімен толық не ішінара лексика ортақтығымен ерекшеленеді. Қазақ жұрты жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін түркі халықтарының ортақ арналарымен жүріп өтті. Қазақ тілі лексикасы жалпы түркілік қабатпен өрістейді. Оның негізгі, сөздік құрамы, фоно-морфологиялық құрылысы ежелгі түркі тілінен бастау алады» [6, 88] деген пікір айтады. Ғалым ортағасырлық ескерткіштер лексикасы мен қазіргі қазақ тілі лексикасының ұқсастықтарын, диахрондық тұрғыдан байланысын, ортақтықтары мен айырмашылықтарын саралай келе, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тіл сабақтастығын анықтайды. М. Сабырдың зерттеуінше ортағасырлық жазба ескерткіштер мен қазіргі қазақ тілінде ешқандай мағыналық та тұлғалық та өзгеріске түспеген *ат, ай, ана, алма, арқа, ел, жан, көз* т.б. зат есімдерді, *ала, арық, ұзақ, қызыл, қара* т.б. сын есімдерді, *төрт, алты, он, тоқсан сияқты* сан есімдерді, *ал, ем, кет, ойна* т.б. етістіктерді, *ең, аз*, т.б. үстеулерді, *анда, мұнда, ол, мен, сен* сынды есімдіктерді, *ара, арт, аст* т.б. көмекші есімдерді кездестіруге болады [6, 88-96].

Түркі тілдеріне жалпытүркілік сөздер көбіне бір буынды сөздерден тұрады дедік. Олардың мағынасы бір-бірімен ұқсас болғанымен, жеке түркі тілдерінде айтылуы жағынан фонетикалық өзгерістерге түсіп жататыны белгілі. Фонетикалық өзгерістер әрбір түркі тілінің дыбыстық жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Мысалы, осындай сөздердің қатарына қазақ тіліндегі *тіс* сөзін жатқызсақ, ол сөз өзбек тілінде – *тиш*, татар тілінде – *теш*, ұйғыр тілінде – *тиш*, тува тілінде – *диш* болып айтылғанымен бұл сөз барлық тілдерде негізгі мағынасын сақтап қалған. Байқап қарасақ бір ғана тіс сөзі түркі тілдерінде сөз басында *т/д*, сөз ортасында *і/и/е*, сөз аяғында *ш/с* алмасуылары мен берілген. Десе де бұл сөз фонетикалық өзгешелігі болғанымен мағыналық тұрғыдан еш өзгеріске ұшырамаған.

Қазіргі қазақ тілінің лексикалық құрамының шығу тарихын зерделесек, даму үдерісінде тілдің талай арналарды басып өткенін байқаймыз. Соның ішінде ең негізгі арна көнетүркілік лексикадан бастау алатыны белгілі. Қазақ тілінің өзге түркі тектес тілдер сияқты байырға төл сөзі, негізгі сөздік қоры көне түркілік кезеңмен тікелей байланысты. Сондықтан да түркі тілдеріне ортақ түбірлердің болуы заңды. Қазіргі түркі тілдерінің негізгі сөздік қоры талай ғасырдың жемісі. Сонау тарих қойнауында бір тілдің сөздік қорында болған сөздер бертін келе туыстас тілдерге бөлініп, олардан жеке-жеке тілдер қалыптасқаны белгілі. Түркі тілдерінде бұрынғы ортақ түбірлердің сақталып қалуы, өздерінің генетикалық туыстық жақындықтарын дәлелдейді. Қазақ тілінің лексикасының қалыптасуына қазақтың байырғы төл сөздерімен қатар басқа сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған көптеген туынды сөздер, уақыт өте келе көнерген сөздер мен архаизмдер, халықтық сипатқа еніп кеткен кірме сөздер де кіреді.

Мамлук-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер өте маңызды тарихи және мәдени құндылықтарға ие. Бұл жазбалар Египет пен Сирия жерінде қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерден тұрады. Мамлук кезеңі – бұл Египет пен Сириядағы қыпшақтар мен түркілердің үлкен ықпал еткен дәуірі болатын, өйткені мамлук мемлекетінің билеушілері

негізінен түркі тілдес халықтардың өкілдерінен болған. Мамлүк-қыпшақ тіліндегі жазбалар түркі тілдері мен олардың дамуы туралы маңызды ақпарат береді. Бұл жазбалар арқылы біз қыпшақ тілінің грамматикасын, лексикасын және фонетикасын зерттей аламыз.

Ортағасыр кезеңіндегі жазбалар сол дәуірдегі саяси, мәдени және әлеуметтік жағдайларды сипаттайды. Қыпшақтардың билікке келгеннен кейінгі олардың қоғамдағы орны, сонымен қатар халықтың жалпы сол кезеңдегі күнделікті өмірі туралы мәліметтерді осы жазбалардан алуға болады. Мамлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер өз заманының мәдениетіне, тарихына және тілдік дамуына аса маңызды үлес қосады. Олар түркі тілдерінің араб мәдениетімен байланысын, мамлүк билеушілерінің Египет пен Сириядағы ықпалын және сол кезеңдегі әлеуметтік, экономикалық жағдайларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ТАЛҚЫЛАУ

Мамлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер тілі мен қазіргі қазақ тілі арасында түп тамырлық тектестік байқалады. «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткішінен жалпытүркілік лексикаларды жиі кездестіреміз. Қыпшақ тілдерін зерттеген ғалым Ә. Құрышжанов «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде қазіргі қыпшақ тілдеріне тән тілдік белгілер көп екендігін атап өтеді. «Язык словаря мало чем отличается от лексического богатства общетюркских слов. В нем достаточно примеров, которые находят себе аналогичные формы как древнетюркских и средневековых (в частности, средневековых) памятниках, так как и в современных кыпчакских языках» дей келе, «...язык словаря почти сливается с общим лексическим богатством всех (средних и новых) кыпчакских языков» деген пікір айтады [2, 68]. Ортағасырлық қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіш тілдерінің қазіргі қыпшақ тілдерімен генетикалық байланысын С.Е. Малов, Н.А. Баскаков, т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырған. Ортағасыр қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерді тілдік зерттеген ғалым М. Сабыр «Бұл кезеңдегі мұралардың тілінде оғыз, қыпшақ, ұйғыр элементтері мидай араласып жатыр және олар диалектілік белгілер ғана. Олардың лексикасындағы ортақтықтар 60-70 пайыз болса, айырмашылықтар көлемі 20-30 пайыздан аспайды» деген пікір білдіреді [6, 7]. Олай болса, мамлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші тілін қазіргі қазақ тілімен сабақтастыра қарастыру өзекті мәселе болып саналады.

«The *Baytarat al-vāzih* (the Easily Understood Book of Farriery), a hippologica work, was a product of 14th century Egypt. At the time of its writing, a hundred years had already elapsed since the Mamluks had seized power from the hands of their Ayyubid masters. These Mamluks, mainly Kipchak and Circassian slaves who had been employed as royal body guards, proved themselves strong rulers, excellent organizers, and successful 'statesmen» It was under their rule that the majority of the Arab people were united in a solid-state formation and that Arabic-Islamic culture achieved its greatest surge [3, 1]. Өз кезегінде бұл жазба ескерткіш ортағасырда араб еліндегі мамлүк билігі тұсында жазылған түркі халықтарының мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін бірегей тарихи және лексикалық мұра болып табылады. «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші, негізінен, атбегілік өнеріне, ат сынына, сондай-ақ жылқы малының аурулары мен оларды емдеуге арналған жазба ескерткіш. Бұл жазба ескерткіште аттың сыртқы келбетін бағалау және ат сынына қатысты да кеңінен мәліметтер берілген. Мәтіннің алғашқы бөлігінде жылқы малының адамзат өміріндегі маңызды орны туралы айтылған. Жылқылардың «жақсы», «жаман» қасиеттері сараланып, оның адамзат өміріндегі маңыздылығы айқын ашылады. Сонымен қатар жылқы малында болатын аурулар мен оларды емдеудің этнотәсілі жайлы ақпараттар аламыз. Ескерткіш тілінде ең бірінші жақсы атты таңдай білудің маңызы зор екендігі айтылып, оның дене бітімінің қандай болу керектігі баяндалады. Жалпы айтқанда жылқытану тақырыбын қамтыған бұл жазба ескерткіш жылқы түлігінің анатомиялық

ерекшелігін баяндай отырып, жылқы сыны жайлы мағлұмат береді. Сондай-ақ ескерткіш арқылы көшпенділердің ат баптау тәжірбиесімен танысамыз.

«Байрату'л-вазих» жазба ескерткішінде де жалпытүркілік лексикаға жататын сөздер көптеп кездеседі дедік. Мысалы, ат – *أَت*, жұлдыз – *يولدوز*, кісі – *کیشی*, сөз – *سوز*, күш – *کوش*, күн – *کون*, тіс – *تیس*, көз – *کون*, бұт – *بوت*, жүз – *جوز*, аяқ – *ایاق*, бас – *باس*, тіс – *تیس*, тіл – *تیل*, сияқты зат есімдер *جوز مین* – жүз мың, *یکی* – екі сияқты сан есімдер, жаман – *جامان*, жақсы – *جاقسی*, күшті – *کوشتی*, ұзын – *وزون*, қысқа – *قیسقا*, аз – *از*, т.б. сын есімдер, бұл (бұ) – *ول-بول*, кім – *کیم*, т.б. есімдіктер, іші – *یشی*, арасы – *اراسی*, арты – *ارتی* сынды көмекші есімдер жаз – *جاز* т.б. етістіктердің кездесуі арқылы ортағасырлық мамлұк-қыпшақ тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын байқаймыз. Жоғарыда келтірілген сөздердің кейбірі қазіргі қазақ тілінде дәл сол тұлғалық қалпында қолданылса, кейбірі аз кем фонеткалық өзгешеліктері болғанымен мағынасында еш өзгерісі жоқ екендігін байқауымызға болады.

«Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіш тілінде «*ات*» ат сөзі үш түрлі мағынада қолданылады. Мысалы, 1) *ات* (ат) жануар атауы заттық мағынада; 2) *ات* (ат) ат адамның аты; 3) *ات* атпақ етістік тұлғасында. Ескерткіш жылқы малына арналған ветеринариялық еңбек болғандықтан да көбіне бұл сөздің бірінші мағынасы жиі қолданылады. *At* – қазақ тілінде төрт түлік малдың бірі. Әр түрлі шаруашылық жұмыстарға жегілетін еркек жылқы. Оның міндеті жұмысқа жегілу, мінілу, бәйге, жарыс, жорық. Ат – түркі тілдеріне ортақ бір буынды сөз. Мысалы башқұрт, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар, түрік, ұйғыр т.б. түркі тілдерінде, көне және орта ғасырлық жазба ескерткіштерде ешқандай фонетикалық, тұлғалық, мағыналық өзгеріске түспеген күйі қолданылады. Бұл сөздің «Көне түркі сөздігінен» (ДТС) бірнеше мағынасын кездестіреміз. «*At* 1. имя. *ādib ahmād atim* имя мое Адиб Ахмед; титул звание *ēki oylıma jabıu at bertim* двум моим сыновьям я дал титулы ябгу и шад; название наименование *anıu başı soıuqđim ap aq turur anıu üčün anıu atı muz day turur* от холода вершина ее (горы) вся белая, поэтому ее название – Ледяная гора; 2. *At* 1. лошадь, конь; *antaı ulıu ölüg barıu tüšti kim jüklämakkä keltürmäkkä keltürmäkkä at qayatır ud azlıq boldı* столь много досталось добычи, что погрузить ее и првезти не хватало лошадей, мулов и быков. 3. *Āt* имя, название: *bu ċurni āti amrta* название этого порошка – амрта; 2. стрелять *ja qurıu oq alıp adnaya isig özintä adırtım ... ērsär* я ...натянув лук, выстрелил и лишил кого-то жизни. 4. *Āt* бится. Биться (о сердце) *köñili ātar* сердце его забьется» [8, 69-71]. М. Қашқаридің «Диуани луғат-ат түрік» сөздігінде екі мағынасы берілген. (жылқы және есі) «1) АТ: (қатты дауысталатын «*ا* – әріппен айтылады»). *قوش قننن ار ائن* Құш kanatım er атын: Құш қанатын ер атын – Құс қанатымен, ер атымен» [10, 63]. «2) Ат – есім, атау, лақаб ат, атақ. *بک انکار آت بیردی* Beg aңar at berdi: Бег аңар ат берді – Бек оған ат, атақ берді. Тайпаның ірілерін немесе басшыларын *اتلغ* Атлығ: Атлығы - атты» дейтіні сондықтан» [10,108]. М. Қашқаридің сөздігінде кездесетін жылқы мағынасында қолданылғанда *at* сөзіндегі «а» дауысты дыбысы «алиф» таңбасы арқылы беріледі (ат), ал оның созылыңқы түрі екі таңбамен жазылады (аат). «А» әріпін созылыңқы айту (ا ا ث) арқылы *at* сөзі «ат, есім, атау, лақаб, атақ» деген мағынаны береді. «А» дыбысының созылыңқы айтылу ерекшелігі қазіргі түркі тілдерінің арасында қырғыз, түркімен, тува, хакас және саха тілдерінде кездеседі. Ә. Құрышжановтың «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде *at* сөзі заттық мағынада ғана беріледі. Мысалы, «*At* «*اط*» – лошадь, конь: *at кішінер* лошадь ржет; *at кішінеді* лошадь ржала; *at қашынды* лошадь испускала мочу; *мінгіл бу атны* садись на этого коня» [2, 87].

Қазақ тілінде «ат» сөзі жылқының жалпы атауы болып табылады. Түркілер танымында аттың орны ерекше, ол тек көлік құралы ғана емес, сонымен қатар адамның серігі, өмірдің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан да жылқы малын ерекше бағалап, күнделікті тұрмыс тіршілігінде сипаттап, оны тіліндегі түрлі тұрақты тіркестер мен лексикалық бірліктерінде айшықтап береді. Мысалы: *at тізгінін ұстау*, *at төбеліндей*, *at бойы*, *at тонын ала қашу*, *атқан оғы айнымау*, *at құйрығын шарт түю*, *at құлағында ойнау*, *at байлады*, *at басына күн туды*, *at басына соқты*, *at басындай алтын*, *at басын тартты*, *at басын тіреді*, *at бойы*, *at жақты*, *at жалын құшты*, *at кекілін кесісті* т.б. Бұл мысалдар арқылы қазақ

халқының жылқыға деген ерекше құрметін және тіршілігіндегі рөлін байқаймыз. Осы сөздің тіркесуімен ұлттық ойын атаулары да қалыптасқан. Мысалы, *ат жарыстыру, жорға жарыстыру, қыз қуу, көкпар тарту, бәйге, аударыспақ, ат үстінде садақ тарту (жамбы ату), теңге ілу, ат үстіндегі тартыс, ат омырауластыру, атты ордан қарғыту, жорға жарыс, тай жарыс, құнан жарыс* т.б. Бұдан халқымыз ежелден-ақ жиын-тойлар мен ойын-сауықтарда ат үстінде сан алуан өнер көрсеткенін бағамдаймыз. Сонымен қатар атқа қатысты салт-дәстүрлер мен жол жоралғылар да аз емес. Мысалы, *ат майы, айғырдың жалын майлау, аттұмар, сыйлы қонаққа ат мінгізу, күйеу жігіттің қалыңдық алуға алғаш барғанда ат байлауы* бар. Бұдан халқымыздың атқа міну мәдениетінің бастауларын аңғарамыз. Ал *атқамінер, атқосшы, атиабар* т.б. лауазым атауларын жылқының қазақ халқының шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік өмірінде де үлкен мәнге ие болғандығының айғағы.

«قدم» аяқ – адамның, жан-жануарлардың дене мүшесі. Түркі тілдерінде ортақ сөз. Мысалы, татар, башқұрт, қарақалпақ тілдерінде **аяқ**, ноғай, қарайым тілдерінде – **айак**. Байқап қарасақ мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ. Алайда көне, орта ғасырлық жазба ескерткіштерде бұл сөз «Көне түркі сөздігінде» (ДТС) аяқ сөзі **azaq** II нога тұлғасында берілген [8, 78]. М. Қашқардың сөздігінде **азық адзық** (азық, адзық) аяқ [9, 91]; **азак адзак** (азак, адзак) аяқ [9, 93]; **ајак** (айак) аяқ, кесе [9, 114] тұлғасында берілген. Фонетикалық тұрғыдан қазіргі түркі тілдеріндегі **й** дыбысы көне орта ғасырларда **з** дыбысымен берілген. Демек, **зй** алмасуы болған. Ә.Құрышжанұлының «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» еңбегінде: «**айак** (ایاق) ноги: ең аяқтары **передние ноги** (лошади); **қыч аяқтары** задние ноги (лошади); **сач аяғы** ножки треножника; **чырак айнағы** подсвечник» [2, 79]. Қазіргі қазақ тілінде мағынасы кеңейген. Мысалы, «Аяқ. 1. Адам мен жан-жануарлардың жүру-тұру қызметін атқаратын дене мүшесі. 2. Орындық, кереует сияқты заттардың тірек таянышы. 3. Ауыс. Аяққа киген киім. Аяғы жаман терді былған (Мақал). 4. Бір нәрсенің соңғы жағы. Қызмет-ғы, оқу жылының -ғы, сөз -ғы». 5. Ауыс. Бір нәрсенің нәтижесі, қорытындысы. Тұмау аяғы – құрт, Тұман аяғы – жұт. (Мақал) [11, 61]. Қазіргі қазақ тілінде аяқ сөзінің тіркесуімен болуымен *аяқ киім, аяқ бау, аяқ құр, аяқ машина, аяқ шені, аяғы аспаннан келді, аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ, аяғы ауыр, аяғына бас ұрды, аяғына жем түсті, аяғына жығылды, аяғынан алды, аяғынан жайылды, аяғынан тік тұрғызды, аяғынан тозды, аяғын аңдап басты, аяғына тұсау болды, аяғына тұсау түсті, аяғын жерге тигізбеді, аяғының желі бар, аяғының ұшынан басты* т.б. сөз тіркестері қалыптасқан.

«Байрату’л-Вазих» жазба ескерткіші мен қазіргі қазақ тілінде мағыналық тұрғыдан өзгешелігі жоқ, фонетикалық тұрғыдан аз, кем айырмашылығы бар сөздер де жиі кездесіп отырады. Сондай сөздің бірі жүз сөзі. Бұл сөз ескерткіш тілі мен көне, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде сөз басында **и/ж** дыбыстарының алмасуымен беріледі. Мысалы, «Көне түркі сөздігінде»: «**Jüz** I 1. Лицо, лик: anïñ jüzi aūdï ego лицо побледнело. 2. *перен. улыбатъся* (о счастье) qamıuqa jaraşur bu qut urşa jüz всем нравится, когда улыбается счастье. **Jüz** II 1 сто: jeti jüz bolıtı ыбло семсот [человек]. **Jüz** III 1 ушное заболевание qulaqı jüz usuz küčsüz bolur ego уши станут болеть и станут слабыми. **Jüz** лицо balıqta ulušta ne jüz tutur toñıaj meñ с каким лицом я буду ходить в городах и селениях? **Jüz** I 1 плавать: er suvda jüzdi мужчина плавал в воде. **Jüz** I 1 сдирать, стаскивать, toqum jüzür qubruqta bičaq sïma ободрав [шкуру] с разанного животного, не сломай ножа на хвосте» [8, 307]. Ә. Құрышжанұлының «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» еңбегінде бұл сөз: «йуз (یز) 1. сто; 2. лицо (یز); 3. йуз, йузгіл (یوز کل) **плавать в воде**» [2, 135]. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіш тілінде де үш түрлі мағынасы сақталынған. Ескерткіштегі «بسم الله الرحمن الرحيم - Бисмиллахи рахмани рахим جوز مين شوکور... Жүз мың шүкір ве байансыз хамд ве ана [12,] деп басталатын мәтіннің алғашқы сөйлемінде жүз сөзі 1) сандық мағынада кездеседі. Кейінен 2) «حصان» аттың жүзі сындық мағынада, 3) «منة» жүз етістік тұлғасында кездеседі. Ал қазіргі қазақ тілінде мағынасы кеңейген. Мысалы, «Жүз. I. Адамның бет-әлпеті, өңі; II Пышақ, ұстара, қылыш сияқты заттардың өткір жүзі; III Қазақ халқының жер аумағын үш аймаққа бөліп айтумен байланысты қалыптасқан саяси-

экономикалық термин; ұлыстық одақ. (Ұлы – орта -, кіші -). IV Тоқсан тоғыздан кейінгі сан. V Суда малту, жылжу, қозғалу» [14, 253].

«سوز» сөз, бұл сөз көне түркі жазба ескерткіштері тілінде де кездеседі. «Söz слово, речь; sözüңdin özüңgä ökünç kelmäsün пусть не будет у тебя раскаяния из-за твоих слов... [8, 542]. М. Қашқари «Диуани лугат ат-түрік» сөздігінде «Söz سۆز» деп жазылған [10,177]. Ә. Құрышжанұлының «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» еңбегінде «Сөзле, сөзлегіл (سوزلا كل) говорить, сказать» деп берілген [5, 190]. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы кеңейген. «Сөз 1. Белгілі бір мағынаға ие, заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі единицасы. 2. Бір нәрсе жайында айтылатын әңгіме. 3. Жиналыста көпшілікке қарата айтылатын пікір, мәлімдеме. 4. Әнге арналған өлең мәтіні. [11, 580]. Сондай-ақ *сөз табы, сөз төркіні, сөз болды, сөзге келді, сөзге қалды, сөзге құлақ қойды, сөзге жеңістік бермеді, сөзді жүндей сабады, сөздің қысқасы, сөздің майын тамызды, сөз қонбады, сөз салды, сөз саптады, сөз тізгінін берді, сөз ұстар, сөз шығарды, сөзі аяқ асты болды, сөзі бір жерден шықты, сөзі дуалы, сөзі мірдің оғындай, сөзінде тұрды, сөзін жерге тастамады, сөзінің жаны бар* деген тіркестер қалыптасқан.

Мұндай лексикалық элементтер түркі тілдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, сондай-ақ түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің сабақтастығын зерттеу үшін маңызды тілдік деректер болып табылады.

Әрбір тілдің лексикасы сол халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті туралы маңызды әрі сенімді мәлімет көзі болып табылады. Халықтың тілі оның танымдық қызметі мен дүниені тануы негізінде қалыптасады [13]. Демек, белгілі бір халықтың өмірі туралы түсінік алу үшін оның сөздік қорына назар аударамыз.

Түркі тілі бір буынды болып көрінеді. Сонымен қатар, оны бай сөздік қоры мен жетілген грамматикалық құрылымы бар дамыған тіл деп айтуға болады. Бұл көне түркі жазба ескерткіштеріндегі бейнелерді бейнелеудегі тілдік икемділігімен, өткір ұқсастықтармен, сөздердің көп мағыналылығымен, мағынаны дәл жеткізетін тілдік тәсілдердің орынды қолданылуымен ерекшеленеді [15].

ҚОРЫТЫНДЫ

After examining the techniques of translating the lexical unit “barymta” into Russian and English, we have observed that both translations adopted a foreignization strategy. L. Venuti supports the use of foreignization, a method that maintains aspects of the original language and culture in order to emphasize the translation’s roots and challenge prevailing cultural standards. This approach helps prevent ST from being assimilated and encourages cultural diversity [7, 13]. We assume that foreignization is a justified strategy for overcoming the problem of non-equivalence, as the translation of literary texts should preserve cultural identity and expand the foreign readers’ linguocultural knowledge of the country. Ultimately, foreignization in translation functions as a “window” into another culture, enabling the target reader to access unfamiliar cultural elements and thus transcend the boundaries of their own cultural context. This approach is particularly significant in literary translation, which often fulfills not only an aesthetic but also a cognitive function by broadening the reader’s cultural and intellectual horizons. Moreover, foreignization allows to preserve the stylistic and ideological features of the ST. Excessive adaptation can lead to distortion of the author’s intention and loss of the atmosphere of the ST.

As a result of studying the lexical unit “karymta” and its translation techniques into Russian and English, we have observed that both translations followed a domestication strategy.

We identified that the preservation technique is followed by generalization and substitution. We believe the choice of techniques was influenced by the target audience. The translators selected more universal words to explain the term “barymta”, such as “набег” and “raid” or “clash”, and for “karymta”, word like “расплата” and “retribution”.

During the analysis, we encountered some examples of distortion in the translation. “Barymta” was distorted as “натравливать” and “setting against”, “barymtashy” as “вор” and “thief”, while “karymta” was distorted as “покапать” and “punish”.

Also in our analysis, we found that translators encountered more difficulty with the term “karymta” than with “barymta”. This is likely due to the fact that “barymta” is a more familiar and widely used term, whereas “karymta” may be less well-known or require additional clarification. Although they appear similar and originate from the same cultural context, they serve distinct functional roles.

The results of the quantitative analysis and their subsequent interpretation confirmed the hypothesis proposed at the beginning of the research. The analysis also confirmed that the translation techniques employed in the English version closely mirror those used in the Russian version of the novel, as the English text was produced based on the Russian translation which served as intermediary.

REFERENCES

- 1 House, J. (2023), *Translation: The Basics*, 2nd ed., Routledge, London.
- 2 Zhussupova, A. and Ashimkhanova, S. (2020) “Recreation of ethno-cultural markers in the translations of “Blood and sweat”, *Opcion, Universidad del Zulia*, vol. 36, № 91, pp. 851-870.
- 3 Baker, M. (2018), *In Other Words: A Coursebook on Translation* (3rd ed.). Routledge, London.
- 4 Muhanbetkaliuly, K. (2012), *Tar kezen*, Mereke baspasy, Almaty.
- 5 Muhanbetkaliuly, K. (2016), *Tyazhkie vremena*, Kazak enciklopediyasy, Almaty.
- 6 Mukhanbetkaliuly, K. (2022), *Troubled times*, The Kazakh Pen Club, the United Kingdom by Amazon.
- 7 Venuti, L. (2013), *The translator’s invisibility: a history of translation*, 2nd ed., Routledge, London.
- 8 *Kazakh-Russian Dictionary* (2002), Dajk-press, Almaty.

9 *Oxford Qazaq Dictionary* (2023), Bilim Media Group, Astana.

10 Fuks, S.L. (2008), *Ocherki istorii gosudarstva i prava kazahov v XVIII i pervoj polovine XIX v.* [Essays on the History of the State and Law of the Kazakhs in the 18th and First Half of the 19th Centuries], Yuridicheskaya kniga, Astana.

11 *Dictionary of Kazakh Literary Language* (2011), fifteen volumes, vol. 3 / compiled by B. Sujerkulova, T. Zhanuzak, O. Zhubaeva and others, Almaty.

12 *Dictionary of Kazakh Literary Language* (2011), fifteen volumes, vol. 9 / compiled by A. Ybyrajym, A. Zhanabekova, K. Rysbergenova and others, Almaty.

13 Makoveckij, P.E. (1886), *Materialy dlya yuridicheskikh obychev kirgizov* (vyp. 1) [Materials on the Legal Customs of the Kyrgyz (1st ed)], Omsk.

14 Useinova, K., Toktybaev, A., Isabekov, A., Sartae, S. and Zhainak, A. (2020), “Barymta – as an institution of the legal system”, *E3S Web Conf.*, vol. 159.

15 Toktabaj, A. (2007), “Barymta – batyrylyk mektebi”, *Otan tarihy*, vol. 3, pp. 186-193.

Received: 02.04.2025

Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романындағы «барымта» және «қарымта» лексикалық бірліктерін аудару тәсілдері

Ж.М. Буркитбаева¹, Ш.К. Жаркынбекова², В.А. Разумовская³

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050040, Қазақстан Республикасы

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010008, Қазақстан Республикасы

³ Сібір федералды университеті, Красноярск, 660041, Ресей Федерациясы

Мақалада Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романының орыс және ағылшын тілдеріне көркем аудармаларындағы қазақша мәдени және тілдік баламасыздықты еңсеру тәсілдері қарастырылған. Роман XVIII ғасырдағы қазақтардың отаршылдыққа қарсы тұруына арналған. Зерттеуде «барымта» және «қарымта» баламасыз терминдерінің берілуі қарастырылады. Зерттеу ұлттық және тарихи контекстінің шынайылығын сақтауға ұмтылатын тарихи романдарды аударуда баламасыз лексиканың қалай тиімді әрі дәл берілуінің маңыздылығын көрсетуімен маңызды болып табылады. Контент-талдау мен салғастырмалы талдау негізінде зерттеу барысында орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда қазақша мәдени және тілдік баламасыздықты еңсеру үшін транслитерация, сілтеме сияқты парамәтіндік құрал арқылы түсіндіру, калькалау және грамматикалық алмастыру сияқты әдістер қолданылғаны анықталды. Бұл тәсілдерді талдау «барымта» терминінің форенизация стратегиясы арқылы аударылғанын, ал «қарымта» термині доместикация стратегиясы арқылы аударылғанын көрсетті. Бұл зерттеудің нәтижелері көркем аудармалардағы әдеби-мәдени болмысты сақтау жолдары туралы құнды мәліметтер береді және аударма ісін әдеби процестің ажырамас бөлігі ретінде қарастыратын аударматану және әдебиеттану салаларындағы зерттеушілер үшін де пайдалы нұсқаулық болады. Кейінгі зерттеулерде романдағы басқа мәдени маңызы бар баламасыз лексикаға назар аударып, қазақ тілінен ағылшын тіліне орыс тілі арқылы сатылы аудармаға қатысты мәселелерді зерттеуге болады.

Кілтті сөздер: баламасыз лексика, мәдениетке тән лексика, мәдениетке тән термин, барымта, қарымта, көркем мәтін, форенизация, доместикация.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 House, J. (2023), *Translation: The Basics*, 2nd ed., Routledge, London.

2 Zhussupova, A. and Ashimkhanova, S. (2020) “Recreation of ethno-cultural markers in the translations of “Blood and sweat”, *Opcion, Universidad del Zulia*, vol. 36, № 91, pp. 851-870.

3 Baker, M. (2018), *In Other Words: A Coursebook on Translation* (3rd ed.). Routledge, London.

- 4 Мұханбетқалиұлы, Қ. (2012), *Тар кезең*, Мереке баспасы, Алматы.
- 5 Муханбетқалиұлы, К. (2016), *Тяжкие времена*, Қазақ энциклопедиясы, Алматы.
- 6 Mukhanbetkaliuly, K. (2022), *Troubled times*, The Kazakh Pen Club, the United Kingdom by Amazon.
- 7 Venuti, L. (2013), *The translator's invisibility: a history of translation*, 2nd ed., Routledge, London.
- 8 *Қазақша-орысша сөздік* (2002), Дайк-пресс, Алматы.
- 9 *Oxford Qazaq Dictionary* (2023), Bilim Media Group, Astana.
- 10 Фукс, С.Л. (2008), *XVIII ғ. және XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ мемлекеті мен құқығы тарихының очерктері*, Юридическая книга, Астана.
- 11 *Қазақ әдеби тілінің сөздігі* (2011), он бес томдық, 3-том / құраст. Б. Сүйерқұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б., Алматы.
- 12 *Қазақ әдеби тілінің сөздігі* (2011), он бес томдық, 9-том / құраст. Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ. Рысбергенова және т.б., Алматы.
- 13 Маковецкий, П.Е. (1886), *Қырғыздардың заңдық әдет-ғұрыптарын оқып-үйренуге арналған материалдар*, 1 шығ., Омбы.
- 14 Useinova, K., Toktybaev, A., Isabekov, A., Sartae, S. and Zhainak, A. (2020), "Barymta – as an institution of the legal system", *E3S Web Conf.*, vol. 159.
- 15 Тоқтабай, А. (2007), "Барымта – батырлық мектебі", *Отан тарихы*, № 3, 186-193 б.

Материал 02.04.2025 баспаға түсті

Подходы к переводу лексических единиц «барымта» и «карымта» в романе Кажигали Муханбетқалиұлы «Тяжкие времена»

Ж.М. Буркитбаева¹, Ш.К. Жаркынбекова², В.А. Разумовская³

¹ Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, 050040, Республика Казахстан

² Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010008, Республика Казахстан

³ Сибирский федеральный университет, Красноярск, 660041, Российская Федерация

В статье рассматриваются методы преодоления казахской культурной и языковой безэквивалентности в художественном переводе исторического романа Кажигали Муханбетқалиұлы «Тяжкие времена», на русский и английский языки. Роман посвящен казахскому сопротивлению колониализму в XVIII веке. В работе рассматривается передача безэквивалентных терминов «барымта» и «карымта». Исследование имеет важное значение для понимания того, как эффективно и точно передавать безэквивалентную лексику, что особенно важно для перевода исторических романов, которые стремятся сохранить аутентичность своего национального и исторического контекста. С помощью контент-анализа и сравнительного анализа исследование выявлено, что в русском и английском переводах для преодоления казахской культурной и языковой безэквивалентности были использованы такие приемы, как транслитерация, экспликация посредством паратекстовых средств таких как сноски, калькирование и грамматическая замена. Анализ данных приемов показал, что термин «барымта» был переведен с использованием стратегии форенизации, в то время как термин «карымта» был передан с использованием стратегии доместикации. Результаты исследования предоставят ценную информацию о способах сохранения литературной и культурной самобытности в литературных переводах, а также станут полезным руководством для исследователей в области переводоведения и литературоведения, изучающих перевод как неотъемлемую часть литературного процесса. Дальнейшие исследования могут быть сосредоточены на другой культурно значимой безэквивалентной лексике в изучаемом романе, а также на вопросах, связанных с косвенным переводом с казахского на английский через русский.

Ключевые слова: безэквивалентная лексика, культурно-специфическая лексика, культурно-специфический термин, барымта, карымта, художественный текст, форенизация, доместикация.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 House, J. (2023), *Translation: The Basics*, 2nd ed., Routledge, London.
- 2 Zhussupova, A. and Ashimkhanova, S. (2020) "Recreation of ethno-cultural markers in the translations of "Blood and sweat", *Opcion, Universidad del Zulia*, vol. 36, № 91, pp. 851-870.
- 3 Baker, M. (2018), *In Other Words: A Coursebook on Translation* (3rd ed.). Routledge, London.
- 4 Мұханбетқалиұлы, Қ. (2012), *Тап кезең*, Мереке баспасы, Алматы.
- 5 Муханбетқалиұлы, К. (2016), *Тяжкие времена*, Қазақ энциклопедиясы, Алматы.
- 6 Mukhanbetkaliuly, K. (2022), *Troubled times*, The Kazakh Pen Club, the United Kingdom by Amazon.
- 7 Venuti, L. (2013), *The translator's invisibility: a history of translation*, 2nd ed., Routledge, London.
- 8 *Казахско-русский словарь* (2002), Дайк-пресс, Алматы.
- 9 *Oxford Qazaq Dictionary* (2023), Bilim Media Group, Astana.
- 10 Фукс, С.Л. (2008), *Очерки истории государства и права казахов в XVIII и в первой половине XIX в.*, Юридическая книга, Астана.
- 11 *Словарь казахского литературного языка* (2011), 15-томный, том 3 / сост. Б. Суйеркулова, Т. Жанузак, О. Жубаева и др., Алматы.
- 12 *Словарь казахского литературного языка* (2011), 15-томный, том 9 / сост. А. Ыбырайым, А. Жанабекова, К. Рысбергенова и др., Алматы.
- 13 Маковецкий, П.Е. (1886), *Материалы для юридических обычаев киргизов*, вып. 1, Омск.
- 14 Useinova, K., Toktybaev, A., Isabekov, A., Sartae, S. and Zhainak, A. (2020), "Barymta – as an institution of the legal system", *E3S Web Conf.*, vol. 159.
- 15 Токтабай, А. (2007), "Барымта – школа героизма", *Отечественная история*, № 3, стр. 186-193.

Материал поступил в редакцию журнала 02.04.2025

XFTAP 17.01.07

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp245-259](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp245-259)

З.Т. Кәрімхан¹, Қ.Ә. Әубәкірова¹, А.Т. Смағұлова¹

¹ Шәкәрім университеті, Семей, 014707, Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МЕМУАРИСТИКА: ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада «мемуар» терминінің пайда болуы, жанрлық ерекшелігі, атқаратын қызметі және әлем әдебиетінде алатын орны сараланған. Сондай-ақ қазақ әдебиетіндегі мемуар жанрының қалыптасу кезеңдері мен ерекшелігі, терминге анықтама берген шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлері, «Есте сақтау» концепциясы, «жеке жады» және «ұжымдық жады» ұғымдары сараланып, салыстырмалы сараптама жүргізілді.

Қазақ әдебиетіндегі мемуаристиканың қалыптасу кезеңін айқындауда Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі мемуарлық элементтерге назар аударылды. Түркі дәуірінде тасқа қашалып жазылған тарихи естеліктер белгілі бір деңгейде мемуарлық сипатқа ие екендігі айқындалды. Одан кейінгі кезеңдерде ұлы ағартушылар Ш. Уәлихановтың күнделіктері мен зерттеулері, сондай-ақ М. Бабажановтың этнографиялық жазбаларының мемуарлық сипаты сараланды. Бұл шығармалар белгілі бір дәуірдің тыныс-тіршілігін бейнелеп қана

қоймай, қоғамдағы өзгерістер мен әлеуметтік құбылыстарды көрсетуде маңызды дереккөз ретінде қарастырылады.

XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының қайраткерлері де мемуарлық шығармашылықтың дамуына ерекше ықпал етті. Алаш ұранды әдебиеттің өркендеуі қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және мәдени өміріндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты болды. Бұл кезеңде арнайы тұтастай мемуарлық шығармалар жазылмаса да, Ахмет Байтұрсынұлы меңзегендей, қалам қайраткерлерінің басты мақсаты – халықты теңдікке жеткізу жолындағы күрес болды. Осыған байланысты ақын-жазушылар ғана емес, саяси қайраткерлер, басқа да мамандық иелері өздері өмір сүрген заман мен қоғам туралы, ірі оқиғалар мен тарихи бетбұрыстар жайлы жазбалар қалдырған. Бұл жазбалар бүгінде зерттеуге тұрарлық тарихи-әдеби дереккөз ретінде аса құнды.

Мемуар жанры деректі, тарихи және көркем әдебиеттің тоғысқан тұсы болғандықтан, оның әдебиеттегі орны, шынайылық деңгейі, деректілік пен көркемдік үйлесімі маңызды мәселелер қатарында қарастырылды.

Қазақ мемуаристикасы ұлттық әдебиеттің маңызды саласының бірі ретінде тарихи деректерді көркемдік шеберлікпен бейнелеудің өзіндік үлгісін қалыптастырып келеді. Бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық тарихи жадыны жаңғыртуға, халықтың өткенін танып-білуге және болашақ ұрпаққа маңызды деректер қалдыруға зор мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: мемуаристика, нарратив, идея, әдеби жанр, компонент, автор.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мемуаристика – тарихи, қоғамдық немесе жеке өмірлік оқиғаларды баяндайтын, автордың өз көзімен көрген немесе куәгері болған жайттарды сипаттайтын ерекше әдеби жанр. Бұл жанрдың басты құндылығы – белгілі бір дәуірдің рухани, тарихи процестердің өрбуін және сол кезеңдегі өмір сүрген тұлғалардың шынайы әрі тиген бейнесін жеткізуінде. Мемуарлық шығармалар тек оқиғаларды сипаттаумен шектелмей, сол уақыттың, мәдени және саяси әлеуметтік әлеуметтік жағдайын да толыққанды сипаттайды. Сол себепті мемуаристиканы әдебиет пен тарихтың тоғысқан тұсы ретінде қарастырады.

Мемуарлар – естеліктер негізінде жазылатындықтан, олар тарихи дереккөз ретінде ерекше маңызға ие. Бұл шығармалар көркем әдебиетке жақын болғанымен, мазмұны жағынан деректік прозаға да жатады. Автор оқиғаларды өз көзқарасы тұрғысынан баяндай отырып, тарихи шындықты жеткізуге тырысады. Осы кезеңдегі мемуарлық әдебиет тарихи ғылым үшін де, әдебиеттану саласы үшін де маңызды рөл рөлі.

Қазақ әдебиетінің мемуаристикасы өз бастауын фольклордан, ауызша тарих айту дәстүрінен алады. Қазақ халқы ғасырлар бойы өз тарихын шежірелер, жырлар, толғаулар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды. Бұл дәстүр халықтың тарихи жадын сақтау, өткеннің маңызды оқиғаларын ұмытпауға мүмкіндік берді. Алайда жазба мемуарлық жанр XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қарқынды түрде дами бастады. Бұл кезең қазақ қоғамындағы саяси және әлеуметтік өзгерістермен тұспа-тұс келді.

Әйгілі Алаш қозғалысының қайраткерлерінің, XX ғасырдағы саяси оқиғалардың куәгерлерінің, советтік кезеңдегі қуғын-сүргінге ұшыраған зиялылардың жазбалары қазақ мемуарлық әдебиетінің кеңеюіне үлкен үлес қосты. Мұндағы қалам қайраткерлерінің естеліктері – тек жеке өмірбаяндық деректер ғана емес, сол кезеңдегі қазақ қоғамының жағдайын айқын бейнелейтін тарихи құжаттар ретінде де танылады. Бұл мемуарлар сол дәуірдің идеологиялық, саяси қысымдарын, халықтың тағдырын, зиялыларының күресін сипаттайтын баға жетпес әдеби және тарихи мұра ретінде пайдаланылды.

Совет дәуірінде көптеген қазақ зиялылары саяси қудалауға ұшырады. Олар толыққанды шығармашылық жұмыспен тұрақты, жүйелі түрде айналыса алмаса да, белгілі бір деңгейде мемуарлық еңбектер жазып қалдырды. Бұл шығармаларда авторлар өз бастарынан өткен кезең-қыстау кезеңдерін, халық басына түскен ауыртпалықтарды, тәуелсіздік жолындағы күресті, қуғын-сүргін мен азап лагерлеріндегі өмірді шынайы түрде баяндап берді.

Бүгінгі ұрпақ үшін бұл аса құнды деректер ресми тарихи деректерде толық емес маңызды материалдардың да қатарын толықтырады.

XX ғасырда орын алған тарихи оқиғалар қазақ мемуаристикасының жан-жақты дамуы түрткі болды. Ұлт-азаттық қозғалыстары, соғыс жылдарындағы халық өмірі, своет дәуірінің жағдайлары, бүгінгі тәуелсіздік кезеңіндегі өзгерістер – осының барлығы қазақ мемуарлық әдебиетінің мазмұнын кеңейтіп, оны жан-жақты ете түсті.

Мемуарлық шығармаларды тарихи шындықты сақтап, өткенді қазіргі заманмен байланыстыратын алтын көпір деп есептеуімізге болады. Олар қоғамның әр кезеңдегі жағдайын шынайы түрде бейнелейді, тарихи құжаттармен қатар көркем шығармалар ретінде де жоғары бағаланады. Өйткені өткенді білу болашақты бағдарлауға мүмкіндік беретіні түсінікті жайт.

КІРІСПЕ

Ұлттық идеологияның маңызды элементі ретінде алаш идеясы танылып, мемлекетшілдік пен ұлтшылдық символы ретінде насихатталса, алаш қозғалысына адалдық танытқан таудай тұлғаларға бүгінгі күннің ұрпақтары қалай қарайтынын анықтау қажет. Сонымен қатар зерттеу нәтижесі Алаш ұлт-азаттық қозғалысы кезеңіндегі заман, дәуір шындығын, тарихи-қоғамдық жайттарды, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды айқындауда да аса өзекті деп айтуға негіз бар. Алаш ұрпақтарының естеліктері негізінде зерттеу жұмысын жүргізу жұмыстың жүйелі, жинақы әрі нақты нәтижелерге қол жеткізуі үшін аса тиімді болмақ.

Сонымен қатар XX ғасыр басындағы қазақ мемуаристикасының жанрлық ерекшелігі мен көркемдік-идеялық және тақырыптық айырмашылықтарын, мазмұндық-формалық жағынан түрленуін, арыстардың деректі және көркем прозадағы бейнесін анықтаумен қатар алаш идеясының, қозғалысының этносаралық, ұлтаралық қатынастарда және әлемдік өркениетте даму бағдарын айқындауда да аса өзекті деп танимыз.

Алаш кезеңінің шынайы тарихын суреттейтін, заман шындығын, дәуір тынысын сипаттайтын алаш қайраткерлерінің өз еңбектерін және олардың қуған көрген ұрпақтарының естеліктерін бүгінгі күннің тұрғысынан қарап, салыстыра отырып анықтау да маңызды дүние. Сондай-ақ алаш арыстарының әрекетін, қимыл-қозғалысын, портреттерін ұрпақтары жазып сақтаған мемуарлық жазбалар негізінде ғылыми зерттеу жүргізу – қазақ әдебиетінің тарихы, алаштану саласының және жалпы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымының дамуы үшін аса қажетті шаруа болмақ.

Ел тәуелсіздігі жарияланғаннан бергі ширек ғасырдан астам уақыт ішінде ұлттық руханият әлемінің өзекті мәселелері күн тәртібіне шықты. Әсіресе әдебиет пен мәдениет саласындағы ақтаңдақ тақырыптарды қайта қарап, объективті түрде баға беріп, жаңаша зерделеу ісі уақыт күттірмейді. Жаңа дәуірдің қойып отырған талабы сол, қоғамдық ой толқынында әдебиет тарихындағы кейбір мәселелерді қарау үшін соны зерттеу, жаңаша үрдіс қажеттігі аңдалады.

Осы орайда ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Қирабаев: «Қазақ әдебиеті тарихының ақтаңдақ беттері XIX-XX ғасырлар тұсында тіпті көп. Бұл тұстағы біздің қоғамдық саясатымыз орыстармен қарым-қатынасымызға негізделді. Барлық тарихи оқиғалар мен әдеби туындыларға осы тұрғыдан ғана баға берілді. Ал халық тарихы мен әдебиеті Қазақстанның Ресейге қосылуын біржақты ғана бағалаған жоқ, оның қайшылықты жақтарын, отаршылдықтың қазақ қоғамына ауыртпашылық алып келгенін да ашып көрсетті. Сондықтан бұл дәуірлердің әдебиеті коммунистік идеология қысымына көбірек ұшырады. Бүгін соның бәрін қайта қарау, оған ұлттық мүдде тұрғысынан жаңаша баға беру аса қажет» [1, 16] деген ой түйіндейді.

Академик айтып отырғандай, ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарап, жаңаша баға беруге тиіс сала – әдебиеттанудың проза жанрлары, оның ішінде деректі проза екені белгілі. Өз уақытында зерттелмей кенжелеп қалған, кейіннен бірде көркем прозаның, бірде

публицистикалық шығармалардың шылауында кеткен мемуарлық туындылардың аражігін ажыратып, жанрлық сипатын айқындап, әдебиеттегі орнын шегелеп беру күн тәртібінде тұр.

Мемуаристика – әлем әдебиетінде биік үлгілер қалыптастырған, өз тарихы мен даму жолы бар ерекше жанр түрі. Орыс әдебиетінде мемуарлық шығармалардың алтын дәуірі XIX ғасыр болса, бұл жанрдың кейбір үлгілері қазақ әдебиетіне XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Біз зерттеу нысанымызға алынған XX ғасырдың басында мемуарлық шығармалар даму эволюциясының алғашқы сатыларынан өте бастады.

Жалпы мемуар деген не, оның қандай ерекшелігі бар дейтінге келер болсақ, латын-француз тілдерінен алынған *memoire* сөзі қазақша жад (белгі) деген мағына береді.

«Мемуар» термині тарихының ұзақ жолы бар. Оның пайда болуы XV ғасырдың аяғында француз дипломаты және тарихшысы Филипп де Комминнің жазбаларымен байланысты болды және нақтырақ айтқанда, оның «мемуарлары» алғаш рет 1524 жылы жарық көрді.

Орыс ғылымында «мемуар» термині XIX ғасырда тамыр жайып, «авторы өзі қатысқан немесе белгілі бір оқиғалар туралы замандастардың жазбалары – естеліктерді баяндау» [2, 70] дегенді білдірді.

Орыс тарихшылары тарихи дереккөздердің қайнар көзі ретінде осы жанрды, осы бағытта жазылған шығармаларды қарастырды. XX ғасырдың басында тарих ғылымында мемуарлар «автордың өзі қатысушы немесе куәгер болған тарихи оқиғалар туралы естеліктері, тарихи дереккөздердің бір түрі» [3, 343], – деп түсіндірілді.

Сондай-ақ шығармаларды «мемуар», «мемуарлық әдебиет» және «мемуарлық дереккөздер» деген топтарға жіктеп, «негізінен дерек, естелік бола алатын, өткенді баяндайтын замандастардың жазбалары» [4, 32-38], – деп жазба дереккөздердің соңғы тобына біріктіруге талпыныс жасады.

Ал орыс мемуаристикасын зерттеген ғалым А.Г. Тартаковский: «Мемуарлар – тарихи жады, ұрпақтардың рухани сабақтастығы құралдарының бірі және өркениетті қоғамның өткеніне, тұрмыс-тіршілігіне саналы қатынасының көрсеткіш деңгейі» [5, 3] деп сипаттайды. Әрине, бұл сөздің кең мағынасында айтылып тұрған даусыз, ал тар мағынасында қазіргі әдебиеттануда «мемуар» деген жазушының өз өмірі немесе өмір сүрген қоғамы, оның ойы мен қиялы, дүние танымы мен философиясы баяндалатын әдеби естеліктер, күнделіктер мен өткен өмірінің маңызды тұстарын әңгімелей жазылған көркем шығармалар болып шығады.

«Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында мемуар анықтамасы: «Мемуар (фран. *memoires* – еске алу) – авторлардың өздері қатысқан немесе куә болған тарихи оқиғалар, қоғам қайраткерлерінің өнегелі өмірлері туралы көркем естеліктер. Мемуар шығармалардың түрлеріне, сондай-ақ күнделіктер, өмірбаяндық жазбалар да жатады. Мемуарлық шығармада жеке адамның, тарихи тұлғаның тағдырын халық өмірімен тығыз байланыста алып, оның азаматтық өнегелі қалыптасу жолын қоғам дамуындағы іргелі, ұлы өзгерістермен сабақтастыра, нақтылы әрі көркем баяндайды» деп берілген.

Мемуар жанрына қатысты Минз өз еңбегінде: «Мемуар жанрында жазылған шығармалардың дені эмоциядан тұрады. Себебі автор жадында оның жан дүниесіне ерекше әсер еткен оқиғаларды не сезімдерді жазады. Көп жағдайда мұндай жазбалар тек эмоционалды жазбалар есебінде қаралуы тиіс. Сондықтан мемуарлық шығармаларды тарихи дерек ретінде қарағанда оның тарихи құндылығынан гөрі эмоционалды бояуы көбірек болатындай» деп [6], мемуар жанрына қатысты өзінің тағы бір тың ойын жазады. Ал Фейнман мен Д. Уотсон сынды ғалымдар ғалымның ойлау жүйесін түсіну үшін мемуарлық жазбаларды өмірбаянмен қосып оқыту керек деп, керісінеше мемуар жанрының аса маңызды екенін атап көрсетеді [7].

Роберт Лоуелдің өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалым Стивен Акселрод кейде мемуарлық шығармаларда жазылған ойлар автордың ғұмырлық тұжырымы болмауы мүмкін екенін ескертеді. «Әсіресе, Лоуелдің «Одақ өлілері үшін» атты өлеңі ақынның өлеңдері мен естеліктерімен диалогқа түскенде тұжырымдардың қарама-қайшылығын көруге болады» [8] дейді. Демек, мемуарлық шығармаларда айтылатын ой қорытындылары да автордың соңғы тұжырымы болмауы мүмкін екенін ескеру қажет.

Жалпы мемуар жанрына келгенде әлемдік ғалымдар жады теориясына қатысты сараптамаларды жиі мысал етеді. Жеке жады және ұжымдық жадыға қатысты зерттеу жүргізген М. Халбуокос пен П. Нораның «Жады кеңістігі» («Есте сақтау орыны» концепциясы) зерттеулері адамның есте сақтау қабілеті оның мінез-құлқына, ойлау жүйесіне және дүниетанымына әсер етеді деп көрсетеді. Демек, мемуар жанрындағы автордың басынан өткен түрлі оқиғалар, сезімдер мен әсерлер оның жан-дүниесінен хабар беретін, шын мәнінде тек сыртқы әлеуметтік ахуалдың ғана емес, жеке тұлғалық ерекшелігін айқындайтын да белгі екенін ескеру қажет. Мемуар жанрының ішінде жеке жады және ұжымдық жады элементтері де болады. Бұл – табиғи құбылыс. Адам баласы жаратылысы иесі ретінде тұлғалық ерекшелігімен қатар мәдени-әлеуметтік ортаның ықпалында болатыны П. Бурьдьеңің Габитус теориясы негізінде дәлелденгенін ескерер болсақ, шынында да мемуар жанры аса күрделі психологиялық қабаттарды айқындайтын құрал ретінде де ерекшеленеді. Мемуар жанрында жазылған шығармаларда тек тұлғалық ерекшелік қана емес, тұтас бір ұлттық, мәдениеттің мәдени-танымдық қабаты да суреттелуі мүмкін екенін П. Нораның «Жады кеңістігі» жайында жазған зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, келісуге болады [9]. Себебі адамның әсері, мемуар жазуға әкелген түрлі жағдайлар оның жады кеңістігінде ерекше орын алған оқиғалар негізінде қалыптасатынын мемуарлық проза мәтіндерінен аңғаруға болады. Ал америкалық және австралиялық ғалымдардың соңғы уақытта жүргізген тағы бір зерттеулерінде қазіргі таңда өнер мәдени жекелеген түрден жалпы түрге ауысып, бір формаға ойыса бастағаны сарапталған. Сондықтан кез келген өнер өзінің мәдени шекарасын берік қорғауы керек деген тұжырымдарды да айта бастады [10]. Демек, жазу мәнері мен нарративтік ерекшеліктерді мұқият зерттеу бастаған қазіргі таңда мемуар жанры да әлі заман ағымына сай өзгеріп, құбылуы мүмкін деген сөз. Сондықтан зерттеу нысаны ретінде алынған қазақ мемуаристика жанрының қалыптасуы мен бүгінгі күнге дейінгі даму эволюциясын анықтау, жалпы мемуар жанрының даму динамикасын анықтап, біріздендіріп, жүйелеп, болашақ траекториясын анықтауда да аса құнды. Себебі мемуар – тек көркем шығарма жазудың түрі ғана емес, мәдени-ұлттық аспектілер негізінде жеке және жалпы дүниетанымның шекарасын айқындаушы, тарихи дереккөз ретінде де аса құнды жанр.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мемуар жанрының қалыптасуына және ерекшеліктерін айқындауда «Жады теориясы» негізге алынды. М. Халбуокостың «жеке жады» және «ұжымдық жадыға» қатысты тұжырымдары мемуар жанрының жанрлық ерекшелігін айқындауда өз септігін тигізді. Мемуар авторының ақпаратты қайдан алғанын анықтау аса маңызды. Сондай-ақ П. Нораның «Жады кеңістігіне» қатысты тұжырымдары жады кеңістігі жадыға түскен ақпараттар негізінде қалыптасатыны айтылған болатын. Демек, мемуарлық шығарма авторы жазып отырған шығарма мәтініндегі ақпараттар оның жады кеңістігінен алынады. Ал жадыға түсетін ақпарат тек қана адамның өзі көріп-білгені арқылы ғана емес, кейде сыртқы түрлі ақпарат көздерінен немесе қиялдан да туындауы мүмкін екенін ескеру қажет. Сондықтан мемуарлық поза жанрында жазылған шығармаларға автордың «жады кеңістігін» айқындау мақсатында бигорафиялық параллель тәсілі негізінде салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында Шмид қалаған нарратив теориясы негізінде баяндау тәсілдеріне қатысты да сараптама жұмыстары жүргізілді. Себебі кез келген мемуарлық мәтін авторы жазбаны өз атынан тікелей, бірінші жақтан баяндаса да, кейде оқиғаға өзі қатысып, өз өміріне әсер еткен оқиғалар негізінде суреттейді. Ал кейде өзі бақылаушы рөлінде баяндайды. Осы рөлдердің маңыздылығы мәтіннің шынайылығын, деректілігін айқындау барысында аса маңызды. Зерттеуде сараланған мемуарлық мәтіндерге Фрейдтің психоанализдік сараптамалары, яғни автордың ішкі эмоционалды жай-күйі, оның себептеріне байланысты тілдік қолданыстары, Асманның саяси мәтіндер астарындағы мемуарлық элементтер туралы ғылыми тұжырымдары да қолданылды.

Жинақталған ақпараттар мен деректерге сапалық контент анализ, тарихи-салыстырмалы, тарихи-салғастырмалы зерттеу тәсілдері арқылы сараптама, алаш тұлғаларының ғұмырнамасына қатысты естеліктерді, қазақ оқығандарының туыстары мен ұрпақтарының жазған естеліктеріне қатысты салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу жұмыстары, синтез, әдеби-танымдық талдаулар жасалды.

Алаш қайраткерлерінің өз заманы мен айналасы, қоғамы туралы деректері этнографиялық контексте қарастыруға мән беруге болады. Әлеуметтік-мәдени жағдайлар, дәстүрлер, қазақ қоғамының құндылықтар жүйесі дереккөздерін талдауға жаңа көзқарас берді. Сонымен қатар тарихи, әдебиеттанулық және мәдени зерттеулердің үйлесімін қолдану арқылы Алаш азаматының шығармашылық мұрасының маңызы мен рөлі тұрғысынан қарастыру міндеті де тұр.

Жинақталған деректерді біртұтас тұжырымдамалық жүйе ретінде талдап, олардың қоғамдағы рөлін, тарихи мәнін және мәдени мұрасын түсіндіруде кең контексте қарастырылды. Зерттеу барысында қолданылған тарихи дереккөздерге және Алаш тұлғасының шығармашылығына байланысты бұрынғы зерттеулерге сыни көзқараспен баға берілді. Арнайы құжаттарды, хаттарды, естеліктерді, қазанамаларды олардың тарихи-мәдени мәні тұрғысынан талдап, дереккөздердің сенімділігін бағалап, алаш кезеңін түсіндіруде тарихи карталар, фотосуреттер, хаттар және басқа да визуалды материалдар арқылы зерттеу нәтижелерін нақтыланды.

Зерттеу барысында философиялық, мәдени-әдеби және тарихи зерттеу салаларының теориялық принциптері мен заңдылықтары, зерттеу тәсілдері ескерілді.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу барысында XX ғасыр басындағы қазақ мемуаристикасының жанрлық және идеялық-көркемдік табиғатын анықтауда төмендегі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Мемуарлық шығармалардағы басым тақырыптар

Зерттелген 50-ге жуық мемуарлық сипаттағы мәтіннің мазмұны төмендегіше жіктелді.



3. Жады теориясы негізінде мемуар мәтіндерін жіктеу (П. Нора мен Халбуокостың негізінде)

Жады түрі	Белгілері	Мысалдар
Жеке жады	Автордың тікелей қатысқан оқиғалары	Шәкәрімнің Абай жайлы естелігі
Ұжымдық жады	Ұлттық санада сақталған тарихи оқиғалар	Алаш қайраткерлерінің қуғын-сүргіні жайлы жазбалар

Бұл нәтижелер қазақ мемуаристикасының жанрлық күрделілігін, ұлттық жадымен байланысын, сондай-ақ қоғамдық-мәдени, саяси тарихи өзгерістерге қатысын терең көрсетеді. Сонымен бірге авторлардың ішкі сезімі мен эмоционалдық бояуын зерттеу – олардың шығармаларының әрі деректік, әрі көркемдік сипатын ұшпастырады.

Қорытындыланған нәтижелер:

- Қазақ мемуаристикасы ежелгі жазба дәстүрлерден бастау алып, XX ғасырда Алаш қайраткерлерінің қызметімен жаңа сапалық деңгейге көтерілді.
- Жады теориясына негізделген талдау нәтижесінде мемуарлық шығармаларда субъективті және ұжымдық жадының элементтері тығыз байланысты екені дәлелденді.
- Мемуарлық жанр тарихи дерек пен көркем баяндау аралығындағы аралық жанр ретінде отандық әдебиетте ерекше маңызға ие.
- Алаш арыстары мен олардың ұрпақтарының жазбалары – тек әдеби жәдігер емес, тарихи-психологиялық және мәдени дереккөз ретінде де аса құнды.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ мемуаристикасының қалыптасуын орыс әдебиетінің ықпалы ретінде түсіндіретін зерттеушілер жоқ емес. XIX-XX ғасырлардағы бүкіл оқу жүйесіне орыстың әсері мол болғанын жоққа шығармасақ та, ұлттық әдебиетіміздегі мемуарлық дәстүрлерден өте ертеден қалыптасқанын, даму тарихы барын естен шығармағанымыз абзал. Көк түріктер империясының дәуірлеген шағының куәгері саналған Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің мәтіні қызықтырады. Ондағы тарихи тұлғаға қатысты биографиялық деректер мен естелік элементтерін ұшырастырамыз. «Құтлығ қаған», «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Күлі Чор» және «Мойын Чор» ескерткіштерінің атауларынан-ақ ғұмырнамалық форманың қалыптасуы қазақ ұлттық мемуаристикасының бастау көзінің тарихы тым тереңде екенін сөзсіз аңғартады. Мәселен, «Күлтегін» ескерткішіндегі «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бұмын қаған, Істемі қаған таққа отырған. Таққа отырып түрік халқына, еліне, төріне (билік) тұтқа болған, қалыптастырған...» деп басталатын мәтін және «Тоныкөк» жазба ескерткішіндегі «Ақыл иесі, сөз иесі мен болдым» дейтін сөз тіркесі сияқты жарқын мысалдар үлгісі мемуарлық шығармалардың төркіні көнеден тамыр тартатынын аңдатса керек.

Өз кезегінде бұл жайттар түркі-қазақ ұлтының қоғамдық даму формацияларының өзгеруіне байланысты әр алуандыққа түрленіп отырды. Қазақ даласына ислам мәдениетінің орнығуына, діннің ықпалы күшейгенінен араб жазуы үлгісіндегі еңбектер де қазақ мемуарлық шығармаларының бастау бұлағын айқындай алады. М.Х. Дулати «Тарих-и Рашиди» атты ғұмырнамалық туындысы мемуарлық шығарма талаптарына толық жауап беретін бірегей, құнды дүниелер ретінде бағаланған.

Ал ұлттық қазақ мемуарлық шығармаларының тағы бір тамаша үлгілері алғашқы ағартушылар еңбектерінде, мәселен Шоқан Уәлихановтың (1835-1865) мұраларында жарқырай көрінген. Оның «Ыстықкөл сапарының күнделігі» (1856) атты шығармасы орыс тілінде жазылғанына қарамастан, қазақ әдебиетінің мемуарлық еңбектерінің көшбасында, інжу-маржаны ретінде танылған.

«Ыстықкөл сапарының күнделігі» – Шоқанның сыршылдығымен аса білімдар кісі екенін халыққа таныта білген бірден-бір бағалы еңбектердің бірі. Шоқанның аз ғана уақыт

ішінде жазған бұл еңбегі қаншама жыл өтсе де, өз оқырмандарын жоғалтпаған, керісінше, құрылымы мен ерекшеліктері жас буынды өзіне ерітіп, баурап алып келеді.

Тарихшы, этнограф, ағартушы Салық Бабажановтың (1831-1871) «Қазақтың қазақ туралы жазбалары» атты еңбегі мазмұн байлығымен, танымдық құндылығымен және автор пайымдарының шынайылығымен ерекшеленеді. «Оның (С. Бабажановтың – З.К.) осы соңғы 2 желтоқсанда жазған жазбаларын жария етуді және оның қызғылықты мазмұнымен басқаларды да, әуесқой оқырмандарды да таныстыруды өзімнің міндетім деп санаймын» деп жауапкершілікті мойнына алған ғалым П. Небольсин «Карл Ивановичтің жақын арада келуін күтіп отырмыз. Ол – біздің Ордамыз жайлы жаңа генерал-губернатор алдында көптеген жоспар мен ұсыныстар қоюға келген еді» деп басталатын жазба мәтіні «меннің» атынан баяндалуымен, Ордада болып жатқан жайттарды таныстырудағы шынайылығы және нақтылығымен, тақырып аясынан ауытқып бара жатса, тізгін тартып, ғафу өтінетін этикалық тәртіптілімен сүйсіндіреді.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, академик Р. Нұрғали дұрыс көрсеткендей, Алаш ұранды әдебиет болып қалыптасты. Ұлт-азаттық қозғалыс кезеңінде туған әдебиет бостандық мүддесін көздеді. Бір мүдде мен идея төңірегін топтасқан қазақ зиялылары қандай мамандық иесі болғанына қарамастан, Ахаң айтқандай, қалам қайраткерлері қатарынан көріне білді. Азаттық қозғалысының негізгі қозғаушы күшіне де осы қалам қайраткерлері айнала алды.

Ұлттық мүдде мен ұлттық идея дүниеге ұлттық әдебиетті әкеледі. Бұл кездегі әдебиет өзінен кейінгі жылдары қара күйе болып жағылған «ұлтшылдық» әдебиеті болып қалыптасты. XIX ғасырдың екінші жартысында санаулы ғана жазба әдебиет өкілдерінің қатарын орыс тілі мен оқуын үйренген, Ресейдің ішкі қалаларынан білім алған талантты шоғыр келіп толтырды. Сол кезеңдегі патша заңдарының рұқсат беруімен ашылған алғашқы ұлттық басылымдар, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті, т.б. жарық көруі көркем жазба әдебиеттің дамуына қатты әсер етті, жазушылар мен жазушылардың да саны еселеп артты.

Аталған дәуірдегі әдебиеттің ықпалы, жанрларының қалыптасуы жайында «Алаш қозғалысы» энциклопедиялық анықтамалығында былай делінген: «Көркем проза, драма, әдеби сын жанрдың алғашқы үлгілері туып қалыптасуы ұлттық жазба әдебиетінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін аңғартты. Бұл бағытта Алаш қайраткері М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» туындысы тұңғыш роман болса, Алаш қозғалысы өкілдері Б. Серкебаевтың, Ж. Аймауытовтың, М. Әуезовтің, Қ. Кемеңгерұлының драмалық туындылары осы жанрдың алғашқы үлгілері болғаны белгілі. Әдеби сынның қалыптасуы, оның шығармаға, әдеби мұраға, әдеби үдеріске баға беруі – жазба әдебиеттің есейе бастағандығының айғағы болды».

Бұл кезеңде арнайы тұтастай мемуарлық шығармалар жазылмаса да, Ахмет Байтұрсынұлы меңзегендей, қалам қайраткерлерінің ұлт алдындағы басты парызы – халықты теңдікке жеткізу жолындағы күрестің бәрінен де маңызды екені айқындалды. Яғни жұртты қалың ұйқыдан оятатын әдеби тәсілдердің алдыңғы орынға шыққаны айқын. Бұл жолда ақын-жазушылар ғана емес, саясат серкелері де, басқа мамандық иелері болғанына қарамастан, өздері өмір сүрген орта мен дәуір туралы, қоғам мен ел-жұрт өмірі турасындағы, ірі оқиғалар мен тарихи бетбұрыстар жайлы жазбалары зерттеуге да тұрарлық.

Алаш кезеңіндегі мемуарлық шығармалардың қатарына қалам қайраткерлері Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейханның, А. Байтұрсынұлының, Ж. Аймауытұлының, М. Әуезовтің, М. Жұмабайдың, М. Шоқайдың, Қ. Сәтбаевтың, Ә. Марғұланның, т.б. еңбектері осы жанрдың тұңғыш тәжірибелері болады.

Мәселен, данышпан Шәкерімнің өзінің азамат болып қалыптасуына, ақындық болмысын айқындауға хәкім Абайдың әсері туралы «Әкеміздің бір шешесінен туған – Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан дана бөлек кісі еді. Ер жеткен соң сол кісіден тәлім алып, әр түрлі кітаптар оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сезіндім» деп тебіреніспен еске алуы мемуарлық шығарма табиғатына тән құбылыс. Абай

тұлғасын ұлықтаған Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхан бас болып, некролог арнап, шығармашылық мұрасын жинап, бастыруды қолға алып ұйымдастырған тарихи факт.

Қазақ халқының өркениетті қоғамға жетуі үшін тер төккен өзге халықтардың оқымысты ғұламаларынан Г.Н. Потаниннің, А.Ф. Затаевичтің, З.У. Тоғанның, Т. Сафиевтің, М. Қаридың, М. Тачмыраттың, басқалардың да естеліктерінен Алаш кезеңіне қатысты, оның тұлғалары турасында да мол деректер кезіктіреміз.

Әсіресе Г. Потанин өз жазбаларында: «Бұл сапарда менімен бірге Петроград университетінің студенті – Қарқаралы ауданындағы Тоқырауын өзенінің жағасының тумасы қырғыздың жас сұлтаны Сұлтанғазин болды. Шыңғыс Уәлиұлының ұлдары талай ертекішілерді тауыпты, менің серігім сұлтан Сұлтанғазин оларды орысшаға аударып берді, мен оның аудармасын жазып алдым; оның өзі ештеңе жазбады. Уәлихановтар әрқашан екі қазақ руымен – атығайлар және қарауылдармен ортақ көшпелі аумағы болды; олармен бірге бір жерді жаз жайлап, қыс қыстаған, сондықтан Г. Сұлтанғазин жазып алған ертегілер бойынша оларды атығайлар мен қарауылдар айтқан деп айтуға болады. Ал басқа жолдармен алынған ертегілер туралы тиісті орындарда белгілер қойылады» деп, ертегі жинауда көмектескен серігіне ризашылық білдірген көңілін жасыра алмайды.

Бұдан бөлек сталиндік жазалау саясатынан аман қалса да, елден жасырынып бертінге дейін өмір сүруге мәжбүр болған Алаш зиялыларынан А. Жанталин, У. Танашұлы, Ә. Ермекұлы, Ә. Оспанұлы, И. Тоқтыбайұлы, М. Бұралқыұлы сынды қайраткерлердің жазған естеліктерінің құны еш кемімейді.

«Мен өмірдің ащы-тұщысын өзгелерге қарағанда көбірек көрген адаммын. Бірақ, соның ащылау жағы тіптен көбірек және тым артықтау болды ма деп ойлаймын. Әйтсе де, менің арым алдындағы жүрегім ақ, көңілім таза. Жападан жалғыз қалған соңғы сәттерімде өзіммен-өзім отырып, мұңға батамын. Мұң – менің сырласым. Ойлап қараңызшы, одан басқа кімім бар менің. 86 жылдық ғұмырымда бұл өмірде не істеп, не қойдым, әсіресе өзімнің туған республикама, Отаныма не жақсылық жасадым. Рас, маңдайымның терін ағызып, жанымды шүберекке түйіп жүріп, жеті жыл қызмет еттім сол еліме. Әсіресе, республика шекарасын белгілуде досым Әлімхан Ермеков екеуіміздің В.И.Лениннің бір күнде екі рет қабылдауында болып, Я.Свердловпен жаға жырттыса салғыласқанымыз есімде.

Өзекке түскен өкініш көп...» [11, 14] деп сыр ақтарып, мұңын шағып жазған ұлт қайраткері У. Танашұлының өткен күннің бедеріне көз салып, көп дүниеден, әсіресе аса маңызды оқиға – жер тағдырын арқау еткен бұл естелігінің әдебиеттегі ғана емес, геосаясат алаңындағы ғана емес, ұлт тарихы мен руханиятындағы құны қашанда айрықша.

«Антикалық өмірбаянда адамның қоғамдық, сыртқы бейнесі көрсетіліп, мадақ әдебиеттердегі формаға негізделген оның мадақталған образы беріледі» [12], – дейді ғалым С. Сандлер.

Зерттеуші И.О. Шайтанов мемуар жанрының айқын шекарасы жоқ, жалпы көркемдік құрылымы солқылдақтау болып келетін, шебер қаламгердің көркемдік өрнектері ме немесе куәгердің әдеби екіұштылығы ма, қайсысы басымдау болып келетіні белгісіз жанр деген ой айтады.

Ал С.В. Житомирская мемуар мен көркем әдебиеттің ара-жігін ажыратудың мынадай критерийін ұсынды: «ойдан шығарылған кейіпкерлер мен оқиғалардың болуы және болмауы», ал «автордың өмірбаяндық шығармада өзіне жалған қарапайым есімді таңдауы оның мемуарлық жанрына күмән келтіруге негіз бола алмайды».

П.А. Зайончковский және ол басқарған ұжым тіпті шындыққа жақын екендігіне қарамастан, «беллетристикалық естеліктерді», сондай-ақ «өмірбаяндық схемаға негізделген әдеби шығармаларды» есепке алудан бас тартқанын былайша білдіреді: «Естеліктер арқылы біз автор өзі немесе баяндаушы байқаған, белгілі бір жерде және белгілі бір уақытта болған, сондай-ақ белгілі бір адамдар қатысқан нақты оқиғаларды сипаттайтын шығарманы түсінеміз».

Ал А.Г. Тартаковский жанрлық шекарасы дүдәмал деген пікірмен келіспейтіндігін, мәселе бұндай ойдың туындауы мемуардың жеке табиғатынан шығып тұрмағанын, мемуарды

тарихи тұрғыдан да, әдіснамалық тұрғыдан да түбегейлі зерттеу жұмыстарының жетімсіздігінен болып отырғанын көлденең тартады [13, 13].

Бұл жөнінде И.А. Поляков, М.А. Смирнова сынды ғалымдар: «Өмірбаяндық мәліметтері бар әдеби шығармаларды естеліктерге қоспау критерийі ойдан шығарылған кейіпкерлердің немесе ойдан шығарылған оқиғалардың болуы, сондай-ақ «автобиографиялық шындықты» анықтау үшін ғалымдар ескерткішке ұзақ әдеби зерттеу жүргізуге тура келетін жағдайлар болды» [14], –деп жазды.

Қазақ әдебиетінде мемуаристика тақырыбы тек 2000 жылдардан бері ғана қызықтыра бастады. Әдебиеттанушылар негізгі зерттеу нысанына алынған шығармалардың нәтижесінде жарияланған Қ. Ергөбектің «Сарасөз», Н. Ақыштың «Қазақ мемуарлық романы» монографиясы, Ә. Кәкенованың «Қазақ прозасындағы Мұхтар Әуезов бейнесі және шығармашалық тұлға концепциясы», Н. Балтабаеваның «Қазақ роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оны оқытудың даралық-дәстүрлік ұстанымдары», Алмира Қалиеваның «Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм» зерттеулерін жатқызуға болады.

Филология ғылымдарының кандидаты Қ. Байтанасова: «Мемуаристиканың осындай жанрлық табиғаты тек мемуарға, естелікке ғана емес, күнделікке де белгілі бір дәрежеде қатысты. Олардың арасындағы айырма ең алдымен болмысты көрсету ерекшелігінен туындайды: ол күнделікте синхронды түрде, естеліктерде ретроспективалы түрде беріледі. Егер күнделік оқиғалары стихиялы ағыммен, яғни көз алдында өткен «әлі онша айқындала қоймаған, өмірлік процесс әлі шешімін таппаған тұста» жазылса, естелік өткен өмірдің «әбден ойластырылған», алыс, жақын оқиғалардың сұрыпталған түрі. Осыдан келіп күнделік пен естелік құрылымының айырмасы шығады: біріншісінде дискреттік-үзік, айырымды оқиғалар, екіншісінде өзара байланысты, сюжеттік және композициялық жағынан тұтас, құрылымды әңгіме болады», – дейді «Орыс мемуаристикасының қалыптасуы» атты мақаласында.

Тұтастай алғанда, мемуарлық шығармалардың жанрлық сипаты шығармаға автордың өзі қатысуымен, оның жеке өмірінен гөрі елдің, қоғамның өмірі көрініс табуымен ерекшеленеді.

Мемуаристика – өзіндік даму жолы қалыптасқан, ұзақ тарихы бар, қазіргі кезде оқырман қызығушылығын тудырып келе жатқан қызықты жанр. Гюто: «Шындығында әңгімелердің «біз үшін не істейтіні» туралы мәлімдемелер қарапайымнан кереметке дейін өзгереді» [15] дейді. Ендеше адамды жануардан ерекшелейтін басты қасиеті ақылы, сөзі және сезімі десек, сол ақылының да, сөзі мен сезімінің де әріп таңбасын жинақтаған мемуар жанры адамның жан-дүниесін, өмірге деген көзқарасын айқындайтын, болмысын тануға зор мүмкіндік беретін шындыққа жақын жанр. Қоғамда көптеген оқырмандар атақты адамдар өмірін, өткен өмірдегі тарихи оқиғалардың бүгінгі күнмен сабақтастығын сипаттайтын шығармаларды оқуға құмар. Демек, прозаның өзге салалары сияқты мемуар да болашақта өзектілігін жоя қоймайды, керісінше қоғам сұранысы, құндылығы артуы мүмкін екенін жоққа шығармаймыз.

XX ғасыр басында қазақ прозасының өзі аяғынан қаз басып енді тұрып келе жатқан кезеңінде көркем прозаның ішінде жүріп мемуарлық элементтері басым туындыларды да зерттеу, аршу ісі маңызды болмақ. Себебі бұл кезең – әдебиеттің жанрлық тұрғыда көпсалалық дамуының бастау алған уақыты. Проза туындыларындағы естелік сипаттағы элементтерді зерттеу қоғамның сол кезеңдегі тарихи және әлеуметтік жағдайын, авторлардың ішкі әлемін, сол заманның өзекті мәселелерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік берді.

Мемуарлық әдебиетте автордың өзі көрген, басынан кешкен оқиғаларға байланысты нақты мәліметтерге негізделген әңгімелері мен естеліктері жиі орын алуы – прозалық шығармалардағы тарихи контекстің дәлелдеу мен көркем әдебиетті деректемелік тұрғыда талдауда маңызды құралға айналады. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының және басқа алаш қайраткерлерінің шығармаларында мемуарлық сипатты ойлармен көркемделген прозалық эпизодтар кездесті. Мұндай зерттеулер қазақ мәдениетінің дамуындағы рухани мұраны

толыққанды түсінуге жол ашады және қоғамның тарихи жадын сақтау мен жаңғыртуға ықпал ететіні сөзсіз.

Зерттеу барысында алаш ұранды әдебиеттің қалыптасу жолында прозалық жанрдың түрлілігі, әр алуандығы қарастырыла отырып, қазақ мемуарлық шығармаларының қалыптасуына ықпал еткен әсерлер қамтылды. Сонымен бірге шетелдік және отандық ғалымдардың «мемуар» терминіне берген анықтамалар келтіріліп, түсініктемелер берілді. Сонымен қатар мемуарлық шығармалардың жанрлық ерекшелігіне де тоқталып, осыған дейін ғылыми айналымда жүрген түрлі ой-пікірлерді талқылап, тұжырымдар жасалды. Алаш кезеңі әдебиетінің қалам қайраткерлерінің еңбектеріне және олардың замандастары мен ұрпақтары жазған естеліктерге зерттеу жүргізе отырып, біз автор мен қоғам шындығын, дәуір сипатын анықтауға болатынына көз жеткіздік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Алаш кезеңі тәуелсіздік жылдарында аса кең ауқымда зерттелген тақырыптардың бірі десек те, совет өкіметі цензурасының «сойылы» көп тиген, көп «таяқ жеген» (дерекнамалық негізде) және түрлі саяси реформалар нәтижесінде бұрмалауға ұшыраған ғылым нысаны болғаны анық. Сондықтан XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, тарих, әлеуметтану, саясаттану, теология және педагогика, психология сынды ғылыми бағыттарда зерттеліп жатқанымен де, әлі де толық зерттеліп, айқындалған жоқ. Себебі әлі күнге дейін XX ғасыр басында ерекше екпінмен қазақ ғылымы мен руханиятының дамуына әсер еткен Алаш ренессансының сандық-сапалық көрсеткіштерін, Алашорда өкіметінің құрамына енген әрбір тұлғаның аты-жөні мен библиографиялық анализін, Алаш идеясын насихаттаған әрбір алаш арысының қайраткерлік және тұлғалық болмысын, сондай-ақ кезең мемуаристикасын зерттеп болғанымыз жоқ. Мысалы, Алаш арыстарының ең атаулылары Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік қызметі мен шығармашылығына қатысты зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатса да, олардың шежіресі, ұрпақтары, тарихи тұлғалығы, адами қасиеті, кісілік келбеті толыққанды зерттелді деп айтуға болмайды. Бұдан да басқа қаншама тұлғаларымыз ескерусіз, елеусіз жатыр. Олардан туған ұрпақтың үрей құшағында өмір кешуі, жақсы оқу оқып, жақсы жұмыс тауып қоғамға орныға алмауы, орныққаны былай тұрсын, көз ашпастан қуғын-сүргін көріп, жер-жерді паналауға мәжбүр болғаны да әлі толық зерттелген емес. Ғылыми және әдеби айналымға түспей, мұрағат пен қолжазбалар қорында жатқан қаншама мәтіндердің барлығы соңғы уақытта жарық көрген ғылыми жаңалықтар легінде байқалады. Алаш қозғалысының, алаш ағартушылығының, қазақ ұлтшылдығының оқиғаларын қаз-қалпында баяндайтын жазбалар ретінде алаш естеліктерінің (мемуарларының) зерттелуі осындай жағдайда болса, өзге халықтар мен мәдениет өкілдері тарапындағы алаш идеясына қатысты зерттеулер қазақ ғылыми айналымына енбегені бір бөлек мәселе.

Алаш арыстары ұрпақтарының естеліктеріне сүйене отырып, алаштың негізгі идеясын, оның басталуының алғышартын, себептерін, қозғаушы күшін, басты тұлғаларын, олардың байланыстарын, туыстық та қатынастарын, әсіресе азапты абақты жолдарында, Сібірдің суық аяздарында бірін-бірі іздеп, біріне-бірі қорған болғаны әзиз жандардың бауырмалдық, қайырымды, мейірбан қасиеттерін зерттеу-зерделеу де аса өзекті зерттеу жұмысы болмақ. Салыстырмалы анализ ретінде Ресей тарихында түрме құбылысын және біздің ұлт ұғымындағы абақты азаптарын атауға болады. Мысалы, орыстың қылмыс әлемінің жазылмаған заңдары, олар орнатқан тәртіп, жүргізген жүйе, кәнігі қылмыскерлерге қосып қойып қамаған кездегі орыс интеллигенциясының тағдыры, ал бұл кезеңдегі қазақ зиялыларының бастан кешіргендері, қылмыс серкелеріне қарсы тойтарыс беруі орыс деректерінде талай жазылып дәлелденген фактілердің біреуі ғана. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп бірлікті ұқтырған Алаш қайраткерлерінің әрбір қадамы, әрбір сәті бүгінгі күнде де маңызды, өзекті деп ойлаймыз.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала AP22688434 «Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика: XX ғасыр басындағы мұраны кешенді зерттеу» жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қирабаев С. Әдебиеттің ақтандақ беттері. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
- 2 Мемуары // Энциклопедический словарь. Т.19. – СПб, 1896. – С.504. [орыс тілінде]
- 3 Биск И.Я. Мемуары // Советская историческая энциклопедия. Т.9. – М., 1966. –С.343. [орыс тілінде]
- 4 Деревнина Л.И. О термине «мемуары» и классификации (историография вопроса) // Вопр. архивоведения. 1963. №4. – С.257. [орыс тілінде]
- 5 Тартаковский А. Русская мемуаристика XVIII — первой половины XIX в. — М.: Наука, 1991. — 288 б. [орыс тілінде]
- 6 Mintz S. Memoir: An Introduction // Life Writing, 2013. – Б. 353-356 <https://doi.org/10.1080/14484528.2013.802201>.
- 7 Druckman, A. The Seductive Scientist: The Emergence of a New Identity Based on Heroism and Joy in Twentieth-Century Scientific Memoirs // Notes and Writings, 2023. <https://doi.org/10.1098/rsnr.2023.0051> [ағылшын тілінде]
- 8 Axelrod, S., & Kość, G. Lowell's Life Writing in Prose and Poetry. Bishop-Lowell Studies, 2023. <https://doi.org/10.5325/bishoplowellstud.3.0018> [ағылшын тілінде]
- 9 Benza P., Kropp K., et al. Homologies in fields of cultural production. Evidence from the European scientific field // Poetics, 2024. – Vol.107. - P.2-14 <https://doi.org/10.1016/j.poetic.2024.101945> [ағылшын тілінде]
- 10 Jerram, S., Diprose, G., Waipara, N., Harvey, M., Mullen, M., Craig-Smith, A. and McBride, C. Disease Narratives and Artistic Alternatives. Knowledge Cultures, 2023. – V.11(1) - P.135-153. <https://doi.org/10.22381/kc11120238> [ағылшын тілінде]
- 11 Жұмағұл С.Б. Естеліктегі Алаш. Әдеби-танымдық басылым. – Қарағанды: TENGRI Ltd, 2018. – 676 б.
- 12 Сандлер, С. В. Тема карнавала в контексте философии М. М. Бахтина [Текст] // Studia Litterarum. – 2016. – Т. 1, № 3-4. – ISSN 2500-4247. – Москва: Федеральное государственное бюджетное учреждение науки Институт мировой литературы им. А. М. Горького Российской академии наук, 2016. – С.456. [орыс тілінде]
- 13 Матханова Н.П. Сибирская мемуаристика XIX века. – Новосибирск: СО РАН, 2010. - 551 с. [орыс тілінде]
- 14 Поляков И., Смирнова М. К истории изучения русской мемуарной литературы XVII-XVIII вв.: проблема систематизации // Studia Litterarum. Санкт-Петербург: Российская национальная библиотека, 2021. – Т.6, №4. – С. 400-445. DOI: <https://doi.org/10.22455/2500-4247-2021-6-4-400-445>. [орыс тілінде]
- 15 Hutto, D. Narrative and Understanding Persons. Royal Institute of Philosophy Supplement, 2007. 60, 1-15. <https://doi.org/10.1017/S1358246100009589> [ағылшын тілінде]

Материал 16.06.2025 баспаға түсті

Мемуаристика в казахской литературе: формирование и жанровая специфика

З.Т. Каримхан¹, Қ.А. Аубакирова¹, А.Т. Смагулова¹

¹Университет Шакарима, Семей, 014707, Казахстан

В статье анализируется возникновение термина «мемуары», его жанровые особенности, функции и место в мировой литературе. Также были рассмотрены этапы и особенности становления мемуарного жанра в казахской литературе, мнения зарубежных и отечественных ученых, давших определение термину, понятие «Память», понятия «личная память» и «коллективная память». проанализированы и проведен сравнительный анализ.

При определении периода формирования мемуаризма в казахской литературе обращалось внимание на мемуарные элементы в орхоно-енисейских надписях. Установлено, что исторические воспоминания, высеченные на камне в тюркскую эпоху, имеют определенную степень мемуарного характера. В последующие периоды великие просветители Ш. Дневники и исследования Валиханова, а также М. Проанализирован мемуарный характер этнографических сочинений Бабажанова. Эти произведения не только отражают жизнь и дух той или иной эпохи, но и считаются важным источником в отражении изменений и социальных явлений в обществе.

Особое влияние на развитие мемуарного творчества оказали также деятели движения Алаш начала XX века. Развитие литературы Алашского направления было связано с радикальными изменениями в политической, социальной и культурной жизни казахского общества. Хотя конкретных мемуаров в этот период не было написано, как отметил Ахмет Байтұрсынұлы, главной целью писателей была борьба за равноправие народов. В этой связи не только поэты и писатели, но и политические деятели, люди других профессий оставляли записи о времени и обществе, в котором они жили, о важнейших событиях и поворотных моментах истории. Эти сочинения чрезвычайно ценны как исторический и литературный источник, достойный изучения сегодня.

Поскольку жанр мемуаров находится на стыке документального, исторического и художественного, в числе важных вопросов рассматривались его место в литературе, уровень достоверности, а также сочетание документального и художественного.

Казахская мемуаристика, как одна из важнейших отраслей национальной литературы, выработала свою уникальную модель художественного изображения исторических фактов. Исследования в этой области дают прекрасную возможность возродить национальную историческую память, узнать о прошлом народа и оставить важные данные для будущих поколений.

Ключевые слова: мемуары, казахская литература, литературный жанр, жанровая характеристика, мемуарные произведения, проза алашского периода

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Кирабаев С. Белые пятна в казахской литературе. Учебное пособие. – Алматы: Гылым, 1995. – С.288. [на казахском языке]
- 2 Мемуары // Энциклопедический словарь. Том 19. – СПб., 1896. – С.504.
- 3 Биск И.Я. Мемуары // Советская историческая энциклопедия. Том 9. – М., 1966. – С.343.
- 4 Деревнина Л.И. О термине «мемуары» и классификации (историография вопроса) // Вопр. архивирование. – 1963. – №4. – С.257.
- 5 Тартаковский А. Русская мемуаристика XVIII – первой половины XIX в. – М.: Наука, 1991. – С.288.
- 6 Mintz S. Memoir: An Introduction // Life Writing, 2013. – P.353-356. <https://doi.org/10.1080/14484528.2013.802201> [на английском языке]
- 7 Druckman, A. (2023). The Seductive Scientist : The Emergence of a New Identity Based on Heroism and Joy in Twentieth-Century Scientific Memoirs. Notes and Writings <https://doi.org/10.1098/rsnr.2023.0051> [на английском языке]
- 8 Axelrod, S., & Kość, G. Lowell's Life Writing in Prose and Poetry. Bishop-Lowell Studies, 2023. <https://doi.org/10.5325/bishoplowellstud.3.0018> [на английском языке]
- 9 Benza P., Kropp K., et al. (2024). Homologies in fields of cultural production. Evidence from the European scientific field // Poetics. – Vol.107. – P.2-14 <https://doi.org/10.1016/j.poetic.2024.101945> [на английском языке]

- 10 Jerram, S., Diprose, G., Waipara, N., Harvey, M., Mullen, M., Craig-Smith, A., and McBride, C. (2023). Disease Narratives and Artistic Alternatives. *Knowledge Cultures*, 11(1), 135-153. <https://doi.org/10.22381/kc11120238> [на английском языке]
- 11 Жумагул С.Б. Воспоминания Алаш. – Караганда: ТЕНГРИ И.Д., 2018. – С.676. [на казахском языке]
- 12 Сандлер, С. В. (2006). Тема карнавала в контексте философии М.М. Бахтина [Текст] // *Studia Litterarum*. – Т.1, № 3-4. – ISSN 2500-4247. – Москва: Федеральное государственное бюджетное учреждение науки Институт мировой литературы им. А.М. Горького Российской академии наук, 2016. – С.456.
- 13 Матханова Н.П. Сибирская мемуаристика XIX века. – Новосибирск: СО РАН, 2010. – С.551.
- 14 Поляков, И. А., Смирнова, М. А. К истории изучения русской мемуарной литературы XVII-XVIII вв.: проблема систематизации [Текст] // *Studia Litterarum*. – 2021. – Т.6, №4. – DOI: <https://doi.org/10.22455/2500-4247-2021-6-4-400-445>. – Санкт-Петербург: Российская национальная библиотека, 2021. – С.400-445.
- 15 Hutto, D. Narrative and Understanding Persons. *Royal Institute of Philosophy Supplement*, 2007. 60, 1-15. <https://doi.org/10.1017/S1358246100009589> [на английском языке]

Материал поступил в редакцию журнала 16.06.2025

Memoirs in Kazakh literature: formation and genre specifics

Z. Karimkhan¹, K. Aubakirova¹, A. Smagulova¹

¹ Shakarim university, Semey, 014707, Kazakhstan

The article analyzes the emergence of the term «memoir», its genre features, its function and its place in world literature. Also, the stages and features of the formation of the memoir genre in Kazakh literature, the opinions of foreign and domestic scholars who defined the term, the concept of «Memory preservation», the concepts of «personal memory» and «collective memory» were analyzed and a comparative analysis was conducted.

In determining the period of formation of memoirism in Kazakh literature, attention was paid to the memoir elements in the Orkhon-Yenisei inscriptions. It was determined that historical memoirs carved on stone during the Turkic era had a certain level of memoir character. In subsequent periods, the memoir character of the diaries and researches of the great enlighteners Sh. Ualikhanov, as well as M. Babazhanov's ethnographic writings was analyzed. These works not only reflect the life and spirit of a certain era, but are also considered important sources for showing changes in society and social phenomena.

The figures of the Alash movement of the early 20th century also had a special influence on the development of memoir creativity. The development of Alash-inspired literature was associated with fundamental changes in the political, social and cultural life of Kazakh society. Although no specific memoir works were written during this period, as Akhmet Baitursynuly pointed out, the main goal of the writers was the struggle to bring the people to equality. In this regard, not only poets and writers, but also political figures and people of other professions left notes about the time and society in which they lived, about major events and historical turning points. These notes are of great value as a historical and literary source worthy of study today.

Since the memoir genre is the intersection of documentary, historical and fiction, its place in literature, the level of authenticity, the combination of documentary and artistic, have been considered among the important issues.

Kazakh memoirs, as one of the important branches of national literature, have been forming their own model of artistic depiction of historical facts. Research in this area provides a great opportunity to revive national historical memory, learn about the past of the people, and leave important data for future generations.

Key words: memoirs, Kazakh literature, literary genre, nature of genre, memoirs, prose of the Alash period

REFERENCES

- 1 Kirabaev S. (1995), *Adebiyettin aktandak betteri* [Blank spots in Kazakh literature]. Study guide. – Almaty: Gylym. – P.288. [in kazakh]
- 2 Memuary. (1896), *Entsiklopedicheskiy slovar*. [Memoirs. Encyclopedic dictionary]. Volume 19. – St. Petersburg. – C.504. [in russian]
- 3 Bisk I.YA. (1966), *Memuary // Sovetskaya istoricheskaya entsiklopediya*. [Memoirs // Soviet historical encyclopedia]. Volume 9. – M. [in russian]
- 4 Derevnya L.I. (1963), *O termine «memuary» i klassifikatsii (istoriografiya voprosa)* [On the term «memoirs» and classification (historiography of the issue)] *Vopr. archiving*. №4. – C.343. [in russian]
- 5 Tartakovsky A.D. (1991), *Russkaya memuaristika XVIII – pervoy poloviny XIX v.* [Russian memoirs of the 18th – first half of the 19th century]. – M. – C.288. [in russian]
- 6 Mintz, S. (2013), *Memoir: An Introduction*. *Life Writing*, 10, p. 353-356. <https://doi.org/10.1080/14484528.2013.802201>.
- 7 Druckman, A. (2023), *The Seductive Scientist: The Emergence of a New Identity Based on Heroism and Joy in Twentieth-Century Scientific Memoirs. Notes and Writings* <https://doi.org/10.1098/rsnr.2023.0051>
- 8 Axelrod, S., & Kość, G. (2023), *Lowell's Life Writing in Prose and Poetry*. *Bishop-Lowell Studies*, 2023. <https://doi.org/10.5325/bishoplowellstud.3.0018>
- 9 Benza P., Kropp K., et al. (2024), *Homologies in fields of cultural production. Evidence from the European scientific field // Poetics*. – Vol.107. – P.2-14. <https://doi.org/10.1016/j.poetic.2024.101945>
- 10 Jerram, S., Diprose, G., Waipara, N., Harvey, M., Mullen, M., Craig-Smith, A., and McBride, C. (2023), *Disease Narratives and Artistic Alternatives*. *Knowledge Cultures*, 11(1), 135-153. <https://doi.org/10.22381/kc11120238>
- 11 Zhumagul S.B. (2018), *Esteliktegi Alash* [Memories of Alash]. – Karaganda: TENGRI I.D. – P.676. [in kazakh]
- 12 Sandler, S.V. (2006), *Tema karnavala v kontekste filosofii M.M. Bakhtina* [The theme of carnival in the context of M. M. Bakhtin's philosophy] // *Studia Litterarum*. – 2016. – Vol. 1, No. 3–4. – ISSN 2500-4247. – Moscow: Federal State Budgetary Institution of Science the A. M. Gorky Institute of World Literature of the Russian Academy of Sciences, 2016. – P.456. [in russian]
- 13 Matkhanova N.P. (2010), *Sibirskaya memuaristika XIX veka*. [Siberian memoir writing of the 19th century]. – Novosibirsk: SB RAS. – P.551. [in russian]
- 14 Polyakov, I. A., Smirnova, M. A. (2021), *K istorii izucheniya russkoy memuarnoy literatury XVII-XVIII vv.: problema sistematizatsii* [On the history of the study of Russian memoir literature of the 17th–18th centuries: the problem of systematization] // *Studia Litterarum*. – 2021. – V. 6, №4. – DOI: <https://doi.org/10.22455/2500-4247-2021-6-4-400-445>. – St. Petersburg: Russian National Library. – P.400-445. [in russian]
- 15 Hutto, D. (2007), *Narrative and Understanding Persons*. *Royal Institute of Philosophy Supplement*, 2007. 60, P.1-15. <https://doi.org/10.1017/S1358246100009589>

Received: 16.06.2025

МҒТАР 17.71.07.

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp260-272](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp260-272)

А.А. Макатова¹, А.А. Әбсадық¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, 110000, Қазақстан

ҒҰРЫПТЫҚ ФОЛЬКЛОРДЫҢ ЖАРИЯЛАНУЫ («АЙҚАП» МЕРЗІМДІК ЖУРНАЛЫ БОЙЫНША)

Мақалада 1911-1912 жылдар аралығында шығарылып отырған мерзімдік басылымдардың бірі - «Айқап» журналының №1 және №14 сандары негізгі зерттеу объектісі болып таңдалды. Аталмыш журналдың осы сандарында жарияланып отырған ғұрыптық фольклор материалдарын жинақтау мақсаты қойылды. Сонымен қатар, автор тарапынан журнал бетінде жарық көрген ғұрыптық фольклор жайындағы Алаш зиялыларының өлеңдері мен мақалалары, қоғам белсенділерінің хаттары назарға алынды. Ғұрыптық фольклор ішіндегі отбасылық ғұрыптық фольклор түсінігі мен осы тақырыптың зерттелу деңгейін анықтау мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалынды. Журнал бетінен терілген отбасылық ғұрыптық фольклор үлгілері «қалың мал», «келін түсіру», «қыз сату», «қыз батасы» сынды тақырыптарға топтастырылды. Жалпы өлең, хикая, хат және мақала түрінде жарияланған фольклор үлгілерінен 16 мысал терілді. Терілген мысалдарға авторлық позиция тұрғысынан талдау жүргізілді. «Айқап» секілді мерзімдік басылым беттерінде жариялаған фольклорлық мұра арқылы қазақ халқының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі мен халық шығармашылығы туралы ақпараттармен танысамыз. Сондай-ақ, журнал сандарында жарияланған отбасылық ғұрыптық фольклор үлгілерінің авторлары жинақталды. Мақалада талданатын ғұрыптық фольклор үлгілері – фольклортану ғылымы саласының дамуына үлес қосатын зерттеулердің бірі.

Кілт сөздер: «Айқап» журналы, мерзімдік басылым, қазақ фольклоры, ғұрыптық фольклор, қалың мал, құда түсу.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бүгінгі күні ғұрыптық фольклордың жариялану мәселесі фольклортанулық маңызды тақырыптардың бірі. Халық мәдениеті мен әдебиетінің бір бөлігі ғұрыптық фольклорда көрініс табады. Халықтың әдебиеті мен дүниетанымын сақтауға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде отбасында ұстанатын ғұрыптар мен наным-сенімдердің орны ерекше. Әуелі, ғұрыптық фольклор - адамдардың өткенімен, халықтың сенімімен тығыз байланысты болғандықтан, қазақ халқының танымында ғұрыпты сақтау және ұстану қажеттілігі маңызды болып саналды.

Мақалада XX ғасыр басындағы мерзімдік басылым «Айқап» журналы сандарында ғұрыптық фольклордың жариялануы қарастырылды. Ғұрыптық фольклор әр халықтың рухани-мәдени болмысы туралы ақпараттарды жинақтайды. Осы ақпараттар арқылы халықтың дүниетанымы мен жалпы өмірлік тәжірибесі жайында білім беріледі.

Мақаланы ғылыми зерттеу кезінде «Айқап» журналында жарияланған ғұрыптық фольклор үлгілерін жариялау аспектісі тұрғысынан қарастыру негізге алынды. Яғни, журнал бетінде жарияланған ғұрыптық фольклор үлгілері арқылы сол замандағы қазақ халқының болмысы мен табиғатын ашу міндеті қойылды. Сонымен қатар, бұл мақалада жинақталған мысалдар қазақ фольклортану бағытындағы зерттеулердің қатарын толықтыратын жұмыстардың біріне жатады.

Ғұрыптық фольклордың жариялануы мен оның халық арасында таралуына әсер еткен мерзімдік басылымдардың бірі – «Айқап» журналы. Аталмыш журналдың саны арқылы біздің халқымыздың ғұрыптық фольклорын сипаттайтын хикая, өлең, мақала мен оқиғалар жинақталды. Фольклорлық шығармаларды жариялау, баспа бетіне шығару ісінің маңыздылығы журналда басылған хаттардың мазмұнын талдау кезінде түсіндіріледі.

Мақалада негізінен отбасылық ғұрыптардың ішінде қыз баласына қатысты фольклор үлгілері көптеп жарияланады. Журнал бетіндегі басылымдарды оқу арқылы отбасылық ғұрыптық фольклордың қандай түрлері бар және олардың берілу формасы, өзіндік ерекшеліктеріне қатысты мысалдарды теру және бұны жариялаушы белсенді авторларға тоқталу – ғылыми мақаланың негізгі аспектілерінің біріне жатады. Ғұрыптық фольклор - қазақ фольклорының ең көне және маңызды жанрларының бірі. Ол ежелгі дәуірден бастап адамзаттың тұрмыс-тіршілігімен, әлеуметтік өмірімен, дінімен, кәсібімен және басқа да рухани құндылықтарымен тығыз байланыста дамып келген.

Мақалада қазақ фольклорын зерттеу және жариялау туралы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектеріне шолу жасалынды. Мәселен, отандық ғалымдар Zhussupov N., Baratova M., Zhussupova G., Zhussupov Ye., Mukusheva K. «Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the first half of the XX century» атты ғылыми мақалада қазақ фольклорының мақсатты түрде жинақталу жолдары мен зерттелу деңгейі [1] туралы құнды материалдар кездеседі. Ташекова А. Т., Жүсіпов Н. К., Шапауов Ә. К. «Қазақ және татар үйлену жоралғыларының фольклорлық ерекшеліктері» (Бекмұрат Уахатов зерттеулерінің негізінде) қазақ және татар фольклорындағы үйлену рәсімінің ерекшеліктерін салыстырады [2], Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А. «Қытайдағы түркология: түркі әдебиеті мен фольклорына қатысты зерттеулер» [3] әлемдік мәдениет диалогы бағытындағы фольклорлық зерттеу болса, шетелдік ғалымдар Stelios Michalopoulos және Melanie Meng Xue «Folklore» атты ғылыми мақаласы [4], Илларионова Т.В., Роговская А.В. «Свадебная обрядность и фольклор оренбургских казаков Южного Урала в публикациях и исследованиях» [5] атты еңбектерде фольклорды жинау және жариялау бағытындағы іргелі еңбектер қатарына жатады.

Ғұрыптық фольклордың жариялануы мен оны жария етуші авторлар мен тұлғалар жайындағы ақпараттарды жинастырушылардың бірі - Ибраев Ш. «Қазақтың ғұрыптық фольклоры» атты еңбегінде қазақ фольклорының дамуына үлес қосқан кезеңдер, фольклорды айтушы мен орындаушылар туралы деректерді тізімдеп жинақтаған. Мысалы, «Қазақ фольклоры туралы материалдарды жариялап тұрған түрлі газеттер мен журналдардың ішінде, әсіресе «Дала уәлаятының газеті» ерекше рөл атқарды. «Газет 1894 жылдан бастап Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының ведомостыларына жалғама ретінде жұмасына бір рет өз алдына бөлек шығып тұрған. «...15 жыл ішінде 704 рет шыққан, соның 331 нөмірінде фольклорлық материал жарияланған. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ фольклорын айтушылардан, орындаушылардан тікелей жазып алу, деректерді түп нұсқадан пайдалану, жергілікті білікті адамдардың көмегіне жүгіну сияқты практикалық маңызы зор жұмыстарды қазақтардың арасынан шыққан оқымысты зиялы қауым өкілдері атқара бастады. Олардың қатарында Т. Сейдалин, С. Жантурин, О. Әлжанов, Б. Дауылбаев, Р. Дүйсенбаев, Д.Жетпісбаев, М. Ибрагимов, Ж. Т. Көпеев, С. Сейфуллин және т.б. есімдері жиі кездеседі. XX ғасырдың екінші жартысында фольклор төңірегіндегі жұмыстардың жандануына және біліктілікпен атқарылуына қазақ халқының ұлы ағартушы тұлғалары Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев та өз үлестерін қосты. Олар ең алдымен қазақ әдебиеті мен халық поэзиясын қоғамдық-әлеуметтік дамудың жаңа кезеңіне ажыратудың негізін қалады.

XX ғасырдың басында қазақ фольклорын зерттеу, жинау және жарыққа шығару жұмыстары бұрынғыша жекелеген зерттеушілер тарапынан жүзеге асырылып жатты. Ендігі жерде фольклордың дәстүрлі жанрларымен қоса ауызша жырлайтын ақындар Жанак, Түбек, Орынбай, Сүйінбай, Әсет, Шөже, Кемпірбай поэзиясына, ақындық шығармашылықтың ерекшеліктеріне де назар аударыла бастады. Алайда фольклорлық дәстүр мен жеке авторлық шығармашылықтың арасындағы айырмашылықты ажыратып қараудан гөрі, тұтастай ауызша дәстүрдің аясында бірге сипаттау орын алды» [6, 57].

Зерттеуші Атаханова Н.А., Аяпова Г.Б. «Фольклорлық мұралардың генезисі, тарихылығы, жанрлық белгілері» атты ғылыми мақалада: «Жалпы әлемдік фольклортану ғылымында фольклорлық шығармаларды сюжеті, салт-дәстүрге қатысы, айтылу мақсаты мен орнына қарай үлкен екі салаға бөлетіні белгілі. Олар: ғұрып фольклоры және көркем фольклор. Ғұрып фольклорына тұрмыс-салт жырлары, мұң-шер өлеңдері, үйлену салт

жырлары және т.б. халық поэзия жанрлары жатады. Көркем фольклор құрамына қазақ эпостары, ертегілері, хикаялар және сол сияқты сюжетті халық поэзиясы мен проза жанрларын жатқызамыз» [7], - дейді. Біздің зерттеу жұмысының нәтижелері осы әлемдік фольклортану ғылымындағы жіктеу негізінде іске асырылды. Әуелі, ғұрып фольклорына мысалдар жинақталды. Екінші, көркем фольклор мұраларына жататын, яғни жоқтау мен мақал-мәтелдерге мысалдар терілді. Мақалада ғұрып фольклорына қатысты мысалдар жинақталып талқыға түсті.

КІРІСПЕ

Мерзімдік басылым «Айқап» журналы беттерінде жарық көрген ғұрыптық фольклор үлгілерінің көптеп жариялануы тақырыптың таңдалуына негіз болды. «Айқап» журналы бетіндегі ғұрыптық фольклор мәтіндерінің жариялануын көрсету және ғұрыптық фольклор үлгілерін ғылыми тұрғыда жинақтау – мақаланың басты мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды: журнал бетінде жарық көрген ғұрыптық фольклор үлгілерін іріктеу және жүйелеу, жариялаушы авторлардың есімдерін анықтау мен ғұрыптық фольклордың қоғамдық мәнін айқындау. XX ғасыр басында жарияланып отырған «Айқап» журналы номерлерінде басылып шыққан ғұрыптық фольклор үлгілері материалдарына талдау жүргізу – мақаланың негізін айқындайды. Мақалада жинақталған ғұрыптық фольклор үлгілері фольклортану ғылымы саласының дамуына әсер етеді.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінің маңызды саласы болып табылатын ғұрыптық фольклор – халықтың дүниетанымы мен рухани құндылықтарының көрінісі ретінде фольклортану ғылымында өзекті зерттеу нысанына айналып отыр. Ғұрыптық жырлар – елдің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі мен отбасы құрылымы жайлы мол ақпарат беретін фольклорлық жанр. Бұл бағыттағы дереккөздердің бірі ретінде XX ғасырдың басында жарық көрген мерзімді басылым – «Айқап» журналының орны ерекше.

Біздің ойымызша, ғұрыптық фольклор мәселесін талдау бүгінгі күнге дейін өзекті. Себебі, әлі күнге дейін қазақ қоғамында қыз баласына қойылатын тыйымдар мен шектеулер, қалың мал мәселесі сынды екі жақты пікірлер тудыратын ғұрып фольклоры жиі кездеседі. «Айқап» журналында жарық көрген отбасылық ғұрыптық фольклор материалдары XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуына, жалпы қоғамдық ой пікірдің өзгеруіне әсер ете алды. Оны журналға жолданған хат сандары мен басылып шыққан фольклор үлгілерінің көрсеткішінен байқауға болады. Ғұрыптық фольклордың ауқымды бір саласы - отбасылық ғұрыпқа байланысты туған салт өлеңдері. Әсіресе, үйлену және тұрмысқа шығу дәстүрлеріне қатысты жырлар қазақ халқының өмірінде ерекше орын алады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – «Айқап» журналы беттерінде жарияланған ғұрыптық фольклор үлгілерін қазіргі фольклортану әдістері негізінде кешенді зерттеуге талпыныс жасалуында. Танымдық маңыздылығы – тарихи-мәдени мұраны сараптау арқылы қазіргі қазақ қоғамындағы салттық көзқарастардың тамырын тереңнен тануға мүмкіндік беруінде.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мақалада 1911-1912 жылдар аралығында жарық көрген «Айқап» журналының №1-14 сандары негізгі материал көзі болып табылады. Жинақталған мәтіндер мақаланың эмпирикалық негізін құрайды. Бұл мерзімдік басылым бетінде жарияланған ғұрыптық фольклор мәтіндерін прозалық және поэзиялық түрлерге жіктеу әдісі қолданылды. Бұл жіктеу фольклорлық үлгілердің жанрлық құрылымын айқындауға мүмкіндік берді. Себебі, жарияланған фольклор үлгілері өлең не хикая, кейде хат түрінде жолданған. Сол себепті, біз материалдарды олардың берілу формасына қарай жеке-жеке жіктеуді жөн көрдік. Терілген мысалдар отбасылық ғұрыптық салт түрлеріне сай «қалың мал», «қыз сату», «келін түсіру», «бата» сынды тақырыптық топтарға ажыратылды. Жинақталған ғұрыптық фольклор үлгілеріне байланысты мысалдар ұсынылды. Мақалада ғұрыптық фольклорды жариялаушы

авторлардың есімдері көрсетілді. Фольклор үлгілері мәтіндеріне авторлық тұрғыда талдау жүргізілді.

Материалдармен жұмыс жасау барысында сипаттау әдісі, жіктеу әдісі, талдау әдісі және әдеби еңбектерге шолу әдісі қолданылды. Сипаттау әдісі арқылы мәтіндердің мазмұндық ерекшеліктері сипатталды. Жіктеу әдісі арқылы фольклор үлгілері формасы мен мазмұнына қарай бөлінді. Талдау әдісі арқылы әрбір фольклор үлгісінің идеясы, тақырыптық бағыты талданды. Әдеби шолу барысында ғұрыптық фольклорға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері сұрыпталды. Әдіснамалық база ретінде фольклортанудың дәстүрлі және қазіргі заманғы ұстанымдары негізге алынды.

Зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен нақтылығын қамтамасыз ету үшін мысалдар тікелей түпнұсқа мәтіндерден алынып, олардың бастапқы контексті мен авторлық ерекшеліктері сақталды. Журналда жарияланған мәтіндердің фольклорлық сипаты мен құрылымдық ерекшеліктері ғылыми тұрғыда талданып, олар сапалық және сандық тұрғыдан жүйеленді.

Мақаланың зерттеу мәселесі XX ғасырдың басындағы мерзімдік баспасөздегі отбасылық ғұрыптық фольклор үлгілерінің мазмұны, тақырыптық сипаты және жариялану формалары алынды. Зерттеу гипотезасы – мерзімдік басылымдардың бірі «Айқап» журналында жарық көрген ғұрыптық фольклор үлгілері арқылы қазақ халқының сол дәуірдегі дүниетанымы мен салт-санасы, отбасылық ұстанымдары мен гендерлік қатынастары көрініс табады деген тұжырымға негізделді.

Зерттеу кезеңдері келесідей ретпен ұйымдастырылды. Алғашқы кезең - материалдарды іріктеу. «Айқап» журналының аталған жылдардағы сандарынан отбасылық ғұрыпқа қатысты фольклорлық мәтіндер таңдап алынды. Келесі жіктеу кезеңі – мәтіндердің прозалық (мақала, хикая, хат) және поэзиялық (өлең-жыр) формалары ажыратылды. Келесі тақырыптық топтарға жіктеу кезеңі – мазмұнына қарай мәтіндер «қалың мал», «қыз сату», «келін түсіру», «бата», «көрімдік» секілді тақырыптарға бөлінді. Соңғы кезең – фольклор үлгілерін жариялаған авторлар анықталып, олардың позициясы мен көзқарасына талдау жүргізілді.

Негізгі зерттеу нәтижесі ретінде 16 фольклорлық мәтін талдауға алынды. Оның ішінде поэзия жанрында 5 өлең, проза жанрында 5 мақала, 3 хат және 3 хикая үлгілер анықталды. Бұл материалдар қазақ халқының ғұрыптық отбасылық салт-дәстүрлерін, оның ішінде қыз баланың әлеуметтік орнын, дәстүрлік ұстанымдарды жан-жақты сипаттайды. Сонымен қатар, жарияланған мәтіндерде сол кезеңнің ұлттық дүниетанымы, этикалық құндылықтары мен гендерлік қатынастары көрініс тапқан.

Мақаланың ғылыми жаңалығы - XX ғасыр басындағы мерзімдік баспасөздегі «Айқап» журналындағы фольклорлық материалдарды жанрлық және тақырыптық негізде жүйелі түрде жіктеу және олардың фольклортану ғылымындағы маңызын айқындау ұсынылды. Бұл бағыттағы жұмыс фольклортану ғылымы үшін талдау нысаны болып табылады.

НӘТИЖЕЛЕР

Мақалада ғұрыптық фольклор үлгілерінің ішінде: «қалың мал», «келін түсіру», «қыз сату», «бата» тақырыптары бойынша мысалдар (1-кестені қараңыз) жинақталды. Терілген мысалдардың барлығы ғұрыптық фольклор үлгілеріне жатады. Жинақталған фольклор тақырыптары сол кезеңдегі халықтың тұрмыс-салты мен ұлттық сана мен мәдени құндылықтары туралы ақпараттар береді.

Кесте 1. «Айқап» журналындағы ғұрыптық фольклор үлгілері бойынша материалдар тізімі


№	Тақырып	Берілу түрі	Автор/ жариялаушы, атауы	Журнал №
1	Қалың мал мәселесі	Өлең	М.Жұмабаев «Жатыр»	№2, 1911
2	Қыз сату мәселесі	Мақала	Бұрынғы ғұрып һәм қазіргі хал	№10, 1911
3	Қыз батасы	Өлең-жыр	С.Тілеубайқызы «Қыз батасы»	№10, 1911

4	Қыз тұрмысы	Мақала	Қатын-қыздарымыздың кемшілікте тұрғандықтарын халыққа ескерту	№1, 1912
5	Қыз тағдыры	Хикая	Жазушы Гуршаковский, көшіруші Х.Мұхамеджанов «Қазақ тұрмысынан»	№2, 1912
6	Келін түсіру	Мақала	Оқушылар хақында қара қазақтың білуі һәм айтатұғыны	№3, 1912
7	Қалың мал мәселесі	Фельетон	Әулиеата мен Шымкент арасы	№4, 1912
8	Қыз тағдыры	Өлең	Ә.Ғалымов «Бакытсыз сұлу»	№7, 1912
9	Қалың мал мәселесі	Хат	С.Тілеубайқызы «Қыз балалар хақында бір-екі сөз»	№8, 1912
10	Жолсыз ғұрыптар	Мақала	К.Өтегенқызы «Жолсыз ғадеттерміздің бірі»	№8, 1912
11	Құда болу	Хат	М.Дәрібайқызы «Басқармаға келген хаттар»	№8, 1912
12	Қыз теңдігі	Өлең	К.Өтегенқызы «Қазақ қыздарына»	№9, 1912
13	Қыз тағдыры	Фельетон	К.Ғалымов «Бейшара қыз»	№11, 1912
14	Қыз құқығы	Хат	Мархаба Зәрібайқызы қыздардың құқықтары туралы хаты	№11, 1912
15	Қыз құқығы	Хат	С.Б.Алашинский «Замана шалдары»	№13, 1912
16	Құда болу	Мақала	Ы.Қожаұлы «Құда болған адамдардың алыс-берісі»	№14, 1912

Жариялаушы авторлар – Мағжан Жұмабаев, Хасен Мұхамеджанов, Саидғали Жолаушин, Әкрам Ғалымов, Жұбакин Тілеуберген, Ысхақберді Қожаұлы сынды ер азаматтар мен Сақыпжамал Тілеубайқызы, Кұлайым Өтегенқызы, Мәрзия Дәрібайқызы, Мархаба Зәрібайқызы секілді қыз авторлар ғұрыптық фольклор тақырыбын кең ауқымда кешенді зерттеген. Байқағанымыздай, ғұрыптық фольклордың ішінде отбасылық мәтін үлгілері қоғам санасына әсер етуде ерекше орын алады. Бұған жарияланған мақала мен хаттардың мазмұны мен саны арқылы (1-диаграмманы қараңыз) көз жеткізуге болады.

Нәтижесінде «Айқап» журналында жарияланған басылымдар қазақ халқының ғұрыптық отбасылық фольклор мәселесі бойынша құнды мұра мен маңызды тақырыптарды көтеруге себепкер болды.

1-диаграмма. «Айқап» журналындағы 1911 жылдың №1-10 саны мен 1912 жылдың №1-14 сандарында жарияланған ғұрыптық фольклор саны



ТАЛҚЫЛАУ

XX ғасыр басындағы мерзімдік басылым – «Айқап» журналы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік өміріндегі консервативті, таптауырын көзқарастар мәселесін қалың оқырманға ашық жариялаған басылым. Әсіресе, «Айқап» журналының 1911-1912 жылдар

аралығында басылған материалдардың ішінде қозғалатын тақырыптардың бірі – отбасылық ғұрыптық фольклор. Соның ішінде, қалың мал, қызды сату, қыз баласының еркіндігімен бас бостандығының шектелу жайы. Бұл мәселе мақалада ғұрыптық фольклор үлгілері арқылы танылады.

Отбасылық ғұрыптық фольклор үлгілерінің жариялануы және оның берілу формасын мысалдар арқылы талдасақ. 1911 жылы жарыққа шыққан «Айқап» журналының №2 санында «өлең-жыр» айдарында Мағжан Жұмабаевтың «Жатыр» өлеңі:

Әйелдер мал орнына жүріп жатыр,
Жас қызын малға, шалға беріп жатыр.
«Бес байтал – әйел құны» деген бір сөз,
Қармаққа талай жасты іліп жатыр [8, 71].

Жарияланған өлеңнің мазмұнына зер салсақ, автор XX ғасырда қазақ халқының отбасылық тұрмыс салтында қыздардың еркіндігі мен құқығы жоқ болғандығын «мал орнына жүріп жатыр», «бес байтал - әйел құны» шумақтары арқылы айқын көрсетеді. Осы өлең шумақтары қазақ қоғамында «қалың мал», «қыз сату» ғұрыптарының айқын белгі-нышаны. Жалпы журнал бетінде «Қыз батасы», «Осындай біздерде мүшкіл халдер», «Бақытсыз сұлу», «Құда болған адамдардың алыс-берісі» және «Қазақ қыздарына» деген атаумен 5 өлең-жыр отбасылық ғұрыптық фольклорға арналған. Байқағанымыздай, журнал бетіне жыр формасында, поэзия жанрында ғұрыптық фольклорды жариялау да кездеседі.

«Айқап» журналының 1911 жылғы №10 санында «өлең-жыр» айдарындағы «Қыз батасы» өлеңі мәтініне назар аударсақ, қазақ қыздарының мұңы мен өкініші баяндалатын бата үлгісіндегі өлең. «Бата беру сөздің күш-құдіретіне сенген ертедегі адамдардың таным-түсінігінен туған көне дәстүр. Бата отбасы ғұрыптарына қатысты айтылып, халықтың күнделікті өмірінен кең орын алған жанрлық түр» [9, 97]. Өлеңді жариялаушы - Сақыпжамал Тілеубайқызы «біз де адам ғой, мал сияқты көрмеңіз» деуі арқылы қалың мал мәселесінің тоқтауын қалайтындығын естуге болады.

....Біз де адам ғой, мал сияқты көрмеңіз,
Лайық па екен әйел сатып жерлерге?
Сатып жемей, бізге енді ерік бер,
Құдіретің бар, қалай етсең теңдерге.
Күн көрініп, бізге де тұман ашылсын,
Білімсіздер білімдіге бас ұрсын!
Қара жүрек, жалмауыздар аузы ашық,
Тауфық беріп, ағарып көңілің басылсын [8, 427].

Зерттеу барысында анықталғандай, журналдың 1911-1912 жылдар аралығында жариялаған материалдары қазақ халқының дәстүрлі отбасылық ғұрыптарына сын көзбен қарауға мүмкіндік берген. Нәтижелер көрсеткендей, «Айқап» журналы бетінде жарық көрген отбасылық ғұрыптық фольклор үлгілері, әсіресе қалың мал, қыз сату және әйелдердің еркіндігінің шектелуі сияқты мәселелер қызу талқыланды. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың «Жатыр» өлеңі мен «Қыз батасы», «Осындай біздерде мүшкіл халдер», «Бақытсыз сұлу» секілді туындылар қазақ қыздарының әлеуметтік жағдайын ашық көрсетіп, оларды қоғам назарында көтеруге ықпал еткен. Журналда көтерілген мәселелердің бірі – қыздарды кәрі шалдарға ұзатудың әлеуметтік салдары. «Бақытсыз сұлу» жырында қыздың мұң-зары мен мәңгілікке өшкен үміті көрініс тапса, «Қыз батасы» өлеңінде әйел адамның өз құқығы үшін күресуі қажеттілігі баса айтылады. Осы өлең жолдары арқылы әйелдерге қатысты әділетсіз дәстүрлерге сын айтылып, олардың өзгеруі қажеттілігі дәлелденеді.

«Айқап» журналының 1912 жылғы №2 санында жарияланған мына өлең шумақтары да қалың мал мәселесіне арналған.

Осындай біздерде мүшкіл халдер,
Шығындап қыз алады кәрі шалдар.
Һәр кімнің өзіне лайық теңі бар ғой,
Орынсыз ысырапта жүр есіл малдар.

Оңбаған бір ғадет бар осы жұртта,
Ақсақал шал болса да байды таңдар.
Қалың мал үш жүз жиырма болар болса,
Жақсы қыз малы жоққа қайдан табылар [10, 75]. (Х.М.)

Осы өлең жолдары арқылы қазақ халқының бұрынғы ғұрыптық салты «қалың мал» мәселесін арқау етеді. Жастардың бақытсыз болуы ақша мәселесіне тірелетіндігін ашына сипаттайды.

«Айқап» журналының 1912 жылғы №7 санында «Бақытсыз сұлу» деп аталатын оқиғалы сюжетке негізделген жырда да қазақ ғұрпында сақталған қалың мал мәселесі жырланады. Қалың мал беріліп, сатып алынған қыздың мұны мен болашақ өмірінің мәңгіге тірілместей өлетіндігін сипаттайды. Жастық отының сөніп, дүниенің қызығынан үміт үзетін жас қыздардың тағдырларын осылайша жеткізеді.

...Мәңгіге тірілместей көңілі өлген,
Көл болып жастық оты о да сіңген.
Дүнианың қызығынан үміт үзіп,
Келсе де бүгін ажал жаны көнген...
Түспесін мұндай қасірет тірі жанға,
Түсініп істің түбін қалдым таңға.
Аямай берген екен бұл байғұсты,
Елуге жасы келген қу бас шалға.
Естіп осы сөзді болдым қайран,
Бұл қызға көзім түсті дедім қайдан.
*Қарғадым білгенімше ата, анасын,
Баласын отқа салып еткен ойран.* [10, 335] (Әктам
Ғалымов)

Байқағанымыздай, «қарғадым білгенімше ата, анасын, баласын отқа салып еткен ойран» жолдары қазақ танымында тылсым сенімдердің біріне жататын «қарғыс» ұғымының күшіне деген сенімді аңғартады. «Қарғыс – жәбірлеушіден зәбір-жапа шегіп, қорлық көрген адамның ашынып айтқан зілді, кейіс сөзі, яғни сөзбен көрсеткен қарсылығы, лағнеті. Сөз киесіне сеніп, басқа адамға қастандық жасау мақсатында арнайы шартпен айтылатын магиялық фольклордың шағын түрі. Нақтырақ айтқанда, ол – қатерлі магия. Оның мақсаты – өзінен күші басым адамға сөзбен қастандық жасау. Яғни, қарғысты айтушы табиғаттағы тылсым күштерге сеніп және мифологиялық зиянды кейіпкерлерді қару етіп, белгілі бір адамға сес көрсетеді» [11, 121]. Қыз баласының көз жасы қарғыспен тең деген астарлы мағынаны да байқауымызға болады. Себебі, қазақ қоғамында қыз баласын жылатуға болмайды деген сенім бар.

«Айқап» журналының 1912 жылғы №8 санында Күлайым Өтегенқызы «Қазақ қыздарына» атты арнау өлеңі арқылы ескі ғұрыптық салтқа қарсылық пен көңіл толмаушылық көзқарасын жеткізеді. Өлең оқиғалы сюжетке негізделген, автор өзінің әкесінің бесікте жатқанында құдаласып, өзің қалың малға сатылғандығын баяндай келе, қазақ қыздарының өз өмірлеріне немқұрайлықпен қарамай, өмір үшін күресуге шақырады.

Бесікте мені әкем малға берген,
Әйтеуір кеудесі еркек жанға берген.
Қата деп үлкендер де айтпас деймін,
Халқымның қонысы бір көзі көрген...

Жақсыға жаман қалай тең болады.
Білікті жігіттер көп қыз таңдаған,
Айтпаймын бозбаланы жыртандаған.
Әкеміз жастан бермей тұрған болса,
Солардың кез болар еді бірі маған...

Ғибрат ал, менен соңғы сіңілілерім,

Бұл бәле басқа келсе болма шабан.
Өткізбе жылап-сықтап ғұмырларды,
Көнбейік өлсек дағы енді бұған [10, 391].

Кұлайым Өтегенқызының осы «Қазақ қыздарына» өлеңінің жалғасы 1912 жылы жарыққа шыққан журналдың №9 санында [10, 423] басылып шыққан.

«Айқап» журналының №14 санында Ысхақберді Қожаұлы жариялаған «Құда болған адамдардың алыс-берісі» атты өлеңі қазақ халқының құда болу салты мен құдалардың өзара алыс-берісі туралы баяндалады. Өлең мазмұны арқылы көтерілетін тақырыптың отбасылық ғұрыптық фольклор үлгісіне жататындығын аңғаруға болады.

Қожаменен құда болса,
Шаруменен мола болса,
Жемқорлармен құда болса,
Екі шаруа мырза болса,
Екі есепші құда болса,
Екі өлеңші құда болса,
Екі даукес құда болса,
Шығымы жоқ екі құда,
Ақсүйегін көп сатысар... [10, 655].

Бұдан бөлек, мерзімдік басылым «Айқап» журналында қыз сату туралы мақалалар мен хаттар жарияланған. Мысалы, «Айқап» журналының 1911 жылғы №10 санында «Бұрынғы ғұрып һәм қазіргі хал» атты атаумен «қыз сату» ғұрпы турасында мақала жарияланған.

Қыз сату. «Біздің қазақ халқының ата-бабаларынан бері қыз сату ғұрып болып кеткен. Міне, осы да қазақ халқының көбеймеуіне себеп. Қыз сату бір табан артқа қалдырмаса, алға бастырмайды. Себебі: мал жоқ пақырлар қатын ала алмайды. Қыз саудасы малға келіскенде арзаны, жеті балалы-сегіз балалы мал болады. Бұл малдың ұзын саны 24 мал болады. Оны менен де тұрмай арты деп 150 сом ақша алады. Бұған қарағанда үш ат, үш бұзаулы сиыры бар адамдар қатын ала алмай, ғазиз ғұмырларын зайа қылып, һәр түрлі бұзықтықтарменен өткерсе керек. Қыз аталары қызының теңіне қарамай, малына қарайды, әкесінің бұл ісі қызына нағыш ұнайды? Малы бар байлар шал болса да екі-үш қатын алады. Шалға берген қыз бейшара теңіне бара алмай, мақсұды хасил болмай, «обалым ата-анама болсын» деп ғұмыры жылауменен өтеді. Қайсы бір өткірлері шалды менсінбей, көңілі кеткен жастарменен ойнап бұзықтықты арттырады. Ата-анасының бергеніне риза болмай, хакімдер алдына барып айрылып жатқандары да бар. Қыз адамды күң қылып сату, Алланың бұйрығы емес, бәлкі күл менен күнді азат қылу Алланың бұйрығы. Ләкин біздің қазақ шарифат бұйрығы ұстаса, қыздың ризалығын сұрап беру тиіс. Әуелде ризалық болмаған соң жоғарыдағы жазылған түрлі бұзықтықтарға душар болып, қыздарының бұзылуына ата-анасы себеп болады. Барша күнәлеріне ортақ болып, көз жасына қалып, қиамет күнінде Аллатағала құзырында масұл болашақ-дүр. Қызын сатып алған малдың пайдасын көрмей, ұғлына тағы біреудің қызын сатып алады. Өзің сатпасаң, өзің де сатып алмас едің. Қазақ халқы арасында «әйел саудасы» тоқталса, малға қызықпай ғазиз балаларын 15-16-ға шейін оқытып өз теңіне берілсе, қыз да болса балаларыңыз дүниадан рахат ғұмыр кешіріп, ғұмыр бойынша ата-анасына риза болып, қайыр дұға оқылар еді. Қыз берулеріңіз осы айтқанша болса, кінәсінен де, көз жасынан да аман болар едіңіз! Жұрт-ау! Басқа халықтарға қарап неге ғибрат алмаймыз? Қыз сатпаған рус, ноғай алға кетпесе артқа қалған жоқ. Біздің қазақ сорлап жүргені, қыс суыққа тоңып, жаз күнге күйіп төренің қақпасының алдында тұрғаны. Сонда сұрасаң жұмысы жесір дауы болады. Жесірді даулап һеш нәрсе оңбайды. Зорлап, зомбылап алып барғанменен қатын болып шықпайды. Өшейін малдың шығыны, аттың тері, зайа болған ғұмыр деп білемін. Басында ризалық болмаған соң ақыры дау-жанжалға, қанша машақаттарға түсіп, ата уа анасы, ел-жұрты биліп берген қызына ие бола алмай, сүйгеніменен кетіп жүрген аз ба? Біздің қазақтың қай ісі болса да не есепке, не шарифатқа тура келмейді, құдай өзі жөнін берсін тағы» (Саид ғали Жолаушин) [10, 411]. Қыз сату туралы жарияланған бұл мақалада қыздың ризалығын сұрау, қалың мал, жесір дауы сынды мәселелер сөз етіледі. Саидғали Жолаушиннің мақаласында қыздардың өз

еркімен тұрмысқа шығуы қажеттілігі атап өтіледі. Бұл мақалада айтылған пікірлер қазіргі заманғы гендерлік зерттеулерде көтерілетін әйел құқығы мәселелерімен үндеседі.

Байқағанымыздай, «Айқап» журналының 1912 жылы №1 санында «қатын-қыздарымыздың кемшілікте тұрғандықтарын халыққа ескерту» [10, 9] атты мәселе бойынша керекті материалдар жарияланатындығы аталып өтілді. Бұл мәселе халық талқылауы қажет маңызды тақырыптардың бірі екендігін, «біздің қазақ халқында қозғалмай тың жатқан мәселенің бірі болғандығын» да көрсетеді.

«Айқап» журналының 1912 жылғы №2 санында «Қазақ тұрмысынан» атауымен отбасылық ғұрыптық фольклор үлігісіндегі хикая жарияланған. Бұл хикаяның мазмұнын «Есіл (Ишим) суы бойында «Ақан борлық» деген жерде Айтбай деген бір бай қазақтың ауылы бар» деп басталады. Оқиға желісі бойынша Айтбай Бағила есімді жас қызды өзіне айттырмақшы болады. Осы уақытта Бағила мен Айтбайдың ұлы Бағытай екеуі бір-біріне ғашық болып жүреді. Бұл екі ортада Айтбай Бағиланың әкесімен қалың малға келісіп, жүз қырық жылқы, жүз сексен қой бермекші болып ауылына қайтады. Көп ұзамай той болып, ат шабыс, күрес, ойын, қызықпенен Айтбай қалыңдығын ұзатып алып қайтты. Бағила да екі көзі жылауда, ойнамай, күлмей қайғыда жүретін болды. Оқиға желісі бойынша екі жас бірге қосылып көріскен уақытта Айтбай қызғаныштан есікті құлыптап, от жібереді. Нәтижесінде екі жас күйіп қайтыс болады. Мұнан бір жетіден соң Айтбайдың өзін де жерледі», - деп хикаяны жазушы Гуршаковский жазып, оны көшіру ісін - Хасен Мұхамеджанов атқарды.

«Айқап» журналының 1912 жылы №3 санында «Мұсылман тіршілігіне тиісті мәселелер» бөлімде «Оқушылар хақында қара қазақтың білуі һәм айтатұғыны» атты мақалада келін түсіру, көрімдік рәсімдері туралы: «Жаңа түскен келінді үйге енгізіп, атасына көрсетіп, көрімдік сұрайтұғын рәсім болған, ол заманда үйге жағатұғын шам, лампа деген нәрселер жоқ, үй жарық болсын деп отқа май құйылып, от ду ете түскенде ұялшақ жас келін бетін басып, төмен қарап ұялалып тұрғандығын көріп, шет халық мыналар отқа табынады екен десіп, сөз шығарса керек» [10, 133] деп жазады.

Сол жылдың № 5 санында «Әулиеата мен Шымкент арасы» атты фельетон мазмұнында қыз баласына байланысты орындалатын рәсім: «Бір мезгілде артымыздан қыз ұзатып әкеле жатқан адамдар көрінді. Қызды басына отыз кез шамасында сәлде орап, шашақтаған бір атқа мінгізіпті. Қасында бір шал бар. Амандасып, сұрастырып қарап едім, күйеу шал екен. Қыздың басына сәлдені өздерінің әдетінше ұзатарда ата-анасының алдында кигізіп алады екен. Көп сөйлесуге болмай, айырылысып кетті» [10, 211] сипатталады. Жариялаушы Ахмет Жанталин.

Журналдың № 8 санында «Қыз балалар хақында бір-екі сөз» Сақыпжамал Тілеубайқызының осы қалың мал ғұрпының салдарынан қазақ қыздарының мұңын жырлайды. Негізгі түйіні: «Шырағым, балам» дейміз, ойласақ өтірігіміз шығып тұр. Баламыз екені шын болса, неге оқытпаймыз, теңіне неге қоспаймыз? Қыз баланың күлмей жылағаны өзіне тәуір ме йаки бізге тәуір ме? Болмаса шарифаттың хүкімі солай ма? Ойлап қарасақ, осынымыз таудай ұят, таудай күнә көрінеді. Іштен шыққан баламызға жанымыз ашымайды, енді кімге жанымыз ашиды? Көзіміздің ағы менен қарасындай ғазиз қыздарымызды не үшін надан қалдырамыз? Не үшін жәбірге ұстап шалға береміз? Осы сөзіміздің ақыретінде басымызға пайдасы бар ма, йаки дүниа ше пайдасы бар ма? Пайдасы болса жазып көрсетіңіз!» (Жұбакин Тілеубергенов (Уральск) [10, 359].

Журналдың дәл осы санында «Жолсыз ғадеттеріміздің бірі» мақаласында: «Біздің қазақ арасында жарамаған көп түрлі ғұрып-ғадеттеріміздің бірі: бой жеткен қыз бір жігітті өзіне лайық көріп, көңілі қалайды. Бірақ бұл жігіттің не қыздың билейшісінен малы кемірек болады, не жек көретұғын адамы болады, не ғұрыпымызша «төмен атаның баласы» деген болады, не билеуші билеп бермей, қыздың өзі таңдау ғұрып-ғадетімізше үлкен ұят, ғайып секілді көрінеді де, иелігі бой жеткен қыз көңілі қалаған жігітіне қосыла алмай қалады» [10, 363].

«Басқармаға келген хаттар» бөлімінде Мәрзия Дәрібайқызының хаты (хат мазмұнында 3 жасында құда болуды бастаған бұрынғы өткен ата-бабаларға өкпе назын жазған) және Мархаба Зәрібайқызының қыздардың білім алу құқығы, ғылыммен айналысу құқығы, сөз құқықтары туралы хаты [10, 535] жарияланады.

№11 санында «Бейшара қыз» фелетоны [10, 511-525] жарыққа шығады. Оқиға Алтынай есімді қыз туралы. Жариялаушы: Кәрім Ғалымов. Осы журналдың №13 санында «Замана шалдары» фелетонында: «Біздің қазақтың жетпіс-сексендегі шалдары он бес, жиырмадағы қыздарды неке халаб деп бойымызға ішкен асымыз тарамай жүргенде мынау не деген сұмдық!?» [10, 591] деп Жұмабай шалдың іс-әрекетін сынға алады. Жариялаушы - С.Б.Алашинский.

Журналдағы материалдарда әйелдердің рөліне деген көзқарастың өзгеруін талап еткен авторлар халықты ойландырып, прогрессивті идеяларды насихаттауға тырысты. Бұл «Айқап» журналының тек ақпарат құралы ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы рөл атқарғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері «Айқап» журналының қазақ қоғамындағы дәстүрлі отбасылық ғұрыптық фольклорды сынға алып, оларды реформалауға бағытталған алғашқы басылымдардың бірі болғанын дәлелдейді. Журнал материалдарын талдау арқылы қазақ халқының сол кезеңдегі әлеуметтік-мәдени өзгерістерге деген көзқарасын, әйелдердің құқықтары үшін күрес бағытында алғашқы қадамдардың жасалғанын көреміз. Осылайша, «Айқап» журналы қазақ халқының рухани өміріндегі маңызды басылым болып, әйелдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал еткен қоғамдық пікір қалыптастырды.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Айқап» журналында «құда түсу», «қалың мал», «келін түсіру», «көрімдік» ғұрыптық фольклор үлгілері жарияланған. Осылайша, қазақтың ғұрыптық салт-дәстүрі арқылы XX ғасыр басындағы қазақ халқының болмысын, ұстанымдары мен наным-сенімдерін анық байқауға болады. Сонымен қатар, мақалада материалдарды жариялаушы авторлар мен мәтін мысалдары қоса ұсынылды. Мақалада ғұрыптық фольклордың берілу және жариялау формасы талданды. Мақалада берілген мысалдар мен талдаулар фольклортану және әдебиеттану салаларында тәжірибелік тұрғыдан да, теориялық тұрғыдан да құнды мәліметтер көзі бола алады. «Айқап» секілді мерзімдік басылым беттерінде жариялаған фольклорлық мұра арқылы қазақ халқының әлеуметтік және әдеби мұрасы қарастырылды.

Қорытындылай келе, мерзімдік басылым «Айқап» журналында негізінен отбасылық ғұрыптық фольклордың қыз баласына қатысты ғұрыптардың көптеп жарияланғандығын байқадық. Жалпы 1911-1912 жылдар аралығында шығарылып отырған «Айқап» журналы сандарынан ғұрыптық фольклор үлгілеріне 16 мысал терілді. Соның ішінде, мақала түрінде - 5, өлең түрінде - 5, хат түрінде - 3, хикая түрінде - 3. Байқағанымыздай, отбасылық ғұрыптық фольклор түрлерін жариялаушы авторлар қатарында Алаш зиялылары мен қоғам белсенділерінің журнал бетіне жариялаған пікірлері мен көзқарастары оқырманға ой тастаған құнды басылымдардың қатарына жатады. Бұл талдау нәтижелері фольклортану ғылымындағы зерттеулерде пайдалы болады деп санаймыз.

Зерттеудің болашақтағы жұмысы ретінде келесі бағыттарды атап өтуге болады: XX ғасыр басындағы басқа да мерзімдік басылымдарда жарияланған фольклор үлгілерін кешенді түрде салыстырмалы талдау; жарияланған мәтіндерді қазіргі мәдени-контекстік жағдаймен байланыстыра отырып қайта талдау. Осы жұмыстың нәтижелері фольклорлық мұраларды ғылыми айналымға енгізу, сондай-ақ отбасылық салт-дәстүрлердің тарихи-мәдени негіздерін зерттеу бағытында алдағы уақытта жалғасын табады деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Zhussupov N., Baratova M., Zhussupova G., Zhussupov Ye., Mukusheva K. Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the first half of the XX century // Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. – 2024. № 56. – 833-843 p.
- 2 Ташекова А.Т., Жүсіпов Н.К., Шапауов Ә.К. Қазақ және татар үйлену жоралғыларының фольклорлық ерекшеліктері (Бекмұрат Уахатов зерттеулерінің негізінде) // Торайғыров университетінің Хабаршысы, фил. сер. – 2024. № 4. – 404-414 б.

- 3 Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А. Қытайдағы түркология: түркі әдебиеті мен фольклорына қатысты зерттеулер // «Keruen» scientific journal. M.O. Auezov Institute of Literature and Art. – 2023. Т. 80. №3. 37-50 б..
- 4 Stelios Michalopoulos and Melanie Meng Xue Folklore The Quarterly Journal of Economics, Volume 136, Issue 4. - 2021, 1993–2046 p.
- 5 Илларионова Т.В., Роговская А.В. Свадебная обрядность и фольклор оренбургских казаков Южного Урала в публикациях и исследованиях // Научно-исследовательский журнал Modern Humanities Success. - 2024. № 11.
- 6 Ибраев Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, 2021. – 254 б.
- 7 Атаханова Н.А., Аяпова Г.Б. Фольклорлық мұралардың генезисі, тарихилығы, жанрлық белгілері // ҚазҰУ Хабаршысы, фил. сер. – 2020. №2 (178)
- 8 Әнес Ғ., Замзаева Т., Мырзағали А. Айқап журналы. 1911 жыл. – «Алашорда» қоғамдық қоры, Алматы, 2023. – 544 б.
- 9 Сейітжанов З.Н., Мекебаева Л.А., Рамазанова Ш.А., Шортанбаев Ш.А. Бата сөздерінің жанрлық табиғаты // Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршы, фил. сер. – 2020. №2 (178)
- 10 Әнес Ғ., Замзаева Т., Мырзағали А. Айқап журналы. 1912 жыл. - «Алашорда» қоғамдық қоры, Алматы, 2023. – 672 б.
- 11 Рақыш Ж., Әлбеков Т., Алпысбаева Қ., Әуесбаева П., Жақан Д., Сәкен С. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 6: Ғұрыптық фольклор, Алматы: Brand Book, 2020. – 484 б.

Материал 13.01.2025 баспаға түсті

Публикация ритуального фольклора (по периодическому журналу «Айқап»)

А.А. Макатова¹, А.А. Абсадық¹

¹Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынулы, Костанай, 110000, Казахстан

В статье основным объектом исследования был выбран журнал «Айқап» – один из периодических изданий, издававшихся в период с 1911 по 1912 года, номера №1 и №14. Поставлена цель обобщения материалов ритуального фольклора, публикуемых в данных выпусках журнала. Кроме того, были приняты во внимание стихи и статьи алашской интеллигенции, письма общественных активистов, опубликованные на страницах журнала. Проведен обзор научных трудов отечественных и зарубежных ученых с целью определения понятия семейного ритуального фольклора и уровня изученности данной темы. Образцы семейного ритуального фольклора, набранные на страницах журнала, были сгруппированы на такие темы, как «калын мал», «прием невесты», «выкуп невесты», «благословение девушки». Всего было напечатано 16 примеров из произведений фольклора, опубликованных в виде стихов, рассказов, писем и статей. Был проведен авторский анализ приведенных примеров. Благодаря фольклорному наследию, опубликованному на страницах периодического издания «Айқап», мы знакомимся с информацией о социальном быте и народном творчестве казахского народа. Также были собраны авторы образцов семейного ритуального фольклора, опубликованных в выпусках журнала. Образцы семейного ритуального фольклора, анализируемые в статье, являются одним из исследований, способствующих развитию области фольклористики.

Ключевые слова: журнал «Айқап», периодическое издание, казахский фольклор, ритуальный фольклор, калын мал, кыз сату.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Zhussupov N., Baratova M., Zhussupova G., Zhussupov Ye, Mukusheva K. Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the first half of the XX century // Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. – 2024. № 56. – 833-843 p.
- 2 Ташекова А. Т., Жусупов Н.К., Шапауов А. К. Фольклорные особенности казахских и татарских свадебных обрядов (на основе исследований Бекмурата Вахатова) // Вестник Торайгыровского университета, фил. сер. - 2024. № 4. – С. 404-414.
- 3 Масимханович Д., Абиденюва А. Тюркология в Китае: исследования тюркской литературы и фольклора // Scientific journal «Keruen». M.O. Auezov Institute of Literature and Art. - 2023. Т. 80. №3. С. 37-50.
- 4 Stelios Michalopoulos and Melanie Meng. Xue Folklore The Quarterly Journal of Economics, Volume 136, Issue 4. – 2021, 1993-2046 p.
- 5 Илларионова Т.В., Роговская А.В. Свадебная обрядность и фольклор оренбургских казаков Южного Урала в публикациях и исследованиях // Научно-исследовательский журнал Modern Humanities Success. – 2024. № 11.
- 6 Ибраев Ш. Ритуальный фольклор казахов. – ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Нур-Султан. – 2021. – 254 с.
- 7 Атаханова Н.А., Аяпова Г.Б. Генезис, историчность, жанровые черты фольклорного наследия // Вестник Казну, фил. сер. – 2020. – №2 (178).
- 8 Анес Г., Замзаева Т., Мырзагали А. Айкап 1911 год. – Общественный фонд «Алашорда», Алматы. – 2023. – 544 с.
- 9 Сейтжанов З. Н., Мекебаева Л. А., Рамазанова Ш. А., Шортанбаев Ш. А. Жанровая природа слов Бата // Вестник Казахского национального университета имени Аль-Фараби, фил. сер. Ө 2020. №2 (178)
- 10 Анес Г., Замзаева Т., Мырзагали А. Айкап 1912 год. - Общественный фонд «Алашорда», Алматы. – 2023. – 672 с.
- 11 Ракыш Ж., Альбеков Т., Алпысбаева К., Ауесбаева П., Жакан Д., Сакен С. Антология степного фольклора: в десяти томах. – Т. 6: Ритуальный фольклор, Алматы: Brand Book. – 2020. – 484 с.

Материал поступил в редакцию журнала 13.01.2025

Publication of ritual folklore (based on the periodical «Aikap»)

A. Makatova¹, A. Absadyk¹

¹Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, 110000, Kazakhstan

The primary object of research in this article is issues № 1 and № 14 of Aikap magazine, one of the periodicals published between 1911 and 1912. The study aims to summarize the materials on ritual folklore published in these issues. In addition, it considers poems and articles by intellectuals of the Alash movement, as well as letters from public activists featured in the magazine. A review of the scientific works of both domestic and foreign scholars was conducted to define the concept of family ritual folklore and assess the level of research on this topic. The samples of family ritual folklore collected from the magazine were grouped under themes such as kalyn mal ("bride price"), "reception of the bride", "bride's ransom", and "the girl's blessing". A total of 16 examples of folklore were identified, presented in the form of poems, short stories, letters, and articles. These examples were analyzed from the perspective of the authors' positions and viewpoints. The folklore heritage published in Aikap provides valuable insights into the social life and folk traditions of the Kazakh people. Furthermore, the authors of the family ritual folklore samples published in the magazine were also identified. The analysis of these materials contributes significantly to the development of folklore studies. By examining the content of Aikap, researchers gain a deeper understanding of the cultural and artistic heritage of the Kazakh people during this historical period.

Key words: «Aikap» magazine, periodical, Kazakh folklore, ritual folklore, kalyn mal, kyz satu.

REFERENCES

- 1 Zhussupov N., Baratova M., Zhussupova G., Zhussupov Ye, Mukusheva K. Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the first half of the XX century // Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. – 2024. № 56. – 833-843 p.
- 2 Tashekova A.T., Zhusipov N.K., Shapauov Ә.К. Kazak zhane tatar uilenu zhoralgylarynyg folklorlyk erekshelikteri (Bekmurat Uakhatov zertteulerinnin negizinde) [Kazakh and Tatar wedding ritual (Based on the research Bekmurat Vakhatov)] // Toraigyrov universitetinin Khabarshysy, fil. ser. – 2024. № 4. – 404-414 p.
- 3 Masimkhanuly D., Abidenkyzy A. Kitaidagu tyrkologiia: tyrki adebieti men folkloryna katysty zertteuler [Turkology in China: studies of Turkic literature and folklore] // Scientific journal "Keruen". M.O. Auezov Institute of Literature and Art. - 2023. Vol. 80. №3. pp. 37-50.
- 4 Stelios Michalopoulos and Melanie Meng Xue. Folklore The Quarterly Journal of Economics, Volume 136, Issue 4. - 2021, 1993-2046 p.
- 5 Illarionova T.V., Rogovskaia A.V. Svadebnaia obriadnost i folklor orenburgskikh kazakov Iuzhnogo Urala v publikatsiakh i issledovaniakh [Wedding rituals and folklore of the Orenburg Cossacks of the Southern Urals in publications and research] // Scientific Research Journal Modern Humanitarian Success. – 2024. №. 11.
- 6 Ibraev SH. Kazaktyn guryptyk fol'klory [Ritual folklore of the Kazakhs], L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, 2021. – 254 p.
- 7 Atakhanova N.A., Aiapova G.B. Folklorlyk muralardun genezisi, tarikhilygy, zhanrlyk belgileri [Genesis, historicity, genre features of folklore heritage] // Filologiya seriyasy. – 2020. №2 (178)
- 8 Anes G., Zamzayeva T., Myrzagali A. Aikap zhurnaly [Aikap magazine] 1911. – Alashorda Public Foundation, Almaty, 2023. – 544 p.
- 9 Seitzhanov Z.N., Mekebayeva L.A., Ramazanova Sh.A., Shortanbayev Sh.A. Bata sozderinin zhanrlyk tabigaty [The genre nature of bata words] // Al-Farabi Kazakh National University Bulletin of Philology series №. 2 (178)
- 10 Anes G., Zamzayeva T., Myrzagali A. Aikap zhurnaly [Aikap magazine] 1912. - Alashorda Public Foundation, Almaty, 2023. – 672 p.
- 11 Rakysh J., Albekov N. Alpysbaeva K. Auesbaeva P., John D., Saken S. Dala folklorynyn antologiiasy: On tomdyk [Anthology of Steppe Folklore: in ten volumes. Vol. 6: Ritual folklore, Almaty: Brand book, 2020. – 484 p.

Received: 13.01.2025

С.Е. Мубаракова

«Alikhan Bokeikhan University», Семей, 070000, Қазақстан

**ҚОҒАМДЫҚ СТЕРЕОТИПТЕР МЕН ТЕҢСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ
(Ш. БЕЙСЕНОВА, Р. МҰҚАНОВА, А. КЕМЕЛБАЕВА, М. ОМАРОВА
ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖЕЛІСІНЕН)**

Мақалада қазіргі замандағы әлеуметтік мәселелердің бірі, әрі өзектісі ретінде қоғамдағы негізгі стереотиптер мен қатар теңсіздік мәселесі қарастырылған. Зерттеу нысанында Шәрбану Бейсенова, Роза Мұқанова, Айгүл Кемелбаева, Мадина Омарова сынды жазушыларымыздың шығармаларынан әйелдердің қоғамдағы қиындықтары, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасу жолы, теңсіздік мәселелері суреттелінеді. Зерттеу барысында қоғамдағы стереотип түрлерінің бөліну кезеңдері, салыстырмалы әдістері де қарастырылады. Мақала мақсаты – әдеби шығармалардағы феминизм мәселесі, сондай-ақ әлеуметтік стереотипті терең талдау арқылы, оның қоғамдағы себептері мен салдарын анықтау. Әдебиет – ол қоғамның айнасы. Әдеби шығармаларда қалыптасып жатқан негізгі идея мен түйінді ойларды, әлеуметтік құбылыстар мен теңсіздік мәселесінің тереңділігін әрі жан-жақтылығын зерттеу. Әлеуметтік теңсіздік мәселесі әдебиет саласында әрдайым маңызды тақырыптардың бірі болып келеді. Қоғамда болып жатқан әртүрлі мәселелерге әділетсіздікке қарсы күреске үндеудің тиімді құралы ретінде де қызмет етеді. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі нәзік жандылардың жыршысы Шәрбану Бейсенованың «Сүзгенің соңғы күндері», «Қазақтың қыздары» шығармалары, Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі» пьесасы, Айгүл Кемелбаеваның «Қара қыз» повесі, Мадина Омарованың «Аққу арман», «Түнгі аспан» сынды шығармалары әйел адамының қоғамдағы орны, тұрмыстық жағдайына, эмоционалдық және психологиялық күйлерін тереңдей суреттеген. Шығарма желісінде әйел жазушыларының типтік образдарды қалай қалыптастырғаны, ұқсастықтары, салыстырмалы түрінде беріледі. Мақалада адамзат тарихындағы негізгі кезеңдеріндегі әлеуметтік мәселелер, соның ішінде теңсіздік, стереотип мәселелерін қозғау арқылы шығарма желісі арқылы қоғамды жақсартуға, өзгертуге ықпал ететіні айдан анық.

Кілт сөздер: стереотип, теңсіздік мәселесі, феминизм, типтік образ, әлеуметтік теңсіздік.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қоғам дегеніміз – халықтың бір-бірімен өзара байланысып, бірлесіп өмір сүретін әлеуметтің үлкен құрылымы. Ол күрделі жүйе ретінде көптеген бөлшектерден тұрады: адамдар, әлеуметтік қауымдасулар, әлеуметтік институттар және әлеуметтік ұйымдар [1, 211]. Жалпы қоғамда әртүрлі әлеуметтік топтар, ұлттар, әртүрлі діни ағымда жүрген халық бар, олардың мүдделері арқылы әлеуметтің көзқарасын, ойын қалыптастыратын өмір ағымын ілгері жылжытатын құрылымды қоғам деп атаймыз. Қазіргі уақытта әйелдер мен ерлердің рөлдері туралы дәстүрлі стереотиптердің өзгеруі немесе бұзылуы аясында пайда болған гендерлік теория тек әлеуметтанулық зерттеулерде ғана емес сонымен қатар әдеби сындарда маңызды рөл атқарады [2].

Сонымен қатар, әдебиет саласында қоғамдық мәселелерді, жүйелі түрде қалыптасуын қадағалайтын әдебиет жанашырлары да бар. Ол дегеніміз өздерінің жазған туындылары арқылы халықтың көзін ашуға, оятуға, болып жатқан келеңсіз жағдаяттарды шешуге өздерінің күш-қуатын, жігерін аямайтын ақын жазушыларымыз жетерлік. Соның ішінде әйел адамының өмірін жырлай білетін, қорғай білетін, қаншалықты қоғамда алып жатқан рөлін көрсете білетін біздің батыр жазушыларымыздың саны өте көп. Мәселен қандай жағдайда болмасын әйел адамның рөлі әрқашанда әртүрлі және кейбір жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Әйел

қырық жанды деп бекер айтпаған. Яғни, ол дегеніміз біріншіден әпке, ана, жар, болашақта болатын ақжаулық әже қатарын атаймыз. Ал ұлттық әдебиеттануда көркемдік тұрғыдан хакім Абайдың поэзиялық туындылары ер мен әйелдің гендерлік ерекшеліктері ашып көрсетілетін, олардың әлеуметтік гендерлік мәртебесі айқын танылатын поэзиямыздағы әдеби тенденциялық құбылыс саналады [3].

Әлемнің әр аймағын алып қарасақта, нәзік жандылардың өмірге араласу деңгейі әр түрлі. Дегенмен, әйел адамның рөлі тек ғана отбасылық жағдаймен шектеліп ғана қоймайды сондай-ақ қоғамның дамуына ықпал ететін белсенді мүшелер тобын атаймыз. Ш. Бейсенова, Р. Мұқанова, А. Кемелбаева, М. Омарова сынды әйел жазушылары өздерінің шығармаларында нәзік жандылардың негізгі стереотиптерін көрсетеді.

КІРІСПЕ

Ш. Бейсенова, Р. Мұқанова, А. Кемелбаева, және М. Омарова – қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздары. Әдебиет саласына өздерінің үлкен үлестерін қосқан сондай-ақ қоғамда ерекше орын алған әйел тұлғалар. Әрқайсысын жеке-жеке қарастырсақта өз саласында белгілі жетістіктерге жеткен, және әлеуметтік, мәдени мәселелерге қатысты өздерінің ойларын ашық түрде білдіретін және әйел адамының қоғамдағы рөлі туралы өз көзқарастарын дәлелді түрде көрсеткен тұлғалар. Тұлғаларымыз арқылы біз нәзік жандылардың қоғамдағы орнын, рөлін сонымен қатар әлеуметтегі мүмкіндіктерін қалай өзгертуге болатындығы туралы түсінік ала аламыз.

Қазіргі қазақ әдебиетінде әйелдердің қоғамдық рөлі мен гендерлік теңдік мәселесін тереңінен қозғаған көрнекті қаламгерлердің бірі – Шәрбану Бейсенова. Ол қазақ қоғамындағы әйел тұлғасының тарихи және заманауи болмысын ашып көрсетуге зор үлес қосқан жазушы ретінде танымал. Көркем шығармалары мен публицистикалық еңбектерінде әйелдердің әлеуметтік белсенділігі, құқықтық мәртебесі, тұлғалық қалыптасуы мен рухани ізденісі ерекше орын алады. Ш. Бейсенованың шығармаларында нәзік жандылардың ішкі жан-дүниесі, рухани әлемі, өмірлік күресі мен әлеуметтік шынайылығы көркемдік тұрғыдан кеңінен сипатталады. Жазушы әйел адамын тек отбасы шеңберіндегі ана, жар бейнесінде ғана емес, сонымен қатар қоғамның белсенді мүшесі, күрескер, ойлы әрі білімді тұлға ретінде бейнелеуге ұмтылады. Жазушының шығармашылық ұстанымында әйелдің өзін-өзі тануы, білім арқылы биіктеуі және қоғамдық өмірге белсенді араласуы негізгі идея ретінде алдыңғы қатарға шығады. Шәрбану Бейсенова шығармашылығының өзегін әйел теңдігі мәселесі құрайды. Ол гендерлік әділетсіздікке қарсы көзқарасын ашық білдіріп, әйел құқығының сақталуы мен кеңеюіне үн қосады. Мәселен, оның «Ана махаббаты» атты көркем туындысы – аналық сезім, әйел болмысы мен ана болудың философиялық мәнін терең пайымдаған шығарма. Бұл еңбекте жазушы ана махаббатының табиғи және рухани негіздерін, қоғамдағы ананың орны мен әлеуметтік беделін терең сараптай отырып, ананың бейнесін биік адамгершілік мұрат тұрғысынан сипаттайды. Аталған шығармада ана образы арқылы әйел адамның ішкі қайшылықтары, рухани жан дүниесі мен өмірлік ұстанымдары кеңінен ашылады.

Жазушы бұл туындыда қоғамдағы әйел бейнесіне қатысты қалыптасқан стереотиптерді сынға алып, аналықтың биік мәнін жаңаша пайымдауға шақырады. Шығармадағы негізгі идея – аналық махаббаттың адам өміріндегі шешуші рөлі мен оның адамгершілік, рухани құндылықтарды қалыптастырудағы маңызын көрсету. Жалпы алғанда, Шәрбану Бейсенова шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін жаңа қырынан тануға, оның әлеуметтік, мәдени және рухани мәнін терең түсінуге бағытталған көркем әрі қоғамдық маңызды туындылардың қатарына жатады. Жазушының көркемдік әлемі арқылы қазақ қоғамындағы әйел затының орны мен құқығы жайлы терең пайымдаулар жасауға мүмкіндік туады.

Белгілі жазушы және қоғам қайраткері Роза Мұқанова – шығармашылық мұрасында әйел тұлғасының еркіндік жолындағы күресін тереңінен бейнелеген қаламгер. Оның прозалық және драмалық туындыларындағы әйел кейіпкерлері тек тұрмыстық шеңберде қалып қоймай,

қоғамдағы өз орнын табуға, тұлғалық еркіндікке қол жеткізуге ұмтылатын жігерлі бейнелер ретінде сипатталады. Роза Мұқанова өз шығармаларында әйел бейнесін дәстүрлі әлсіз, бағынышты кейіптен гөрі рухани жағынан мықты, батыл әрекетке қабілетті, ішкі ерік-жігері жоғары тұлға ретінде танытады. Жазушының қаламынан туған кейіпкерлер — еркін ойлы, қайсар мінезді, өз тағдырын өзі шешуге ұмтылған заманауи әйелдер. Бұл көркемдік ерекшелік Роза Мұқанованың шығармашылық бағытындағы негізгі ұстанымдарының бірі болып табылады. Жазушының туындыларында әйел адамның қоғамдағы орны, әлеуметтік теңсіздік, гендерлік әділетсіздік мәселелері кеңінен қозғалады. Жазушы әйел кейіпкерлерін тек үй шаруашылығына тәуелді етіп көрсетпейді, керісінше оларды қоғамдық қатынастарға белсенді араласатын, өз пікірі мен көзқарасы бар, дербес ойлай алатын азаматтық болмысы қалыптасқан тұлғалар ретінде бейнелейді. Р.Мұқанова әйелдердің ішкі еркіндігі мен рухани тәуелсіздігіне баса назар аударады, бұл бағытта оның шығармаларындағы әйелдер образы батырлық пен ерліктің көркем көрінісіне айналған. Жалпы алғанда, Роза Мұқанованың шығармашылығында әйел мәселесі — тек гендерлік теңдік тұрғысында ғана емес, рухани азаттық пен тұлғалық қалыптасу тұрғысынан қарастырылады. Ол әйел кейіпкерінің күрделі ішкі жан дүниесін, әлеуметтік ортадағы орнын және өзгермелі қоғамдағы бейімделу үдерістерін терең психологиялық және философиялық тұрғыдан ашады. Осы арқылы жазушы қазақ әдебиетінде әйел бейнесінің жаңа, кемелденген типін қалыптастыруға зор үлес қосып отыр.

Қазақ әдебиетінде өзіндік көркемдік стилімен, терең психологиялық пайымымен және қоғамдық мәселелерді жіті бейнелеуімен ерекшеленетін қаламгерлердің бірі — жазушы, әдебиеттанушы Айгүл Кемелбаева. Оның шығармашылығы ұлттық болмысты, рухани құндылықтарды және тарихи сана мен жынысаралық теңдік мәселелерін көркемдік тұрғыдан терең зерделеуімен құнды. Айгүл Кемелбаева — қазақ әдебиетінде әйелдің рөлі мен болмысын жан-жақты ашып көрсеткен қаламгерлердің алдыңғы легінен орын алады.

Жазушы шығармаларында әйел адамның әлеуметтік, рухани және мәдени кеңістіктегі орны, тұлғалық еркіндігі мен өзін-өзі тану процесі негізгі көркемдік желі ретінде көрініс табады. Оның кейіпкерлері — ішкі ерік-жігері мықты, рухани ізденіске бейім, өз болмысын тануға және қалыптастыруға ұмтылатын күрделі психологиялық бейнелер. Жазушы әйел табиғатына тән нәзіктік пен рухани тереңдікті шебер суреттей отырып, олардың заманауи қоғамдағы күрделі жағдайларға бейімделу қабілетін, әлеуметтік рөлдерінің кеңеюін бейнелейді. Айгүл Кемелбаева шығармашылығында гендерлік теңсіздік пен әлеуметтік әділетсіздік мәселелері де өткір көтеріледі. Оның кейіпкерлері — еркін ойлы, өз тағдырын өзі шешуге талпынатын, қоғаммен тең дәрежеде қарым-қатынас орнатуға ұмтылатын әйелдер. Бұл әйел образдары тек дәстүрлі тұрмыстық шеңбермен шектелмей, кәсіби, мәдени және қоғамдық кеңістікте өзіндік орнын айқындауға тырысады. Мұндай көркемдік шешімдер арқылы жазушы қазақ әдебиетінде әйелдің жаңа типін — интеллектуалды, дербес, еркін тұлға бейнесін ұсынады. Сонымен қатар, Айгүл Кемелбаеваның прозалық туындыларында әйел адамның ішкі әлемі мен психологиялық жай-күйі нәзік те терең сипатталады. Жазушының баяндау стилі — лирикалық-психологиялық сипатқа ие, ол әйел бейнесін ұлттық болмыс, тарихи жады және заман талабымен сабақтастыра отырып бейнелеуге негізделген. Оның кейіпкерлері арқылы қазақ әйелінің өткені мен бүгіні, тарихи естелік пен қоғамдық жады көркемдік тұрғыда жаңаша сипатқа ие болады. Жазушының әдебиеттегі орны — қазақ прозасына әйел мәселесі мен гендерлік дискурсты енгізіп, оны терең көркемдік-философиялық деңгейде қарастыра білген қаламгер ретінде бағаланады. Оның шығармалары әдебиеттану, гендерлік зерттеулер және мәдениеттану салаларында зерттеуге тұрарлық маңызды туындылар қатарында.

Әйел тақырыбына терең үңіліп, оны әдебиет, мәдениет және қоғамдық дискурс тұрғысынан жан-жақты талдаған жазушылардың бірі — Мадина Омарова. Ол әдебиет пен өнер саласындағы нәзік жандылардың рөліне, олардың тұлғалық қалыптасуына, рухани-мәдени дамуына ерекше мән беріп, бұл бағытта құнды шығармалар мен зерттеулер жазып жүрген қаламгер. Мадина Омарова — әйел бейнесін тек көркемдік образ ретінде ғана емес,

сонымен қатар әлеуметтік-философиялық категория ретінде зерттеген қаламгер ретінде ерекшеленеді. Оның шығармашылық және зерттеушілік еңбектерінде әйел адамның білімге ұмтылысы, еңбек арқылы өзін-өзі дамытуы, қоғамдағы орны мен еркін тұлға ретінде қалыптасу мәселелері басты тақырыптар қатарында қарастырылады. Жазушы гендерлік стереотиптер мен әлеуметтік тосқауылдарды сынға ала отырып, әйелдің рухани және зияткерлік әлеуетін ашуға бағытталған идеяларды ұсынады. Бұл тұрғыда ол әйелдің тек тұрмыстық өмірмен шектелмейтінін, керісінше, өнерде, ғылымда, мәдениетте белсенді субъект ретінде танылуы қажет екенін айқындайды.

Мадина Омарова өз шығармаларында нәзік жандылардың ішкі жан әлемін, олардың психологиялық және әлеуметтік күйзелістерін, қоғамдық рөлін шебер бейнелей отырып, әйел табиғатының тереңдігін көркемдік тәсілдер арқылы айқын аша біледі. Оның кейіпкерлері — заман талабына сай жаңаша ойлайтын, өз өмірінің толыққанды субъектісі болуға ұмтылатын тұлғалар. Бұл кейіпкерлердің бейнесі арқылы жазушы әйел адамның өмірлік белсенділігін, рухани ізденісін және интеллектуалдық өсуін көркемдік тұрғыдан нақты әрі сенімді түрде суреттейді. Сонымен қатар, Мадина Омарова қоғамдық және мәдени кеңістіктегі әйелдің орнына қатысты қалыптасқан стереотиптер мен патриархалды түсініктерге қарсы көзқарасын ашық білдіреді. Оның әдеби-көркем және ғылыми-публицистикалық еңбектері әйел теңдігі мен құқықтарының қорғалуына, олардың шығармашылық және ғылыми әлеуетінің кеңеюіне бағытталған. Осылайша, қаламгер өзінің шығармаларында әйел затының ішкі еркіндігін, кәсіби дамуын және тұлғалық кемелденуін негізгі құндылық ретінде көрсетеді. Жалпы алғанда, Мадина Омарова — қазіргі қазақ әдебиетіндегі гендерлік мәселелерді көркем және ғылыми тұрғыда ұштастыра отырып, әйел рөлін жаңаша пайымдаған қаламгер. Шығармашылығы қазақ әдебиетінде әйел бейнесінің әлеуметтік, мәдени және философиялық қырларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және әдеби-мәдени дискурстағы гендерлік теңдік туралы ой-пікірлердің дамуына елеулі үлес қосып отыр.

Әлеуметтануда қоғамдық стереотип — әлеуметтік топтар, этностар, жыныстық және жас ерекшелігі бар қауымдар жөнінде қоғамда қалыптасқан тұрақты әлеуметтік ұғымдар мен бағалаулар жүйесі. Ол әлеуметтік тәжірибенің ықпалымен, тарихи және мәдени контекст аясында пайда болады. Қоғамдағы рөлдер мен мәртебелерді бекіту, әлеуметтік құрылымды реттеу қызметін атқарады. Стереотиптер қоғамда қалыптасқан құндылықтарды, дәстүрлерді және нормаларды тасымалдаушы сипатқа ие. Мәселен, «әйел — отбасының ұйытқысы», «ер — асыраушы» деген стереотиптер әлеуметтік институттардың (отбасы, еңбек, білім беру) қызметінде көрініс табады. Яғни әлеуметтану үшін стереотип — қоғамдық санадағы әлеуметтік құбылыстарды біркелкі қабылдау тәсілі.

Психологияда қоғамдық стереотип — адамның белгілі бір топ өкілдері туралы когнитивтік схема ретінде түсіндіріледі. Ол жеке адамның қабылдау, ойлау, есте сақтау механизмдері арқылы қалыптасады. Стереотип — танымды жеңілдету құралы: адам белгісіз тұлға туралы ақпаратты топтық категория арқылы тез қорытынды жасайды. Дегенмен, бұл когнитивтік үнемділік көбіне қателікке, теріс бағалауға (мысалы, нәсілдік немесе жыныстық дискриминацияға) әкеледі. Психологиялық тұрғыдан алғанда, стереотип эмоциялық реңкке ие, яғни адам белгілі бір топты көргенде автоматты түрде жағымды немесе жағымсыз эмоциямен байланыстырады. Яғни психология үшін стереотип — жеке тұлғаның ойлау жүйесіндегі әлеуметтік топты қабылдаудың жеңілдетілген когнитивтік моделі.

Әлеуметтану қоғамдық стереотипті әлеуметтік құрылым мен мәдениет шеңберінде қарастырады, оны қоғамдағы рөлдер мен нормаларды реттеуші әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіреді. Психология қоғамдық стереотипті жеке адамның санасында қалыптасатын когнитивтік және эмоциялық схема деп таниды, оны жеке қабылдау ерекшеліктерімен байланыстырады. Осылайша, қоғамдық стереотип — әрі қоғамдық сана феномені (әлеуметтану тұрғысынан), әрі жеке когнитивтік-психологиялық механизм (психология тұрғысынан) қарастырады.

Әйел адамына байланысты қоғамда стереотиптер өте көп. Кейбір жағдайларда бұндай қағидалар нәзік жандылардың құқықтарын шектеп жатады.

1. Әйелдер тек үй шаруасымен ғана айналасуы керек.

Қоғамдық стереотип: Әйелдер тек ана, жар болуы тиіс. Тек ғана үй шаруасына, ас үйге және балалардың мәселелерімен айналасуы қажет.

Негізгі ой: Нәзік жандылар тек отбасылық міндеттерді орындап, қоғамға мүлдем араласпауы керек. Қалыптасқан негізгі стереотип әйелдердің кәсіби дамуын, білім алуын жеке ортаның болмауы өмірге деген белсенділігін шектейді.

Шындық: Қоғамды қарайтын болсақ әйелдер көптеген мамандықта қызмет атқарады. Қай салада көрмесенде негізгі рөл атқарады. Мысалы: саясатта, ғылымда және мәдениетте.

2. Әйелдер эмоциялық және әлсіз

Стереотип: Нәзік жандылар өте эмоцияналды, әлсіз және қорғансыз болып келеді.

Негізгі ой: Әйелдер қандай ортада болса да өз еркілерімен шешім қабылдауда рационалды емес, олар тек сезімдеріне сүйенеді деген пікір қалыптасқан.

Шындық: Көп жағдайда әйелдер өздерінің байсалдылықтары мен өте ойлы, әрі ұтымды шешім қабылдай алатын тұлғалар болып табылады. Нәзік жандылар көбінесе стресстік жағдайларда тиімді әрекет ете алады сондай-ақ асықпай ойланып бір шешімге келе алады. Осындай қоғамдық стереотиптер әйел адамдарын жиі шектеп жатады. Теңсіздік мәселелері бірден үлкен көрініс табады.

Ғылыми мақаланың мақсаты – қоғамдағы теңсіздік мәселесін және стереотиптік жүйелерді Ш. Бейсенова, Р. Мұқанова, А. Кемелбаева, М. Омарова сынды жазушыларымыздың шығармаларынан қарастырып әдеби талқылама жасау.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу жұмысымының барысында қоғамдық стереотиптердің түрлерін, бөліністерін жүйеледік, әйел адамының қоғамда құрайтын негізгі аспектілерін, тәсілдері мен әдістердің жиынтығын қарастырдық. Зерттеу барысында теориялық әдіс арқылы қоғамдық стереотиптер мен теңсіздікке қатысты әртүрлі философиялық және әдеби теориялық негіздеріне талдау жасадық. Сондай-ақ теориялар мен көптеген концепциялар қарастырылды.

Контент-талдау (мазмұнды талдау) әдісі арқылы қоғамдық стереотиптің теңсіздікке қарсы көрінісін зерттедік. Шәрбану Бейсенова, Роза Мұқанова, Айгүл Кемелбаева және Мадина Омарова шығармаларында кездесетін стереотиптер мен теңсіздік мәселелерін зерттеу үшін контент-талдау әдісін қолдандық. Бұл әдіс арқылы шығармадағы әйелдердің қоғамдағы орны туралы көзқарастарды ашуға мүмкіндік береді.

Мәдениеттанулық әдіс әдебиет саласында маңызды әрі негізгі аспект түрінде қарастырылады. Бұл әдіс арқылы қоғамдық стереотиптердің қалыптасу себептері мен мәдени құрылымдағы әсерін зерттедік. Мысалы айтатын болсақ нәзік жандыларға қатысты стереотиптердің тарихи маңыздылығы және мәдени контекстегі пайда болуын, олардың әдебиетте қалай көрініс табатынын зерттедік.

Әлеуметтік зерттеу әдісі арқылы шығарма желісіндегі пайыздық өлшем мәселелерін зерттеу үшін қолдандық. Бұл зерттеу әдісі шығармадағы кейіпкерлердің маңыздылығын нақтылау үшін сұхбаттар, сауалнамалар, фокус-топтар сияқты құралдарды пайдаландық.

НӘТИЖЕЛЕР

Қоғам түсінігі көптеген салаларда қолданыс табады. Социологияда, әдебиетте, тарихта, мәдениетте және т.б. Қоғамды құрушылар ол – халық. Мысалы атақты зерттеуші Платон қоғам мен мемлекеттің ара жігін ажыратқан болатын. Сондай-ақ, Австралия елінде әйелдерге арналған «жазушы» ұғымы немесе «әйелдер жазу» идеясы 2000 жылдарда ғана дами бастаған [4]. Әдебиет саласында да көптеген жазушылар, ақындар негізгі стереотип түрлерінде айтып кеткен. Әдеби шығармаларда қоғамдық стереотиптер және теңсіздік мәселелері жиі кездесетін маңызды тақырыптардың бірі болып табылатынын байқадық. Ш. Бейсенова, Р. Мұқанова, А.

Кемелбаева, М. Омарова сынды атақты жазушыларымыздың шығармаларынан әсіресе әйелдерге тән сыни ой-пікірлерді бейнелеген. Әлеуметтік байланыс, әлеуметтік әрекеттестік, әлеуметтік қатынастар, қауымдастық топтар жаңағы біз жоғарыда атап өткен шығармалар желісінен байқай аламыз.

Теңсіздік мәселесі – әсіресе, нәзік жандыларға қатысты көзқарас. Яғни, ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздік құқық пен жауапкершілік бөлінісін атаймыз. Сондай-ақ ол бірнеше аспектілерге бөлінеді. Ш. Бейсенованың «Сүзгенің соңғы күндері» шығармасынан әйел адамының батырлығы, ер қатарлы қызмет істей алуы шығарма желісінде суреттелген. Тарихи кезеңдегі әйел адамдарының көшбасшы болғаны, билікті қолға алатындығы жайындағы сюжет бейнеленген. Айталық, «Қобыланды батыр» жырында Құртқа нағашысынан қалған көк биені алып қалады. Ол көк биеден Тайбурыл туады. Құртқа Тайбурылды кішкентайынан бағып өсіреді. Бұл жердегі қорытынды әйел адамы, ер адамының ажырамас серігі, ақылшысы ретінде сомдалған. Тең дәрежелі қоғамдық мүше.

Әлеуметтік теңсіздік – қоғамдағы басты стереотип әйел адамы тек үй шаруашылығымен айналысу керектігі. Айгүл Кемелбаеваның «Ханымбике», «Қоңырқаз» шығармасын талдаған кезде тек бала күту тәрбиесімен ғана шектелген жоқ. Өмірдің берілген заңдылығына төтеп бере алатындығы суреттелді. Әйел адамының төзімділігі жайында, алдыға қойған мақсат мүдесінің бар екендігін бейнеледі. Кәсіби дамуына және өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергі жоқтығын автор көрсеткен болатын.

«Әйел теңдігі» – осы екі ауыз сөз қазақ елінің рухани дүниесіне сонау XX ғасырдың соңында еніп, кеңестік тоталитарлық жүйенің қазақ халқын жаппай ұлтсыздандыру мақсатынан туындаған саяси тәсілдерінің бірі еді [5, 178]. Қыз баласы табиғатынан нәзік жанды болып келеді. Қазақта бір жақсы сөз бар: қыз баласы әкесіне жақын, немесе қызды қырық үйден тию деген нақыл сөздер.

ТАЛҚЫЛАУ

Жоғарыда айтып өткендей қоғамдық стереотиптер мен теңсіздік мәселесі қазіргі қоғамда маңызды әлеуметтік құбылыстар ретінде зерттеуді талап етеді. Бұл мәселелер, көбінесе, нәзік жандылардың жағдайында қарастырылғанда біраз күрделі. Шәрбану Бейсенова, Роза Мұқанова, Айгүл Кемелбаева және Мадина Омарова сынды жазушыларымыздың шығармаларында әйел теңсіздігі, әйелдерге қатысты қоғамдық мәселелер әртүрлі қырынан қарастырылып, әлеуметтік тұрғыдан өзгерістерге қалай ықпал ететіні де көрсетіледі. Авторлардың жазған шығармалары арқылы біз әйелдердің қоғамдағы алып жатқан рөлін, стереотиптер күресіндегі қиындықтарды және теңсіздік мәселелерін терең түсіну мүмкіндігіне ие бола аламыз.

Шығарма желісіндегі қоғамдық және теңсіздің стереотиптерді талқылау. Авторлардың шығармалары: Бейсенова Шәрбану Қонақбайқызының «Сүзгенің соңғы күндері», «Бозоқ ару», «Сүйенбике».

Шығарма желісінде кездесетін қоғамдық стереотиптер мен теңсіздік мәселелері: бұл туындыда автор әйелдердің қоғамдағы орнын, ішкі жай-күйін, отбасындағы тұрмыс-тіршілікті, қоғам арасындағы қатығыстарды бейнелейді. Теңсіздік мәселесі, әйел адамының психологиялық күйін суреттейді. Шығарманың басты кейіпкері – Сүзге. Қоғамның түрлі талаптарына қарсы тұра білген. Алайда әлеуметтік ортаға жағу үшін өзін жоғалтып алады, өзінің ішкі әлеміне үңілуді қояды. Шығармадағы басты принципі ретінде әлеуметтік қысымды көп көреді, сондай-ақ отбасын сақтап қалу үшін барлық күш жігерін салады. Алай да отбасы деп жүріп өзінің ішкі әлемін жоғалтып алады.

Шығарма желісінде Сүзге үшін ең бастысы – аналық міндет. Жеке өмірін қалыптастыру кезінде, әйел ретінде өзін-өзі түсіну мәселелері арасында үнемі қақтығыс болып тұрады. Қоғамдағы теңсіздік мәселесі Сүзгенің күнделікті өміріндегі ауыртпалықтарды одан әрі күшейтеді. Ол тек балалары мен отбасы үшін өмір сүреді.

«Сүзгеннің есіне не түспеді дейсіз?.. Баласының жоқтығы бүгін анық батқандай. Ханның жыл сайын бала тауып беріп отырған ханымдарының бағы айрықша екен-ау. Бүгін соны ұқты. Олардың мәртебелерінің жоғарғы болатын жөні бар. Солардың ішінде, басқаларына қарағанда, Сүзгемен тату болғылары келетіндері де бар болатын. Үлкен ханымның көзін ала беріп, бұған үйіріліп, бүйректері бұрып тұратын. Солардың бірінің Алтынай атты қыз баласына мұның пейілі түсіп, өлердей жақсы көрген. Бауырына салып алғысы еңліп, қиылып қанша сұрағанымен анасы үлкен ханымнан аса алмаған. Үлкен ханым илікпей-ақ қойғаны. Сәбиді бермек түгіл, бұған жақындатпауға тырысатын... Басы бүтін бермегенмен, тым құрығанда анда-санда алыпкеліп, ойнатып, алданыш етуге қимады ғой. Өз маңдайына бермеген соң кісіден бала сұрау бекер...» [6, 300]. Шығарманың соңына қарай, Сүзге өзінің өмірінің мәнін түсінеді. Ол өткен өміріне шолу жасап, бағалай бастайды.

Жоғарыда айтып өткендей балаларының міндетін, қоғамда өмір сүру талабын өзгертуге ат салысады. Келесі кезекте «Сүйенбике» романы. Бұл туынды «Сүзгенің соңғы күндері» атты шығармалар топтамасына жататын бөлігі. Роман желісінде қазақ қыздарының тарихи тағдырына, өміріне арналған. Шығармада автор батыр аналардың күрескерлік бейнесін, сондай елдің тұтастығы үшін күрескерлігін бейнелейді.

«Сүйенбике» – негізгі қайсар әрі батыр кейіпкер. Романда қазақ қыздарының ержүректігін, қоғамның негізгі стереотиптеріне қарсы тұра білген әлеуметтік кезеңдерді суреттеген роман. Сондай-ақ ұлттық мәдениет пен әйелдің орны сипатталады.

«Бозоқ аруы» – нәзік жандылардың бейнесін суреттейтін шығарма. Бұл туынды да қазақ даласының ежелгі кезеңінен бастау алып келе жатқан, елдің мәдениеті мен тарихына елеулі үлес қосатын арулардың тағдыры мен ерлігін баяндайды. Роман-эссе форматында жазылған. Шәрбану Бейсенова әйелдер бейнесін тек отбасы шеңберінде ғана емес, ұлттың тағдырына ықпал еткен тарихи тұлғалар ретінде көрсетеді.

Шығарма желісіндегі қоғамдық және теңсіздің стереотиптерді талқылау. Жазушы Кемелбаева Айгүл Жолдасбайқызының «Ханымбике», «Қоңырқаз» әңгімесі.

Шығарма желісінде кездесетін қоғамдық стереотиптер мен теңсіздік мәселелері: бұл шығармада қоғамдық стереотиптің бір бөлігі көрсетілген. Яғни, бала мәселесі. Шығарма желісінде Малайдың ұлы Тінібек Қазанғап бидің қызына құда түсуге жаушы жібереді. Қазанғап сол кездің байы. Оның екі ұлы, бір қызы болады. Қызы өте ерке өскен, алайда қайсар мінезімен елге танылған. Ағалары сияқты атқада мінген, сол кездегі тұрмыс-тіршілікке де араласып тұрған. Ханымбикенің көріпкел қасиеті болады. Өзінің түсіне аталары аян беріп жеті бала дүниеге әкелесін деп айтады. Қыз өзінің әкесіне қарсы тұрмай Айтқожаға тұрмысқа шығады.

«Қазанғап би текті жерге қыз ұзатуға, сүйіндікпен құдандылыққа іші қарсы болғанымен, «Қыз бала өскен ұясына аз күн қонақ, ата салтымен ұлдан кем көрмей өсірдім. Қызым құтты орнына қонып, бақытын тапсын. Елдей мен Ес, екі ұлдың шын тілеушісі қарындас, үкілеп өсірген қарағым бұған не дер екен, әуелі соны сұрап білейін» деп шешесі арқылы қызының ойын білді» [7,214]. Шығарма желісінен байқайтын бір сәт, әкесіне құда түсуге келген жалшылар қызының қолын беруде сұрайды. Алайда әкесі бірден қызын бермей, анасы арқылы қыздың ойын білуді ұсынады. Байқайтын сәт сол жылдары жасы үлкен ақсақалдарға немесе бай адамдарға қыздарын бірден беріп жіберетін. Ал автор бұл әңгімеде сол кездегі айтыруды басқандай көзқараспен ұсынған. Теңсіздік мәселесін байқауға болады. Ер мен әйелдің өздерінің дауыс беру құқығының болуы.

Жоғарыда айтып өткендей бір мәселе бала жайында. Ұзақ жылдар бойы Ханымбике бала көтере алмай жүреді. Біраз халықта оларды сөз ете бастайды. Мәселен мына бір үзіндіге назар аударсақ: Рух пен жан бір емес. Жан – рухтың қабығы. Рух – Жаратушының жанға дарыған асыл сәулесі, кіршіксіз саф таза қуаты. Адам рухқа лайық іс қылмаса ақыры тұқымы азып құриды [7, 220]. Қарап отырсақ қоғамдық стереотип мәселесі. Егерде неше жыл отау құру арқылы бала болмаса, ер адамға басқа әйел әперу керек деген мәселені нақты байқауға болады. Бұндай жағдаят қазіргі біздің қоғам да үлкен мәселені көтеріп тұр. Әңгіме желісінің соңында Ханымбике неше жылдан кейін жеті перзентті дүниеге әкеледі. Әңгіме барысында қазақтың

салт-дәстүріне байланысты қыздары өздерінің аналарына ұқсап, ұлдары ел билеп қызмет атқарады. Аналары дүниеден өткеннен кейін балалары мұсылманшылдық дәріппен Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мазарының қасына апарып жерлейді. Басына құлпы тас орнатады. Мұндай құрмет иесі әйел адамының маңыздылығын айқын көрсете алады.

«Қоңырқаз» әңгімесіне келетін болсақ, бұл жерде де қоғамның көзқарасы айқын суреттелген. Яғни некесіз сәби жайында. Өзінің алдыға қойған бала арманынан бастартып, қаладан бір жола кететін Қаршыға қыздың бейнесі. Қаршығаның ағасы талай жылдар бойы нәресте сүймеген екен. Оның бар ойы өзінің қарындасының баласын бауырына басу. Сәбилі екенін білген жас Қаршыға өзінің ағасына хат жазады. Хатында сіздерді масқара қылмай кеткенім жөн деп қысқа қайырады. Алайда ағасы қарындасын ауылға шақырады. Көп ұзамай сәби дүниеге келеді. «Бала қырқынан шыққанда Қаршыға қызынан құдай болмаса адам айырмасын түсінді, ойша иемденіп, айналып-толғанып, бақыттан жасарып, кеткен аға-жеңгесіне бөпесін бермеуге бекінді» [7, 7], – деген үзіндіден Қаршығаның кішкентай бөбегін ағасына бермеуді жөн көргенін байқаймыз.

Бұл жерден байқайтын сәт автор өзінің кейіпкерін ешқашанда жалынышты күйде көрсетпеген. Батыр, байсалды, ер мінезін бірінші сатыға қойған. Тағдырдың жазмышына кейіпкерін көндіре білген. Алға ғана жылжуды бейнелеген. Ал қоғамның негізгі стереотипіне ашық көзбен қарасақ, бұндай жайтта жас қыздар өз-өздеріне қол жұмсаушеді немесе туған-туыстары ол қыздан бастартушеді. Әңгіменің барысына келсек Қаршығаның туған сәбиі мүгедектеу болады. Хорлан есімді қыз есейген сәтінде арқасынан өркеш пайда бола бастайды. Оны өзімен қатарлас жас балалар мазақ қылуды бастайды. Қаршығаныда қоғамдық орта сөз қылады. Жолда тапқан баласы мүгедек деген кемсіту сөздерді жиі естиді. Алайда, Қаршыға елдің сөзіне мән бермей өмір сүруін жалғастырады. Айгүл Кемелбаева осы туындысында сөзге тиек ететін қоғамдық стереотиптерді көрсету арқылы, нәзік жандылардың батырлығын, қайсарлығын суреттеуді де ұмытпайды. Шығарма желісінде автор мифтік тұрғыдан қыздың өркешінен қанат бітіріп, құс болып ұшып кететінін суреттейді. Ақырында анасы тұрмыс құрып, сәбилі болады. Бұл шығармада автор құстың бейнесін көрсеткен. Яғни, құс ол еркіндіктің белгісі, тазалықтың белгісі. Әрбір істің, қиыншылықтың артында әркезде жақсылық барын құстың символымен көрсеткен. Қоғамның мәселесіне төтеп бере алған Қаршығаның өмірі өзінің сахналық арманынан басында бастартады, некесіз сәбиді дүниеге әкеледі. Ал ақыр соңында қоғамдағы сөздерге мән бермей, ауылға келседе, некесіз сәбиді дүниеге әкелсе де, өз қалауына жете білген. Ауылда музыка пәнінен мұғалімдік қызметті де атқарады, екінші рет отау құрып, сәбилі де болады. Автор құстың белгісін жақсылықтың символы ретінде сүтетеген.

Шығарма желісіндегі қоғамдық және теңсіздің стереотиптерді талқылау. Жазушы Мұқанова Роза Қажығалымқызының «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі желісінде кездесетін қоғамдық стереотиптер мен теңсіздік мәселелері: автор қоғамдағы қатігездікті, жетімдіктің сонша қиындылығын көрсеткен. Ләйлә – басты кейіпкер.

«Шіркін-ай, шіркін-ай десейші! Менен басқасының бәрі де бақытты, бәрі де көңілді. Бұл дүниенің бар бақыты оны екі мүшенің саулығында екен ғой. Көпке қиған бақыттың өзіне зар болған қандай сормандай едім. – Ләйлә той өтіп жатқан үйдің көңілді адамдарына қызыға қарады. Бұршақ-бұршақ болып төгілген көз жасын әлсін-әлсін ел көзінен жасырып сүрте берді. «Білемін, өспеймін. Құдырет-ау, басқа мазағың жетпегендей, әлі көрсетер қасыретің көп пе? Онан да біржола жоқ етіп неге жібермейсің. Неге, неге? Саған да керегім жоқ па, менің қасиетсіз бейнеме ыржалаңдап күлгің келе ме? Көңіліне басқа ермек таппай, мәңгі өспейтін қыз тағдырын қызықтайтын дедің бе?» [7, 106], – деп автор полигоннан зардап шеккен қыз тағдырын шебер бейнелейді. Ата-анасынан жастай айырылып, өзінің әпкесі Қатираның қолында тәрбиеленеді. Бұл әңгімеде қоғамның сыншыл көзқарастары, стереотиптері айқын бейнеленген. Қыз тағдырының ауыртпалығы. Жастайынан ауыр зардаптың дәмін сезіндірген қатыгез қоғам. Мысалы қазіргі қоғамда да жетімдерді елемейтін, оң көзқараспен қарамайтын әлеуметтік топтар қатары жоқ емес бар. Ләйлә есімді кейіпкер өзінің бала болып қалған

кейіпінен өте қатты қысылған жан, қоғамдық ортадан оны ысырып тастаған. Оның жай-күйі ешкімге керек емес болған. Тек бір сырласы айдың көркі болған. Айды өзіне сырлас қылған.

«Қыздың көзі жарқ етті. Қатира мырс етіп, айызы қанғандай қыздың аяқ-қолына сұқтана қарады. Ләйлә-қыз мүгедек денесіне сабырлық жинай алмай, ызаға булығып, қалшылдап барады. Қолы мен аяғына әлдекімнің көзі түсе қалса, қу жанын қоярға жер таба алмай намыстанып, есі шығатын. Мынау шамадан тыс үлкейіп бара жатқан егде қолдар мен жетілмей қалған аяғына ешкімнің көзі түспесе екен, байқамаса екен деп зар қағатын. Ал Қатира болса әдейі қақшып, шошына именіп, мұның жанды жеріне тие түскісі келгендей сұқтана, жиіркене көз тастады. Осындай Ләйлә-қыздың жаны шырқырап, жасырынар жер таппай алас ұрады» [8, 104], – бұл сюжетте тағы бір мәрте ойға келетіні мүгедектің ауыр ғалі ешкімге керек болмағаны. Әркезде өзінің әпкесі қыздың жарымжан екендігін бетіне басқанды жақсы көретіндігі. Алайда жас қыз өзінің қайсар мінезімен мойымайтын. Тағдырының берген сыйына көнетін. Қоғамдық ортаға шыққысы келмесе де, адамдармен қарым-қатынас құрмаса да төзімділікпен шыдайтын. Әңгіме барысында полигоннан зардап шеккендерді бір жиынға жинайды. Сондағысы ауыл тұрғындары мүгедек қыздың жағдайын басқа күндері елемеседе, атаулы күнде оны ауыл тұрғындары сол жиынға шақырғанды жөн көреді. Алайда Ләйлә бас тартады. Мысалы алып қарайтын болсақ, бұндай мәселе қазіргі қоғамда да бар. Ақыр соңында қыз қатты ауыр халге ұшырайды. Төсек тартып жатып қалады. Оның сырласы ай келіп, өзінің жарық бейнесімен қыздың жанарын нұрландырады.

«Ай да, қыз да бір-бірімен ажыраса алмай, бірін бірі қимай ұзақ айналасы. Жарық Ай Ләйлә-қызды қара жерге қимады. Ләйлә да алғаш рет Айды түн қойнына қимаған. Ұзақ кідірістен кейін, екеуінің бір-біріне деген тартылыс сезімі әлсірей берді. Екеуі екі тіршіліктің елшісіндей елеідеп, алшақтап қашып бар жатты.

Жап-жарық Ай қыз бен жерді айналып, алыстап барады. Ләйлә-қыздың жанары Айға қадалған қалпы айрылғысы келмеді. Соншалық қиналып жатып тырысып еді, жігері жететін емес. Бойына біткен күш-қайрат мүлдем азайып барады, бітіп барады. Қыз бетіне түскен Ай сәулесінен самайына қарай құлап, жол салып, дөңгелеп жатқан көз жасы анық көрінеді. Жанарындағы көлкілдеген жастың әсері ме, қыз көзінің сәулес азайып кеткенедей болды. Жанталасып, егде қолдарымен көз жасын сүртіп тастауға тырысып еді, қолғалтпады. Ләйлә-қыз мұнайып, жанарын бір жұмып, дем алып тағы ашамын деген, бірақ...

Жан тапсырған төсектегі қыз суретін ұзақ айналаған Ай биіктеп, жылжып кетті. Мәңгілік қоштасып кетті. Екі тіршілік:

Бірі – жер баласы, бірі – түн баласы» [7, 111], – автор бұл сюжетте ай мен қыздың мәңгілікке қош айтысатын бейнесін суреттейді. Ақырында қыз ауыр халден көз жұмады. Қоғамдық стереотип мәселесі бейнеленген. Яғни, мүгедектер қатары қоғамнан тыс қалатыны. Қоғамда әйел дауысының болмауы.

Жазушы Омарова Мадина Мырзахметқызы «Қария», «Ана ғұмыр», «Қара қыз», «Балалық шақ» шығармалар желісінде кездесетін қоғамдық стереотиптер мен теңсіздік мәселелері: жазушы туындысы әйелдің тағдыры, ана мен әженің бейнелері сондай-ақ өзінің басынан кешкен оқиғаларын суреттеген. «Ана ғұмыр» әңгімесінде әжесінің тәрбиесін көрген жас қыздың оқиғасы. Анасыда, әкесіде, әжесі бола білген асыл жанның кейіпін автор жақсы суреттеген. Жеті жасқа толған шағында әкесі дүниеден озады. Қанша жерден бала дегенмен, ең жақын адамының бұл күйі оған да әсер етіп, ақырындап алаңсыздық орнын мұн, әлдебір көмескі бақытсыздық сезімі жайлай бастады [9, 5]. Бұл үлкен қайғы әжесіне ауыр соғады. Қоғамның тылсым күштері әжені әлсіретіп жібереді. Анасы отыз төрт жасында төрт баламен жесір қалады. Сондағы қоғамдағы жесір тағдыры. Шығарма желісінде анасы қазіргі шынайы өмірдегі сияқты балаларын асырау үшін екі жерде жұмыс істеп күндерін көреді.

Автор шығармада әрбір әйел кейіпкерінің ішкі әлемін, әйелдің қоғамдағы орнын, оның қиындықтарға және қуаныштарға төтеп бере алатындығын, сондай-ақ нәзіктігімен және өзіндік жеңіл сарынмен сипаттаған. Автор шығармасында қоғамның ішіндегі нәзік жандыларға ерекше көңіл аударған. Психологиялық жай-күйін сипаттаса да, қоршаған ортаның әсерін, қоғамдағы әйелдерге қатысты стереотиптер мен қиындықтарды ашудың

тетігін таба білген. Шығарма кейіпкерлері өмір жолында әрқашан күрескер, өз жолын табуға тырысатын, бірақ сонымен бірге жан дүниесімен күресетін нәзік жандылар образын құрастырған. Және де әйел адамының бостандығын, құқықтарын қорғаудан бөлек, ана кейіпіндегі образдарды жақсы суреттеген. Мысалы «Қара қыз» әңгімесінде жас қыздың бейнесінің сомдалуы. Өмірдің түрлі қырларына төтеп бере алатындығы, төзімділігі баса назарда бейнеленген.

